

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Л.Б. Нысанбекова

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ



АЛМАТЫ ЖЕТІ ЖАРҒЫ



ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Л. Б. Нысанбекова

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

Негізгі институттар

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2006

ББК 67.412.2я 7

Н 90

Пікір жазғандар:

С.Ж.Айдарбаев – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Г.Б.Испаева – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Халықаралық жеке құқық пәні бойынша оқу құралы ҚазМЗУ АЗА-ның халықаралық құқық және халықаралық қатынастар кафедрасының мәжілісінде талқыланған (№ 9 хаттама 25 мамыр 2005 ж.) және факультет кеңесінде (№ 9 хаттама 27 мамыр 2005 ж.) мақұлданған.

Л. Б. Нысанбекова

Н 90 **Халықаралық жеке құқық. Негізгі институттар: Оқу құралы.** – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 168 бет.

ISBN№ 9965-629-42-0

Аталған оқу құралында халықаралық жеке құқық пәнінің мәселелері қарастырылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындары заң факультеттерінің оқытушыларына, студенттеріне, заңгерлерге, сондай-ақ, заң мәселелеріне қызығатын оқырмандарға арналған.

Н $\frac{1207010000-045}{419(05)-06}$ 31 – 06

ББК 67.412.2я7

ISBN 9965-629-42-0

© Л.Б.Нысанбекова, 2006

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2006

КІРІСПЕ

1999 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі қабылданып, күшіне енді. Бұл өз мәнінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нарықты қайта құру жылдарында қалыптасқан азаматтық заң шығарудың ірі біріктіруі болып табылады, қабылданған Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінің жетінші бөлімінің құрамына халықаралық жеке құқық туралы енгізілуі, оның ең маңызды ерекшелігі болып табылады.

Азаматтық кодекстің халықаралық жеке құқық туралы жетінші бөлімі бұрынғы 1991 жылғы Азаматтық заңнаманың Негізін ауыстырды.

Халықаралық жеке құқық – құқық салаларының ішінде ерекше саланың бірі болып табылады, өйткені ол бірнеше мемлекеттердің заңнамаларына сүйене отырып, пайда болған коллизиялық мәселені шешеді.

Халықаралық жеке құқықтың спецификалық ерекшелігі осы мемлекеттердің арасындағы, құқық жүйелерінің арасындағы айырмашылықты сақтай отырып, коллизиялық деп аталатын нормалардың көмегімен қай мемлекеттің құқығы тиісті жағдайларда қолданатындығын анықтауға бағытталған.

Халықаралық жеке құқықтың мақсаты – әр түрлі елдердің фирмалары мен ұйымдарының арасындағы іскерлік байланыстарды құқықтық реттеу болып табылады.

Халықаралық жеке құқықта шетелдіктердің жеке мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарынан басқа, ол еңбек, отбасы және өзге де қатынастарды реттейді. Осы аталған қатынастарға кепіл болу халықаралық жеке құқықта басты орынға қойылады. Халықаралық жеке құқық нормалары Қазақстандағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайын және біздің азаматтардың шетел мемлекетіндегі жағдайын анықтайды.

Автор осы оқулық құралды дайындағанда халықаралық жеке құқықтың барлық мәселесін қарастыруға тырысқан жоқ, тақырыптардың маңыздылығына, өзектілігіне қарай, кейбір мәселелерді ғана қарастырды. Осы аталған оқу пәні бойынша мемлекеттік тілдегі оқу құралы Қазақстанда шыққан алғашқы кітап болып есептелінеді.

1-т а р а у.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

§ 1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ АТАУЫ

Халықаралық жеке құқықтың дамуына бүгінгі күнгі факторлар өте тиімді әсер етуде.

Біріншіден, бұл шаруашылық өмірдің интернационалдандырудың объективті процесі осыған сай жан-жақты экономикалық қатынастардың жаңа деңгейін талап етуде. Бұл тұстағы айқын мысал ретінде еуропалық континенттік дамуды атауға болады. Шаруашылық өмірдің интернационалдандырудың ең жарқын көрінісі ретінде жан-жақты экономикалық және экономикалық-техникалық қауымдастықтың дамуын атауға болады. Егер де ХІХ-ХХ ғасырларда ол қатынастар тек саудамен ғана шектеліп отырған болса, ендігі ХХ-ХХІ ғасырларда бұл тек тауар мен қызмет алмасу ғана емес, өндірістік қауымдастық, оның құрамына бірлескен кәсіпорындар мен өндірістер, бірлескен зерттеулер мен ізденістерді жүргізулер кіреді.

Екіншіден, бұл жағдай — соғыстар мен түрлі сипаттағы қақтығыстарға байланысты, саяси және ұлттық себептерге қатысты, сонымен қатар жұмысқа орналасу мен білім алуға байланысты халықтың көшіп-қонуының (миграциясының) тез арада өсіп кетуіне байланысты болды.

Үшіншіден, ғылыми-техникалық прогресс бір жағынан, коммуникациядағы, көлік жетістіктері арқасында көптеген елдер өзара жақындасты, осының арқасында, жалпы, адамзаттық қарым-қатынас дамыды, телерадио құралдары, бейнетехника мен спутниктік құрылғыларды қолдануға байланысты ғылымда болып жатқан жетістіктер дүние жүзінде әр түрлі хабарларды тез арада таратып отыруға мүмкіндік берді; космосты игерудегі жетістіктер тағы бар, ал екінші жағынан ғылыми-техникалық прогресстің кертартпа тұстары, атап айтқанда, Чернобыль мен Ирактағы трагедиялар, қоршаған ортаның ластануы мен улануы бір ғана мемлекеттің шекарасымен шектеліп қана қоймайды.

Халықаралық жеке құқық үшін басты маңызды болып табылатын нәрсе — халықаралық қатынастар гуманизациялануы болып табылады. Барлық мемлекеттердің — халықаралық қатынас реттеуіне қатысушыларының назарында адам, оның жайкүйі, құқықтары мен бостандықтары болуы тиіс.

Мемлекеттердің өзара байланыстылығы әр түрлі салалардағы өзара ықпалдастық тұтастарынан да көрінеді.

Мемлекеттер арасындағы қауымдастық туралы мәселелерді шешу кезінде құқықтық және оның әдістері мен құрылымдарының орны ерекше болып келеді.

Халықаралық жеке құқықтың спецификалық ерекшелігі осы мемлекеттердің арасындағы, құқық жүйелерінің арасындағы айырмашылықты сақтай отырып, коллизиялық деп аталатын нормалардың көмегімен қай мемлекеттің құқығы тиісті жағдайларда қолданылатындығын анықтауға бағытталған.

Халықаралық жеке құқықтың мақсаты — әр түрлі елдердің фирмалары мен ұйымдарының арасындағы іскерлік байланыстарды құқықтық реттеу болып табылады.

Қатынастардың екінші бір тобы — шетелдік қатысушылар, яғни азаматтардың қатысуымен болады. Халықаралық құқықтағы сияқты халықаралық жеке құқыққа да жалпы қоғамдық мүдде мен жеке тұлғаның мүдделері толығымен ескерілуге жатады.

Халықаралық жеке құқықта шетелдіктердің жеке мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары туралы, олардың еңбек, отбасы және басқа салалардағы құқықтары туралы сөз болады. Осы аталған құқықтарға кепіл болу халықаралық жеке құқықта басты орынға қойылады, әсіресе, бұл аралас (шетелдің қатысуымен) некелерге, отбасылардың түрлі мемлекет азаматтарынан құрылуына байланысты болып табылады. Халықаралық жеке құқық нормалары Қазақстандағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайын және біздің азаматтардың шетел мемлекетіндегі жағдайын анықтайды.

Халықаралық жеке құқықтың реттеу пәні халықаралық өмірде пайда болатын азаматтық-құқықтық сипаттағы түрлі қатынастар болып табылады.

Халықаралық жеке құқық халықаралық жария құқықпен (не жалпы халықаралық құқықпен) тығыз байланысты. Халықаралық жеке құқық өзбетіндік, тәуелсіз құқық жүйесі болып табылады. Үстемдік етіп тұрған концепцияға (тұжырымдамаға) сүйенсек халықаралық жеке құқық болып табылады.

Халықаралық жария құқық пен халықаралық жеке құқықтың нормалары бір ғана мақсат үшін — әр түрлі саладағы халықаралық қауымдастықты дамытудың құқықтық алғышарттарын дайындау қызметін атқаруда. Бұл екеуінің арасындағы ортақ мүдде: — осы жердегі халықаралық қатынастар туралы ойлар бұл ұғымдардың кең мағынада, яғни екі немесе одан да көп мемлекеттердің қатысуымен болатын, бір мемлекет аумағынан тыс туындайтын қатынастар туралы болып отыр. Дегенмен, халықаралық жеке құқық жария құқықтық емес, жеке құқықтық қатынастарды реттейді. Бұл реттегі халықаралық дегеніміз шетел элементімен күрделендірілген қатынасты білдіріп тұрады.

Халықаралық жеке құқықтың халықаралық жария құқықтан ең бірінші айырмашылығы — олардың реттейтін қатынастарының мазмұнының әртүрлігінде. Халықаралық жария құқықта мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастар, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік, мемлекеттің егемендігі мәселелері, мемлекет ісіне араласпау, қарусыздану сияқты мәселелер қарастырылады. Халықаралық жария құқықта халықаралық сауда, экономикалық әрекеттесу сияқты сауалдардың кең етек алуы халықаралық экономикалық құқықтың туындауына әкеліп соқтырады. Дегенмен, олармен реттелетін қатынастар азаматтық-құқықтық емес, мемлекетаралық сипатқа ие болып табылады. Ал халықаралық жеке құқыққа келер болсақ, оның реттеу аясы халықаралық қатынастағы нақ осы жеке құқық саласында көрініс табады. Бұл ең біріншіден, мүліктік қатынастар (мәселен, авторлық пен патенттік құқық саласында), яғни бұлар халықаралық жеке құқықтың реттеу аясына жататын қатынастар болып табылады.

Халықаралық жария құқықтан халықаралық жеке құқық тек өзінің реттеу пәнімен ғана емес, сол қатынастардың субъектілерінен де ерекшеленеді. Мемлекеттер халықаралық жария құқықтың негізгі субъектілері болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар мен өз тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші ұлттарды да осы топқа жатқызады. Ал халықаралық жеке құқықта қатысушылар мемлекет қана емес (бірақ оның қатысуы да жоққа шығарылмайды), ең басты қатысушылар жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар болып табылады. Жеке тұлғалар — бұл азаматтар, ал заңды тұлғалар — бұл мемлекеттік ұйымдар, жеке фирмалар, өндірістер, ғылыми зерттеу және басқа да ұйымдар.

Ендігі жерде халықаралық жеке құқықты халықаралық жария құқықтан ерекшелейтін үшінші белгісін атап өтуге болады. Халықаралық шарт халықаралық жария құқықта қатынастарды реттеудің негізгі қайнар көзі болып табылады. Халықаралық жеке құқықта да халықаралық шарттардың алатын орны ерекше, бірақ олардың ережелері кейбір мемлекеттердің заңнамаларына сіңірілсе де, сіңірілмесе де қолданыла береді, ал кейбір мемлекеттерде ол шарт тек мемлекет санкциясын алған уақытта ғана қолданысқа ұшырайды.

Халықаралық жеке құқықта маңызды орынды (бұл халықаралық жария құқыққа барынша тән қасиет) таза ішкі сипаттағы заңнама, сот және арбитраж тәжірибесі алады.

Енді, халықаралық жеке құқықтың мәнін анықтағаннан кейін, оны құқықтық тұрғыдан алғандағы түсінігіне байланысты пікірлерді қарастырған жөн.

Кеңестік дәуірде осы ғылымның дамуының алдында тұрған сұрақтардың бірі халықаралық жеке құқық деген түсінікке байланысты болып табылған. Жалпы жағдайларда, лениндік түсінік — біз ешқандай жекелікті танымаймыз, бізде бәрі ортақ, сондықтан да, жария құқықтық деген түсінік қолданылуы керек деген де болды. Дегенмен де осы жеке құқық деген сөздің өзі тұтастай алғанда осы ғылымның ішкі мәнін және оның мазмұнын айқындап тұр, өйткені бұл сонау ерте римдік дәуірдегі құқықтарды жеке және жария деп бөлуді ары қарай дамытып отыр. Бұны Ульпиниан қалыптастырған болатын, оның айтуынша жария құқық мемлекеттің жағдайына байланысты, ал жеке құқық — жеке тұлғалардың құқықтарына байланысты болып табылады. Халықаралық жеке құқықтағы халықаралық деген түсінік қазіргі кездің өзіне дейін даусыз болып келеді. Бірақ көптеген авторлардың пікірі бойынша халықаралық жеке құқық барынша ішкі құқықпен тығыз байланыста бола отырып, құқық саласы ретінде танылады және ұлттық құқық жүйесінің бөлігі болып табылады. Ал енді ең соңғы авторлардың қатары құқық деген сөзге өздерінің қарсылығын білдірді, себебі олардың пікірі бойынша халықаралық жеке құқық ол реттеуші функцияны емес, тек қана сілтемелік функцияны атқарушы болып табылады және мұндағы басты орынға коллизиялық ережелер ие деп тұжырымдады.

Сонымен қатар, осы халықаралық жеке құқық деген түсінікке өзгертулер енгізуге байланысты жұмыстар одан әрі жалғас-

ты. В.М. Корецкий өзінің «Очерки международного частного права» деген кітабында осы пәнді қамтиды деген 50-ден астам пәннің атауын ұсынады. Олардың қатарына келесі пәндерді жатқызуға болады: 1) халықаралық азаматтық құқық; 2) халықаралық шаруашылық құқық; 3) жеке құқықтық қатынастардың халықаралық режимі; 4) халықаралық жеке құқық; 5) шетелдік құқықты қолдану; 6) халықаралық құқық қағидаларына сәйкес түрлі мемлекеттердің заңдарын қолдану; 7) мемлекеттердің аумағынан тыс жерлерде құқықты тану; 8) құқықты тану; 9) шетелдіктердің жалпы жеке құқықтары; 10) бөлектейтін құқық; 11) жеке құқық саласындағы құқық конфликтілерінің теориясы; 12) құқық конфликтісі т. б.

Халықаралық жеке құқықтың мазмұнына аталған атаулардың қайсысы көбірек келетіндігін біз төменде көрсетілген бөлімдерден білетін боламыз, ал қазір біз халықаралық жеке құқық деген сөзді қолданған барынша дұрыс екендігін айта аламыз.

§ 2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘНІ

Біздің отандық ілім халықаралық азаматтық-құқықтық, шетелдермен отбасылық, еңбек немесе халықаралық қатынастарды реттейді деген көзқарасты ұстанады. Осылайша, халықаралық жеке құқық дегенде кең ауқымды бір мемлекеттің аумағында ғана орын алмайтын азаматтық-құқықтық қатынастар туралы айтуға болады, қайсыбір мемлекет азаматтары арасындағы мүліктік және оларға байланысты емес жеке мүліктік емес қатынастарды айтпастан бұрын, бұл мемлекеттер арасындағы сыртқы саяси қатынастарды да қозғап өту керек.

Ең біріншіден, мүліктік қатынастағы халықаралық құқық шетелдік элементке ие екендігі туралы айтылуы керек. Осындай шетелдік элемент бар мүліктік қатынастардың негізгі деген үш тобын бөліп қарастыруға болады:

1. Шетелдік болып табылатын субъектінің қатысуымен болатын мүліктік қатынастар. Бұл шет мемлекеттің азаматы, шет мемлекеттің заңды тұлғасы немесе тіптен, шетелдік мемлекеттің өзі де болуы мүмкін. Мәселен, қазақстандық өнеркәсіп орны ағылшындық фирмамен тауар партиясын сату туралы шарт жасайды. Мұндай жағдайда шетелдік элемент болып ағылшындық фирма табылады.

2. Субъектілердің барлығы бір мемлекетке тиесілі мүлдітік қатынастар (мәселен, мұрагерлік мүлік) тиісті қатынастар пайда болатын объект шетел аумағында болатын болса.

3. Занды фактімен пайда болуы не тоқтатылуы тығыз байланысты мүлдітік қатынастар (зиян келтіру, шарт жасау, өлім т.б.).

Отандық ілім халықаралық жеке құқық, сонымен қатар, халықаралық азаматтық іс жүргізу мәселелерін де қарастырды. Мұның астарында, азаматтық істе шетелдік элементтің болуы әлдебір процессуалдық салдар туғызады деген пікір туғызады.

Халықаралық жеке құқықтың тарихи негізін коллизиялық нормалар құраған. Шетелдік элементі бар азаматтық құқықтық қатынастарды реттеудің басты ерекшелігі — көп жағдайда халықаралық жеке құқық мәселелерін шешуде тікелей ереже және қолданылатын ереже жоқ. Бұл ережелер тек қай заңнама қолданылуы керек екендігі туралы мензейді. Мұндай сипаттағы ережелер коллизиялық деп аталады.

Заң тұрғысынан алғанда коллизиялық нормалар халықаралық жеке құқық құрамына кіретін аса күрделі нормаларды білдіреді. Мемлекеттер қолданатын осындай нормалардың жиынтығы коллизиялық құқықты құрайды. Коллизиялық құқық халықаралық жеке құқықтың аса күрделі және аса маңызды бөлігін құрайды, бірақ коллизиялық сауалдар мен халықаралық жеке құқық мазмұны толығымен ашылмайды.

Халықаралық жеке құқық аясына шетел элементі бар халықаралық азаматтық құқықты реттейтін барлық нормаларды енгізген жөн. Бұл ретте мемлекеттердің арасындағы құқық емес, олардың арасында орнайтын қатынас басты мәнге ие болуы тиіс. Осындай түсініктен кейін халықаралық жеке құқық құрамына халықаралық қатынастар көмегімен унификациялауға көп мән берген жөн. Шаруашылық өмірдің интернационалдануы сауда, көлік және басқа салалардағы материалдық құқықтардың унификациялануына алып келуде.

Халықаралық жеке құқықтың қолданылар кеңістігі мен оның мазмұны туралы сұрақтар құқықтық доктринада қолданыла бермейді. Шетелдік теория мен тәжірибеде белгілі бір дәрежедегі ортақ түсінік қалыптасты, яғни шетелдіктердің статусының сауалы халықаралық жеке құқыққа бағытталған. Сонымен қатар, осы тұста да бірқатар нюанстар бар. Мәселен, Францияда шетелдіктердің құқықтық жағдайы ешқандай сауалдарсыз ха-

лықаралық жеке құқықтың реттеуіне енгізіледі, ал Англияда, Уэльсте және Нидерланта бұл халықаралық жеке құқықтың көрінісі деп танылады. Бірқатар жағдайларда халықаралық жеке құқықтың аясы туралы доктриналық көзқарастар халықаралық жеке құқық туралы заңнамада өз бекімін тапқан. Мәселен, Венгрияның халықаралық жеке құқық туралы Заңында оның әсер ететін аясы белгіленген: бұл заң бейбітшілік кезіндегі шетел мемлекетімен осы мемлекеттің арасындағы азаматтық, отбасылық, еңбек қатынастарын реттейді деп көрсетеді. Ағылшындық, американдық, голландық ғалымдардың еңбектерінде халықаралық жеке құқықты реттеуге коллизиялық нормалар жатқызылады. Бұл реттегі сұрақтардың барлығы көбіне соттылыққа байланысты болып келеді, яғни белгілі бір даулы қатынастарды реттеуде қай мемлекеттің соты басым рөлді алу керек деген сауалдар, осыған байланысты қай елдің құқығы қолданылатындығы туралы мәселе шешіледі.

Шетелдіктердің құқықтық жағдайын халықаралық жеке құқық мәселелерінің қатарына жатқызу Франция мен оның бұрынғы отарларына тән болып табылады. Сонымен қатар назар аударатын бір мәселе, Францияның халықаралық жеке құқығында шетелдік азаматтың Франция азаматтығын алуы, оның аумаққа енуі, оның азаматтық және саудадағы мәртебесі сияқты мәселелер басым орынды иеленеді. Француздық құқықтық доктриналарда халықаралық жеке құқыққа қатысты көзқарас кездеседі, оған сәйкес халықаралық жеке құқық халықаралық қатынасқа енуші субъектінің құқықтық жағдайын анықтаушы болып табылады.

Халықаралық жеке құқықты зерттеумен айналысатын ғалымдардың айтуы бойынша оның реттеу аясына, сонымен қатар азаматтық сауалын, олардың статусына, жария тәртіпке байланысты мәселелерді де енгізуі керек. Бірақ 1940-жылдардың басынан бастап, күні бүгінге дейін халықаралық жеке құқықты іс жүргізу құқығымен байланыстыру сауалы ашық түрде қалып отыр.

Жоғарыдағы даулардың тиісті шешімін тапқанша халықаралық жеке құқықтың жалпы танылған және мойындалған пәнін анықтау мүмкін емес. Осы пәннің жүйесіне байланысты даулардың шексіз жалғасуы халықаралық жеке құқықтың құқықтық табиғатын және оның реттелу әдістерін, оның жүйесіне бай-

ланысты сұрақтарды шешуге мүмкіндік бермейді, өйткені құқықтың осындай сипаттаушы белгілері құқықтың реттеу пәніне тәуелді болып табылады.

Ең біріншіден айтарымыз, халықаралық жеке құқық реттейтін қатынастардың бір тобын бөліп алу үшін оның тек халықаралық қатынастарды реттейтіндігін атап өту керек. Халықаралық қатынастар күрделі кешенді құбылыс болып табылады. Бірінші кезекте мемлекетаралық қатынастарды ажыратып алған жөн (мұның ішінде мемлекеттен келіп шығатын субъектілерді де міндетті түрде қосамыз). Бұл қатынастардың тобының ерекшелейтін белгісі болып олардың субъектілері — мемлекеттерге тиесілі — егемендік болып табылады. Нақ осы егемендік арасындағы мемлекетаралық қатынастарды белгілейді. Мемлекетаралық қатынастар халықаралық жария құқықтың реттеу пәні болып табылады.

Мемлекетаралық қатынастар мен көбіне олардың субъектілері азаматтар мен ұйымдар (занды тұлғалар) арасындағы қатынастар байланысты болып келеді. Мысалы, Қазақстан шетелдік мемлекетпен сауда және экономикалық әріптестік туралы шартқа отырады. Бұл халықаралық құқықтың реттеу пәні болып табылады. Аталған жағдай мемлекеттер арасында жасалатын шарттардың негізінде айқындалады. Бұл қатынастардан басқа сол мемлекеттердің жекелеген ұйымдары мен азаматтарының арасында да сауда, экономика мен коммерциялық қатынастар орнығып қалуы мүмкін. Бұл тұста, жоғарыда аталған мемлекетаралық шарттар оларды реттеуде әлсіз болып қалады. Сондықтан да халықаралық қатынастарда жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың қатысуы ерекше бір спецификалық қатынастарды тудырады.

Халықаралық жеке құқықтың аясында азаматтық құқық: азаматтардың құқықтық қабілеттілігі, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың меншік құқықтары, сыртқы экономикалық мәмілелерден туындайтын қатынастарды реттеу жолдары сияқты өзінің күрделілігі бойынша — бұл азаматтық-құқықтық қатынастар, яғни әрбір мемлекеттің өзінің аумағында азаматтық құқықпен реттелетін қатынастар. Құқықтық білім — азаматтық құқық пәніне азаматтар мен заңды тұлғалардың арасындағы жеке мүліктік және мүліктік емес қатынастар жатқызылатындығы мәлім.

Дегенмен, халықаралық жеке құқық пен азаматтық құқықтардың реттеу пәндерінің бірдей немесе ұқсас болуы олардың пән ретінде ұқсастығын білдірмейді. Халықаралық жеке құқық стандартты мүліктік қатынастарды емес, тек қана халықаралық қатынастардан туындайтын қатынастарды реттейді. Мәселен, екі қазақстандық фирма арасында жасалған шарт азаматтық құқықпен реттелуге жатады, ал егер сол шартқа отырушы мемлекет шетел мемлекеті болса, бұл халықаралық жеке құқықтың нормаларымен реттелуге жатады.

Осыдан шығатын қорытындыны таразылай отырып, халықаралық жеке құқықтың қоғамдық қатынастарының екі белгісін шығарып алуға болады. Олар: біріншіден, халықаралық; екіншіден, азаматтық — құқықтық болып табылады¹.

Тек қана осы екі белгінің бір кезде кездесуі ғана қоғамдық қатынастардың құрамынан халықаралық жеке құқықтың пәні болып табылатын қатынастарды бөліп қарастыруға жол ашады. Мысалы, Қазақстан азаматының өлімінен кейін оның Қазақстандағы аманаты ашылады және оған сәйкес мұрагерлері анықталады. Бұл тұста азаматтық-құқықтық қатынастар туындайды. Егер осы мұра басқа бір мемлекет аумағында ашылса немесе мұрагерлер шетелдік азаматтар болып шықса, онда бұл халықаралық жеке құқықтың көмегіне жүгінетін қатынас болып шыға келеді.

Сәйкесінше, қазақстандық ішкі қатынастар азаматтық құқықпен реттеледі де, олардың біразы халықаралық сипатқа ие болатын болса, халықаралық жеке құқықтың реттеу пәніне кіреді.

Осыдан келіп, халықаралық жеке құқықтың пәні болып халықаралық азаматтық құқықтық қатынастар табылады деп жауап беруге болады.

Осыдан келіп азаматтық деген қатынастардан бөлек отбасылық, еңбек қатынастары осы халықаралық жеке құқықтың реттеу объектісіне жатады ма, әлде жоқ па деген заңды сұрақтар туындай бастайды.

Халықаралық жеке құқықтың пәнін құрайтын тағы бір қатынастардың белгілері бар. Бұл жеке адамдар мен заңды тұлға-

¹ Ануфриева П. К. Международное частное право: В 2 т. М.: БЕК, 2000. I том.

лардың арасында жасалатын қатынастар. Дегенмен, бұл принцип өзбетіндік сипатқа ие емес, өйткені олардың барлығы жеке құқықтық табиғаттан келіп шығады.

§ 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ РЕТІНДЕГІ МӘНІ

Халықаралық жеке құқықты құқықтың бір саласы ретінде басқа саладан айыра білу қажет.

Құқық жүйесіне байланысты бірқатар мәселелерді айтсақ, халықаралық жеке құқық басқа құқық салаларымен, атап айтқанда, азаматтық құқықпен ұқсас болып келеді. Жалпы бөлімде, халықаралық жеке құқықтың принциптері мен негізгі бастама-ларына байланысты жалпы ережелер де шоғырланған. Бұлардың қатарына коллизиялық ережелердің қызмет етуі, шетелдік құқықты қолдануды шектеу мәселелері, сыртқы мәселелер мен ішкі заңнаманың арақатынасы, шетел азаматтары мен заңды тұлғаларына ерекше құқықтық режимді белгілеу сияқты ережелерді жатқызуға болады.

Халықаралық жеке құқықтың ерекше бөлімі, әдеттегідей, негізгі институттардан тұрады: азаматтардың азаматтық құқықтық жағдайлары, мемлекеттердің ерекше құқықтық қатынасқа түсуші ретіндегі ерекшеліктері, меншік құқығы, мәмілелер, түрлі сипаттағы шарттар, зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер, интеллектуалдық меншік құқығымен байланысты нормалар, мұрагерлік, отбасы-некелік, сонымен қатар, еңбектік қатынастар. Халықаралық жеке құқық жүйесінде халықаралық арбитраж туралы мәселе ерекше бөліп қарастырылады. Оны халықаралық жеке құқықтың құқықтық саласына енгізу бірқатар қиындықтар туғызады. Бұл тұрғыда көбіне айтылатыны халықаралық арбитраж халықаралық жеке құқықтың аясында қалып қоймай, сонымен қатар халықаралық процестің сұрағы болып табылады.

Дегенмен, халықаралық коммерциялық арбитражды халықаралық жеке құқықтың аясына жатқызған кезде оның мақсаты мен қолданылуын еске алсақ жетерліктей болатын сияқты.

Оны азаматтық процеске қосудың қажеттігі жоқ, себебі ұлттық құқықтың бұл саласы сот мекемелерінің қызметін реттейді, ал арбитраж болса, қоғамдық аралық соттарды білдіреді.

Осыған орай, халықаралық процесті халықаралық жеке құқықтың құрамына енгізген дұрыс па деген сұрақ туындайды. Құқық ғылымында бұл тұрғыда біркелкі ойдың жоқ екендігін айта кетейік. Бұл жердегі басты мәселе — шетелдік элемент материалдық құқықтық салдармен қатар процессуалдық құқықтық салдар туғызуы мүмкін бе деген сұраққа жауаптың табылмауы.

§ 4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Халықаралық жеке құқықтың түсінігі мен мәнін айқындап болғанан кейін біз тағы бір сұрақты қарастыруымыз қажет. Бұл сұрақ бізге халықаралық жеке құқықты құқық саласы ретінде айқындап, оның құқық жүйесінде алатын орны қандай деген сұраққа жауап береді.

Аталған сұраққа жауап беру халықаралық құқықтың түсінігімен және оның құқықтық табиғатымен терең байланыста болып келеді, сондықтан да біз бұл тұрғыда да ғалымдардың ойларының көп ұшқырлығымен кездесеміз. Олар:

- 1) халықаралық жеке құқық кең ауқымда алғанда халықаралық құқыққа жатады;
- 2) халықаралық жеке құқық мемлекеттің ішкі заңнамасының құрамына кіреді;
- 3) халықаралық жеке құқық бұл құқықтың кешенді саласы болып табылады, яғни ішінара халықаралық жария құқыққа және жеке құқыққа — мемлекеттің ішкі заңнамасына қатысты болып келеді.

Осы аталғандардың барлығының шеңберінде өздеріне тән айырмашылықтары бар.

Біздің көзқарасымыз бойынша осы тұста бірқатар қорытындыларды жасауға болады:

— халықаралық құқықтың халықаралық жария құқықпен тығыз байланысты екендігі даусыз, бірақ бұл тұста ол жеке құқықпен — мемлекеттің ішкі заңнамасымен де тығыз байланыста болып табылады;

— халықаралық жеке құқықтың халықаралық құқықпен тығыз байланыста болуына қарамастан, ол ішкі құқық жүйесіне кіреді. Бұл құқықтық реттеу пәнінен — жеке құқықтық қатынастардың мазмұнынан келіп шығады. Бұл қатынастар барлық кезде мемлекеттің бастамасында (әрине бұл тұста мемлекеттің заңының астарында деген сөз) болып табылатын субъектілер —

жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың арасында болғандықтан жеке құқықтық реттеуге көп ұшырайды. Халықаралық құқықтық реттеу жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың арасындағы жеке қатынастарды реттеуге бағытталмағандығын білеміз;

— ішкі құқық жүйесінде азаматтық (отбасылық және еңбек) құқықтың бір бөлігі болып табылмайды. Ол осы жүйеде өзбетіндік орынға ие болып табылады, өйткені оның өзіне тән реттеу әдісі мен өзіндік пәні бар болып табылады;

— бұл құқықтың аты халықаралық жеке құқық деген сөзбен байланысты болғанмен, ұлттық-құқықтық табиғатқа ие болып табылады. Халықаралық жария құқықтан айырмашылығын атап айтар болсақ, халықаралық жария құқық барлық мемлекеттерге тән құқықтың аясында өмір сүретін болса, халықаралық жеке құқық бұл жекелеген мемлекеттердің құқықтық жүйесінде өмір сүреді. Мысалы, қазақстандық халықаралық жеке құқық, ресейлік халықаралық жеке құқық, украиндық халықаралық жеке құқық т.б.

— жоғарыда аталғандардың негізінде халықаралық жеке құқыққа анықтама беруге болады. **Халықаралық жеке құқық — бұл шетел элементімен күрделендірілген, жеке құқықтық қатынастарды реттейтін, мемлекеттің унификацияланған жеке құқықтық және коллизиялық құқықтық нормаларының жүйесі болып табылады.**

Әрине, халықаралық жеке құқықта мемлекеттің өзінің ұлттық құқығының болуы басқа мемлекеттердің қатысуының жоқтығын білдірмейді. Бізге белгілі болғандай, кез келген мемлекеттің құқықтық жүйесінде ұқсас ережелер мен нормалар кездесіп жатады. Бұл түсінікті де, дегенмен, құқық бұл мемлекеттің ішкі юрисдикциясы бола тұрғанымен, құқық жүйесінде де құқықтардың бір-біріне әсер етуі болып тұрады. Әсіресе, мұндай екі жақты әсер етулер халықаралық жеке құқықта көп кездесіп жатады, өйткені, ол өзінің құқықтық табиғаты бойынша халықаралық қатынастарда жатқан қатынастарды реттеуші.

Халықаралық жеке құқықты зерттеген кезде салыстырмалы құқықтану көп маңызға ие болып табылады. Салыстыру дегеніміз — бұл түрлі мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі институттарды бір-біріне сәйкестендіру болып табылады. Бұл тәжірибенің қажеттіліктеріне жауап береді. Мысалы, шетелдік

тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлікпен айналысуларының құқықтық негіздері туралы мәселені зерттеген кезде біз сол мемлекеттің құқығына жүгінугізге тура келіп отырады, өйткені бұл негіздер сол мемлекеттің тиісті заңнамасында реттелген болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Богуславский М. М.* Международное частное право. М., 1999.
2. *Ануфриева П. К.* Международное частное право: В 2 т. М.: Бек, 2000.
3. *Луниц Л. А., Марышева Н. И., Садиков О. Н.* Международное частное право. М., 1984.

2-т а р а у.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕ

§ 1. КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Халықаралық жеке құқықты реттейтін шетел элементі бар қарым-қатынастарда кейбір кездерде коллизиялық мәселелер туындайды. Бұл мәселеде қалыптастығы екі заңның қайсысын қолдану керек екені туралы сұрақты шешу керек. Коллизиялық мәселе — бұл белгілі бір құқықтық қатынастағы қай елдің заңын қолдану керек екені туралы мәселе. Бұл мәселе халықаралық жеке құқыққа тән ерекшелік болып табылады. Халықаралық жеке құқықта коллизиялық мәселе және оны шешу осы құқық саласының негізгі мазмұнын құрайды. Халықаралық жеке құқықтың өзіне тән реттеу тәсілдері мен әдістері бар. Азаматтық қарым-қатынастарға қатысушылар арасында коллизиялық мәселелер туындайды. Мұндай проблемалардың мазмұнында қандай құқық қолдану керек екені туралы мәселе шешіледі, яғни қай мемлекеттің заңын қолдану керектігі мәселесі шешіледі.

Бұл мәселелер белгілі бір коллизиялық ережелер қолдану арқылы шешілуі мүмкін. «Коллизия» (латын сөзінен «collisio») — ол қалыптасы немесе қайшылық деген мағынаны білдіреді. Заңдардың коллизиясы деп айтқанда, әр түрлі мемлекеттер арасындағы құқықты таңдау қажеттігін айтады. Құқық коллизиясының екі себебі бар:

— жеке құқықтық қатынаста шетел элементінің болуы;

— қатынасқа байланысты әр түрлі мемлекет құқығының мазмұндарының ерекшелігі.

Коллизиялық ереже белгілі бір мемлекетте немесе белгілі жағдайда қай мемлекеттің құқығын қолдану керектігін көрсетеді. Коллизиялық ереженің қажеттілігі, біріншіден мына мәселеге байланысты: мемлекеттердің құқықтық жүйелері бір-біріне ұқсамауы. Бірақ тәжірибе жүзінде қолданылатын құқық мәселесі құқық қолданушыда белгілі бір қиындықтар туғызады, себебі тек қана қандай коллизиялық ереже қолдануды, қай мемлекет құқығына сілтеме жасауды, сонымен қатар, шетел құқығы тандалған жағдайда, істі шетел мемлекетінің заңдарына сәйкес шешіп алу қажет.

Коллизиялық ереженің мақсаты — бәсекелестіктегі екі не одан да көп құқықтық жүйе арасындағы коллизияны шешу және шетел элементі бар қатынастарды белгілі бір құқық тәртібіне бағындыру болып табылады. Бірақ, коллизиялық ереже мәселені мәні бойынша өзі шеше алмайды, ол тек тиісті міндетті қарастыратын материалдық ережеге сілтеме жасайды. Осы тәртіп негізінде мәселе шешіледі. Осыдан коллизиялық ереженің заң әдебиеттерінде «даулы», «сілтемелік» деген анықтамалармен неге қолданылуын байқауға болады.

Сілтеме жасалған материалдық құқықтық ережемен бірге коллизиялық ереже азаматтық айналым қатысушыларына жүріс-тұрыс ережесін анықтайды. Халықаралық жеке құқық құрамында коллизиялық және материалдық құқықтық ереженің қосылуы, сипаты бойынша біртекті қарым-қатынастарды екі түрлі әдіспен реттеу қажеттілігі негізделеді. Халықаралық келісімдердегі материалдық құқықтық ережемен бірге халықаралық жеке құқық ішіне ішкі заңнамадағы материалдық құқықтық ережелер кіреді. Олар шетел элементі бар азаматтық қатынастарды реттеу үшін арнайы белгіленген. Бұл нормаларға жататындар: сыртқы экономикалық қызметті реттейтін ереже, инвестициялар режиміне қатысты ережелер, Қазақстан азаматтарының шетелдегі мәртебесін анықтайтын ережелер, Қазақстан Республикасында азаматтық, неке және еңбек пен іс жүргізу құқығы аясында шетел азаматтары мен ұйымдардың құқықтық жағдайын анықтайтын ережелер.

Коллизиялық ережеге заңды-техникалық түрғыдан назар аударсақ — бұл халықаралық жеке құқықтағы қолданылатын ең

киын ережелер деп айтуға болады. Бұл мәселе коллизиялық ереженің мазмұнын анықтаудағы белгілі бір ережелерді қарастыруды талап етеді. Бұл ережелер коллизиялық нормаларды тәжірибеде қолдану мәселесін шешуіне көмек көрсетеді.

§ 2. КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Коллизиялық ереже халықаралық жеке құқықта қолданылатын күрделі ереже болып табылады. Оның жағдайын түсіну үшін, бірқатар өзіне тән ерекшеліктері бар коллизиялық ереженің құрылымын қарастыру қажет. Коллизиялық ереженің ерекше табиғаты олардың құрылымының және оны қолданудың ерекшеліктерін алдын ала айқындайды.

Әрбір коллизиялық ереже басқа жай құқық ережелерге қарағанда екі бөлімнен тұрады. Коллизиялық ереженің екі элементтен құрылуы екі бөліктен құрылатын гипотеза және диспозиция немесе гипотеза және санкция жалпы ереженің құрылымына сәйкес келеді. Құқық теориясында әдеттегі үш элементтік құрылым (гипотеза, диспозиция, санкция) тек әрекет ететін құқықты логикалық тұрғыдан талдау арқылы құрылатын логикалық ережені сипаттайды. Ал нормативтік актінің мәтінінде көрініс тапқан, шын мәнінде, нақты құқықтық ереженің екі элементтік құрылымы болады (гипотеза, санкция).

Сонымен, коллизиялық ереженің құрылымын қарастырайық. Оның бірінші бөлігі коллизиялық ереженің көлемі болып табылады, ол коллизиялық ереженің қандай құқық қатынасында қолданылатыны туралы анықтайды. Мысалы: меншік құқығы, отбасы құқығы.

Коллизиялық ереженің екінші бөлігі коллизиялық байлам (қағидат, бекіту формуласы) деп аталады. Байлам — бұл тиісті қарым-қатынаста қолданылатын заңға не құқықтық жүйеге нұсқау, яғни қай елдің заңын қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Коллизиялық ережелерде кездесетін байламдардың келесі түрлері бар:

Lex loci contractus — бұл коллизиялық байлам шарт қай елде бекітілгенін анықтау керек кезде пайда болады. Бұл байлам бойынша, шартқа қай мемлекетте қол қойылса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық мәміле бойынша шартқа қол қойған жақтардың құқықтары мен міндеттері қол қойыл-

ған жердің заңнамасымен анықталады. Бірақ заң бойынша жақтарға заңды тандау еркіндігі берілген.

Lex societatis — бұл заңды тұлғаның ұлтына байланысты байлам. Бұл байлам, егер заңды тұлға бір елде тіркелген болып, екінші мемлекетте жұмыс істеп, ал оның бас органы үшінші мемлекетте қызмет жасаса, сонда оның ұлтын анықтау қажет. Сонымен, заңды тұлғаның ұлтын анықтау үшін осы төрт ілімге, қағидатқа сүйенеміз:

1) инкорпорация немесе тіркеу қағидаты — заңды тұлға қай мемлекетте тіркелсе, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады;

2) отырықшылық қағидаты — заңды тұлғаның бас органы қай мемлекетте орналасса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады;

3) қызмет ету қағидаты — заңды тұлға қай мемлекетте нақты жұмыс істесе, сол мемлекеттің заңы қолданылады;

4) бақылау теориясы — бір мемлекетте орналасқан кәсіпорынның құрылтайшысы қай мемлекеттің тұлғасы болса, сол мемлекеттің заңын негіз ретінде алады.

Lex voluntatis — бұл байлам бойынша шарт жақтары, өз еріктері бойынша бір мемлекеттің заңнамасын таңдауға құқылы. Тараптар қай мемлекеттің заңын немесе қай конвенцияны қолданатын шартта нақты көрсету керек.

Lex venditoris — бұл байлам бойынша сатушы тұратын мемлекеттің заңын қолдануды қарастырады. Бұл байлам сыртқы экономикалық мәмілелеріне тән.

Lex rei sitae — бұл коллизиялық қағидат меншік құқық саласында қолданылады. Бұл ереже бір мемлекетте, белгілі бір затқа меншік құқығын анықтауда көмек көрсетеді. Қазақстанның заңнамасында мүлік қай мемлекетте орналасса, сол мемлекеттің заңнамасымен меншік құқығы анықталады. Бірақ егер мүлік мұра ретінде қарастырылса, онда мұрагердің соңғы тұрғылықты жерінің заңнамасымен реттеледі.

Lex loci delictii commissii — бұл коллизиялық байлам құқық бұзушылық жасалған жердің заңнамасына байланысты. Яғни, сот қай мемлекетте зиян келтірілген болса, онда сол мемлекеттің заңнамасымен істі қарастырады.

Lex fori — сот заңы, яғни дау қай мемлекетте қарастырылса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады. Бұл қағидатқа сәйкес сот қатынастағы шетел элементіне қарамастан, өз елінің заңнамасын қолданады.

Lex personalis – жеке тұлғаға байланысты ереже. Оның өзі екі түрде қарастырылады:

1) Lex patriae – азаматтыққа байланысты заң;

2) Lex domicilii – тұлғаның тұрақты тұру жеріне байланысты заң.

Lex loci celebrationis – бұл байлам отбасы құқығында қолданылады, яғни қай мемлекетте неке қиылды сол мемлекеттің заңы қолданылады.

Жоғарыда аталған байлам формулалары сәйкес қарым-қатынастардың қолдануға жататын мемлекет құқығымен заңды немесе фактілі түрде байланысын ескереді. Тәжірибеде шетел элементімен шиеленіскен қарым – қатынасты ұлттық құқық ережелеріне бағындыру мысалдары кездеседі. Бұл ұлттық заңның қолдану шектерін кеңейту, өзінің заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау мен қызметін жеңілдетуге тырысуымен түсіндіріледі.

Коллизиялық ережеде байлам өз бетінше болуы мүмкін емес және ол көп жағдайда көлемге байланысты болады. Бұл элементтер арасында белгілі бір байланыстар болады, ол қай елмен қатынас тығыз байланысты, сол елдің құқығына сілтеме жасайтын коллизиялық формулаға сілтеме жасаудың мақсаттылығын танудың кең өріс алуынан байқаймыз.

Коллизиялық байламдар қатарына кейбір жағдайда қатынас тараптарымен таңдалған елдің құқығына бағынатын ерік автономиясын жатқызады. Бірақ бұндай бір жағынан ұқсас, екінші жағынан әр түрлі құқық институттарын теңестіру дұрыс емес болып табылады. «Ерік автономиясы» кейбір ғалымдардың айтуы бойынша (мысалы Л. П. Ануфриева) коллизиялық байламдардың түрі болып саналмайды, ол қолданудың өзіне тән ерекшеліктері бар, кең мағынаға ие қолдану шарттары басқаша болатын, халықаралық жеке құқықтағы дербес құқықтық институт болып табылады. «Ерік автономиясы» – бұл коллизиялық байламдарды анықтау және оны тіркеу тәсілінің құқықтық алғышарты болып табылады.

Қазіргі халықаралық жеке құқықта коллизиялық нормалар көп түрлі және көп санды болып табылады. Оларды түрлерге бөлудің критерийлері көп. Бұл ерекшеліктер, халықаралық байланыстар кезінде пайда болатын қатынастар топтардың ерекшеліктерін айқындайды және осы нормалардың тәжірибеде қолдану кезінде зор маңызға ие.

Ең біріншіден, халықаралық-құқықтық унификацияға бағытталған, ұлттық заңдармен бекітілген және халықаралық шарттармен көзделген коллизиялық нормаларды айыра білу қажет. Олардың арасындағы айырмашылықтар олардың әрекет ету аясымен және оларды қолдану тәртібінен байқалады. Халықаралық шарттармен бекітілген коллизиялық ереженің әрекет ету аясы, бұл шарттар қатысушылардың барлығының қолдануына байланысты кең болады. Ал құқық қолданушы органдардың және құқық қолданушы тәжірибенің ерекшеліктері екеуінің арасындағы айырмашылықты одан әрі нығайта түседі. Бірақ, ішкі заң ережелері мен халықаралық-құқықтық шарт ережелерінің болуы қайнар көздердің, яғни осыдан туындайтын тұжырым халықаралық жеке құқық ережелерінде де, екі жақтылық сипатына алып келмейді, себебі бұл ішкі заң пайдасына, халықаралық құқықтық шарт ережелерін басшылыққа алмауға алып келеді. Көп жағдайда мемлекет өзі дербес коллизиялық ереже массивін қалыптастырады. Бірақ, қазіргі кезеңде, ерекше маңызға халықаралық құқықтық құралдар арқылы коллизиялық құқықтық реттеу, шарттық тәртіп арқылы реттеу дамуда. Ол мемлекеттердің, біртұтас халықаралық жеке құқықтағы коллизиялық және өзге де ереженің, сәйкес халықаралық шарттарды қабылдау және дамыту, ұлттық құқықтық ережені унификациялау атына ие болды. Маңызды сараланудың бірі коллизиялық байлам нысанына байланысты саралану болып табылады. Бұл белгі бойынша коллизиялық ережелерді бір жақты және екі жақты деп екі топқа бөледі. Бір жақты — бұл қолдануға жататын елдің қазақстандық, неміс, ағылшын құқығын тікелей атайтын байлам нормасы. Бір жақты ереже әдетте өз елінің құқығын қолдануды белгілейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1104-бабының 3-тармағында былай делінген: «Қозғалмайтын мүлікке қатысты мәміленің нысаны — осы мүлік орналасқан жердегі елдің құқығына, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізілімге енгізілген қозғалмайтын мүлікке қатысты болса, Қазақстан Республикасының құқығына бағынады». Бірақ бұған қарамастан, екі жақты ережелер кең таралған. Екі жақты коллизиялық ереже нақты мемлекетті атамайды. Оған құқықты таңдауға мүмкіндік беретін, жалпы белгінің болуы тән. Мысал ретінде, ҚР АҚ-не сәйкес, «мұрагерлік бойынша қатынастар ... мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жері болған елдің құқығы бойынша анықталады».

Бұл ереженің байламы, жалпы белгісі ретінде: «мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жерін көрсетеді».

Реттеу тәсілі бойынша коллизиялық ережелер императивті, диспозитивті, альтернативті болып үш топқа бөлінеді. Императивті ережелер — түпкілікті, азаматтық құқықтық қатынастардың тараптарымен өзгертіле алмайтын құқықты қолдануға қатысты ұйғарымдар.

Диспозитивті ережелер — құқықты тандау бойынша жалпы тәртіпті бекіте тұра, тараптарға оны басқа тәртіппен өзгерту мүмкіндігін береді. Диспозитивті ережелер әдетте тараптар құқығы, егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе және т.б. нысандарда, көрініс табады. Мысалы, ҚР АҚ-нің 1108-бабының 2-тармағына сәйкес: «Егер тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, мәміленің нысанасы болып табылатын мүлікке заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы, елдің осы мәміле бағындырылған құқығы бойынша анықталады».

Альтернативті ережелер — мазмұнында, ереже көлемінде көзделген, жеке құқықтық қатынасқа қолданылатын құқықты тандауды көздейтін бірнеше ережелері бар нормалар. Құқық қолданушы орган және тараптар онда көзделгеннің әрқайсысын қолдана алады. Бірақ, көрсетілген тәртіптердің біреуі бойынша қатынас реттелуі жеткілікті болады. Мысалы, мәміленің нысаны ол жасалған жердің құқығына бағынады. Алайда шетелде жасалған мәмелені, егер Қазақстан Республикасы құқығының талаптары сақталса, нысанының сақталмауы салдарынан жарамсыз деп тануға болмайды. Яғни, шетелде жасалған мәміле нысанына екі альтернативті байлам қолданылады: оның жасалу жері заңы және Қазақстан Республикасы құқығы.

Альтернативті ережелер халықаралық жеке құқықта салыстырмалы түрде жақында пайда болған құбылыс болып табылады. Оның пайда болуы халықаралық байланыстардың дамуы, соңғы кездерде бұл құқықтық саланың дамуымен соның ішінде әр түрлі құрылымдардың күрделенуі, реттелетін қатынастардың ерекшеліктерін ескеруге негізделген, көлемдердің және байламдардың бөлшектелуімен тығыз байланысты.

Коллизиялық ереженің мәніне қарай: генералды (басты) және субсидиарлы (қосымша) болып екі топқа бөлінеді. Генералды ереже — қолданудағы артықшылыққа ие, қолданылатын құқықты тандау кезіндегі басты ереже. Мысалы, егер ҚР-ның заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісі-

мімен тандалған елдің құқығымен реттеледі. Мұндағы басты ереже ҚР-ның заң актілерінде өзгеше көзделмеуі қажет. Субсидиарлы ереже – басты ережемен байланысты бір немесе бірнеше құқықты тандау ережелері, ол басты ереже белгілі бір себептерге байланысты қолданылмаған жағдайда қолданылады. Сонымен қатар, субсидиарлы ережелер бірінші, екінші, үшінші және т.б. дәрежелі болып бөлінеді. Басты және барлық дәрежелі субсидиарлы ережелер бір-бірімен тығыз байланысты болып, ішкі байланысқа негізделген өзінше ереженің ассоциациясын құрады.

Сонымен қатар, коллизиялық ережелер құқықтық қатынастың күрделігіне байланысты бөлінеді. Олар: жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы коллизиялық ережелер қатынастың мәніне қолданылатын құқықты анықтайды. Ал арнайы ережелер бұл қатынасты жүзеге асыру барысында туындаған қосымша сұрақтарды шешуге арналған құқықтық қатынасты бекітеді. Жалпы және арнайы коллизиялық ережелер жүйесін қолдану қажеттілігі, бірнеше мемлекет аумағында орындалатын шарттарды қарастырғанда пайда болады мысалы, (тасымалдау шарты).

Қазақстан Республикасы үшін ТМД-ға мүше мемлекеттердің құқығын унификациялау мәселесі ерекше маңызды болып табылады. Бұл халықаралық жеке құқық мәселесін шешетін жағдай. Қазіргі кезде осы мәселені шешуге 1995 жылы 13 мамырда қабылданған ТМД елдері үшін заңнама акті ретінде ұсынылған Үлгілі азаматтық кодекс мүмкіндік береді. Осындай актілердің шығарылуы біртұтас құқық кеңестігін жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құқық тандау мәселесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

3-т а р а у.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

§ 1. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕКЕ ЗАҢЫ

Жеке тұлғаның жеке заңын қолдану аясына жеке тұлғаның азаматтық құқықтық мәртебесі, оның құқығы мен әрекет қабілеттілігі, жеке құқықтары, неке және отбасы қатынастары мен мұрагерлік қатынастарға байланысты құқықтары жатады.

Жеке заң екі вариантта қолданылады: азаматтық заң (ұлттық заң) *lex patrie* және тұрғылықты жер заңы *lex domicilii*.

Азаматтық заң — бұл жеке тұлғаның азаматтығы болып табылатын мемлекеттің заңына бағынуды айтамыз. Ал тұрғылықты жер заңы — бұл жеке тұлғаның тұрақты мекенжайы орналасқан мемлекеттің заңын қолдануды айтамыз.

Жеке тұлғаның азаматтық заңы соңғы кездері Еуропа мемлекеттерімен қоса алғанда көптеген мемлекеттерде үстемдік түрде қарастырылып келеді. Бұл азаматтық заңның қолданылуына себеп болған 1804 жылғы тарихи Француз Азаматтық кодексі. Онда шетелде жүрген француз азаматтарының әрекет қабілеттілігі пен азаматтық жағдайы ұлттық заңымен анықталады делінген. Кейіннен «ұлттық заң» мәселелері 1865 жылы Италияның Азаматтық кодексінде, 1896 жылы Герман Азаматтық заңдарында бекітілді.

Қазіргі кезде Норвегия, Дания, Исландия мемлекеттерінен басқа, латынамерикалық (Куба, Коста-Рика, Панама т.б.) және араб мемлекеттерінде (Алжир, Египет т.б.) азаматтық коллизия қағидасын қолданады.

Ал англо-американдық құқықтағы домицилия концепциясы басқа құқық жүйелеріне қарағанда ерекше, себебі ол Рим құқығына негізделген.

Англосаксондық жалпы құқық жүйесі бойынша пайда болу (шыққан тегі) домицилиясы мен (domicil of origin) және тандау домицилиясына (domicil of choice) бөлінеді. Мысалы, некемен туылған балаға әкесінің домицилиясы, некесіз туылғандарға шешесінің домицилиясы тиісті болады.

Тандау домицилиясын қабылдау үшін тұлғаның ол жерде тұрақты өмір сүру, сонымен қатар, осыған сәйкес ниеті де болуы қажет.

Дж. Чешир және П. Норт бұл тезисті растау үшін екі сот шешімдерін мысалға келтіреді. Біріншіден, шотландиялық азаматтың Үндістанда 25 жыл өмір сүруі, оның келешекте өз еліне қайту ниетінің барлығына байланысты Үндістанның домицилиясын қабылдауы мүмкін еместігі туралы шешімі. Екінші шешімде шыққан тегі Жаңа Шотландия және осы ел домицилиясына ие канадалық тұлға, ағылшын әскери-әуе күштерінде қызмет етумен қатар, осы елде 40 жыл өмір сүруіне қарамастан өз елі Жаңа Шотландияға бір кезеңде оралу ниетіне байланысты Англия домицилиясын қабылдаудың мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған.

Осы домицилияға байланысты, өз көзқарасын М. Вольф былай айтқан: «кез келген тұлғаның домицилиясын анықтау көп

жағдайларда оның азаматтығын анықтауға қарағанда күрделі болады. Себебі, домицилия ниетке байланысты, сондықтан оны дәлелдеу қиын. Жалпы, домицилия концепцияларын бір-бірінен әр түрлі мемлекеттер шегінде ғана емес, бір мемлекет ішінде де ажырату күрделі, сондықтан да соңғы кездері халықаралық жеке құқықта жеке заңның аралас жүйесіне өту тенденциясы жүріп жатыр»¹.

Осыған мысал ретінде тұлғаның жеке мәртебесіне оның азаматтық заңын қолданатын мемлекеттердің бірі Францияны алуға болады, сонымен қатар некені бұзу да ерлі-зайыптылардың азаматтық заңдарымен қаралады. Ерлі-зайыптылар әр түрлі мемлекеттердің азаматтары, яғни азаматтықтары әр түрлі болса, онда олар некені бұзу кезінде екі мемлекеттің құқығына жүгінулеріне тура келеді. Соның негізінде, бір жұбайының қарсылығынан неке бұзылмай қалатын жағдайлар болды.

1930 жылы Италияда алғаш рет неке бұзудың шекті жағдайларына рұқсат беру туралы Заң қабылданды. Осындай азаматтық заңға байланысты қайшылықтардың негізінде сот тәжірибесі бас нормаларды сақтай отырып (некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылар азаматтық заңдарына бағынады), субсидиарлық коллизиялық норма жасап шығарады: егер ерлі-зайыптылардың жалпы, ортақ азаматтықтары болмаса, онда жеке заңның екінші нысаны — тұрғылықты жер (домицилия) заңына бағынады.

Осыған орай, Латын Америка мемлекеттеріне ортақ азаматтық қағида мен тең дәрежеде домицилия қағидасын қолданатын Бусманте кодексін қарастыруға болады. Осы кодекстің 7-бабына сәйкес: «Бұл келісім шартқа отырған мемлекеттер өз жеке заңы ретінде домицилия заңын немесе азаматтық заңын қолданулары тиіс».

Қазіргі кезде мемлекеттердің көпшілігі жеке заңның аралас жүйесіне өтуде. Өйткені, онда реттеудің әр түрлі жолдары қарастырылған. Сондықтан, жеке заңның аралас жүйесіне өту халықаралық жеке құқықтың дамуында үлкен маңызды рөл атқаруда.

Соңғы кездері жеке заңның аралас жүйесі халықаралық жеке құқықтың барлық жаңа кодификацияларында бекітілген.

Мысалы, 1979 жылғы Венгрияның «Халықаралық жеке құқық туралы» Заңында жалпы ереже ретінде бұл Заң «жеке заң-

¹ Вольф М. Международное частное право М., 1877. 121–122-беттер.

ды» қолданады. 10-бапқа (1) сәйкес: «Адамның құқық қабілеттілігін, әрекет қабілеттілігін және жеке мүліктік емес құқықтарын, сондай-ақ жалпы жеке мәртебесін оның жеке заңына сәйкес қарастыру қажет». Осы заңнамада жеке заңның келесі түсінігі берілген: біріншіден, жеке заң — осы тұлға азаматы болып табылатын мемлекеттің заңы (lex patriae), екіншіден, бұл заң тұлғаның тұрақты тұратын мекенжайы орналасқан мемлекеттің заңы (lex domicilii). Дәл осылай, отбасы және неке қатынастары, мұрагерлік қатынастар қаралады.

Қазақстанның коллизиялық құқығы да осы жолмен дамып келеді. Әдетте, қазақстандық құқықта кеңестік кезеңде жеке заңның тұрғылықты жер заңы нысаны қолданылған.

Алғаш рет 1991 жылғы Негізгі заңнамада жеке заң азаматтық заң негізінде қарастырылған: шетелдік азаматтың әрекет қабілеттілігі ол азаматы болып табылатын мемлекеттің заңымен анықталады (160-б. 2 т.). Аталған үрдіс Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексінің «Халықаралық жеке құқық» бөлімінде дами түсті.

ҚР АҚ-нде «Жеке тұлғаның жеке заңы» атты арнайы 1094-бап бар. Бұл бапта жеке заңды анықтаудың әр түрлі жағдайлары қарастырылған. Осы кодекстің 1094-бабы 1-тармағына сәйкес жеке тұлғаның азаматтық әрекет қабілеттігі ол азаматы нақты отаны болып табылатын мемлекеттің заңымен анықталады.

Әдетте, тұлғаның бірнеше азаматтығы, яғни ол екі немесе одан да көп мемлекеттің азаматы болған жағдайда, аталған тұлғаның жеке заңын азаматтық заң нысанында анықтау күрделенеді.

Бұл жағдайда кейбір мемлекеттер мұндай мәселелерді әр түрлі жолдармен шешеді. Мысалы, Австрия және Түркияның Халықаралық жеке құқық туралы заңына сәйкес: «егер тұлға бірнеше мемлекеттің азаматы болса оның жеке заңы болып, «байланысы жақынырақ» мемлекеттің заңы табылады».

Сондай-ақ, ТМД-ға мүше мемлекеттер азаматтық заң жобаларын жасау кезінде жеке тұлғаның жеке заңы азаматтық заңымен анықталатынымен қосымша ретінде келесі ереже қарастырылған: «егер тұлға екі немесе бірнеше мемлекеттің азаматы болып табылса, онда оның жеке заңы ол «жақынырақ байланыстағы» мемлекеттің заңымен анықталады».

ҚР АҚ-нің 1094-бабы, 2-тармағына сәйкес азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке заңы ол тұрақты тұратын, яғни тұрғылықты жері орналасқан мемлекеттің заңымен анықталады. Осы бап-

тың 3-тармағына сәйкес, босқындардың жеке заңы оларға баспана берген мемлекеттің заңымен анықталады. Сонымен қатар, қазақстандық құқыққа Қазақстанда әрекет қабілетсіз деп танылған, әрекет қабілеттілігі кеткен не өлді деп жарияланған тұлғалар да бағынулары тиіс.

Мұрагерлікке байланысты қатынастар ҚР АҚ-нің 1121-бабына сәйкес мұра қалдырушының соңғы тұрақты мекенжайы орналасқан мемлекеттің заңымен реттеледі.

Халықаралық актілерге көңіл аударар болсақ, Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы ТМД елдерінің 1993 жылғы Конвенциясы жоғарыда аталған азаматтық мәселелер бойынша қажетті құжат болып табылады. Себебі, бұл конвенцияда алғаш рет көп жақты көлемде құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік және домицилия мәселелерін шешудің жағдайлары қарастырылған. Сонымен, жеке заңның аралас жүйесіне өту халықаралық жеке құқықтың қазіргі кездегі дамуына үлкен үлес қосуда.

§ 2. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі туралы мәселе әдетте тұлға бір уақытта екі мемлекеттің азаматы болған кезде (қос азаматтық) күрделенеді. Мысалы, әке-шешесі қазақстандықтар болып табылатын жаңа туылған бала шет елде, яғни бұл ел заңы бойынша өз жерінде туылғандардың барлығын мемлекет өз азаматтарына жатқызатын («*jus soli*» қағидасы) мемлекет аумағында туылған жағдайда. Бұл жерде Қазақстан заңы бойынша қазақстандық ата-анадан туылған бала Қазақстан азаматы болып табылады («*jus sanguinis*» қағидасы).

Жеке тұлғалардың азаматтық құқықтық қатынастағы құқықтық жағдайы оның құқықтық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі арқылы анықталады (ҚР АҚ 1095-б). Бірақ бұл екі қабілеттіліктер кейбір құқық жүйелерінде терминологиясы бойынша ерекшелінеді. Англия мен АҚШ-та құқықтық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілігі бір терминмен анықталады — «құқық қабілеттілігі» (*legal capacity*). Қазіргі уақытта заң әдебиеттері мен сот тәжірибесінде көбіне «пассивті құқықтық қабілеттілік» (*passive capacity*), яғни ағылшын заңгерлерінің түсінігімен құқықтық қабілеттілік және (*active capacity*), құқық актілерін шығару қабілеттілігі (*capacity for performance of legal act*) яғни әрекет қабілеттілігі терминдері жиі қолданылады.

Франция мен Англияда әрекет қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігінің араларында нақты терминологиялық ерекшелік жоқ. Француз азаматтық кодексінде құқықтық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілігі (сarasity), яғни «қабілеттілік» деген бір ғана терминмен аталады. Сот тәжірибесінде және заң әдебиеттерінде әрекет қабілеттілік (сarasity d' ехercіct) пен құқық қабілеттілігінің (сarasity de jouissance) арасында айырмашылықтар көрсетіледі. Француз және ағылшын құқығынан ерекшелігі, Герман азаматтық құқығында үш термин қолданылады, ол «әрекет қабілеттілігі» (Rechtsfahigkeit), «құқық қабілеттілігі» (Geschäftsfahigkeit) және «деликт қабілеттілігі» (Deliktsfahigkeit).

Деликт қабілеттілік — бұл азаматтардың құқыққа қайшы әрекетінің негізінде келтірілген шығынға азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болу қабілеттігі. Деликт қабілеттілікті әрекет қабілеттілік сияқты жеке жағдайларда қолдану Герман құқығының ерекшелігі болып табылады. Ал Ресей Федерациясында құқықтық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінен басқа мәміле қабілеттілігі (сделкоспособность) пен деликт қабілеттілігі (деликтоспособность) терминдері қолданылады.

Қазақстан Республикасында құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі туралы мәселе Қазақстан Республикасы аумағындағы шетел азаматтары немесе шетелде жүрген қазақстандық азаматтарға қолданылған кезде қозғалады. Сондай-ақ, бұл мәселе апатридтер мен бипатридтерді сипаттау кезінде қолданылады. Қазақстан Республикасы заңнамаларында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың (апатрид) құқықтық жағдайын сипаттайтын нормалар бар. Ал бипатридтерге келетін болсақ, бұл тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы мәселе толық түрде бекітілген жоқ. Сондықтан да, бипатридтердің құқықтық жағдайы туралы коллизиялық мәселелер туған жағдайда халықаралық келісімшарттар негізінде немесе заң ұқсастығын (аналогия закона) қолдана отырып, ұлттық коллизиялық заңнамалармен шешу керек.

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайы тұлғаның жеке заңы арқылы анықталады. Жеке тұлғаның жеке заңы өз алдына азаматтық заң (lex patriae) және тұрғылықты жер заңы болып бөлінеді (lex domicilii).

Азаматтық заң — жеке тұлға азаматы болып табылатын мемлекеттің құқығын қолдану, тұрғылықты жер заңы — бұл жеке тұлғаның тұрған жері, яғни мекенжайы орналасқан мемлекеттің құқығы қолданылуы болып табылады.

✓ Әр түрлі құқық жүйелерінде жеке заңға әр түрлі көзқараста қаралады: мысалы, «жалпы құқық» мемлекеттерінде (АҚШ, Ұлыбритания) азаматтың тұрғылықты жер заңы қағидасын қолданады, ал «континенталдық құқық жүйесі» мемлекеттерінде (Франция, Германия), сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматтық заң қағидасын басшылыққа алады.

Жеке заң азаматтың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттігін, неке мен отбасы және мұрагерлік қатынастардағы жеке мүліктік емес құқықтарын анықтау үшін қолданылады. Соңғы кездері көптеген мемлекеттер заңнамаларында жеке заңның «аралас» жүйесі бекітілуде: халықаралық жеке құқық туралы көптеген заңдарда.

Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар қазақстандық азаматтармен теңдей азаматтық әрекет қабілеттіліктеріне ие.

Жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігінің коллизиялық мәселелері көбіне әр түрлі мемлекеттердің заңдары әрекет қабілеттілігі жасын, яғни кәмелетке толу жасын әр түрлі белгілеу салдарынан туындайды. Мысалы, Франция Азаматтық кодексінің 488-бабына сәйкес толық әрекет қабілеттілігі 18-жастың соңғы күні біткен кезде пайда болады. Ал, Англияның 1969 жылғы отбасы құқығын реформалау туралы заңында адам 18 жасқа толған күні кәмелетке толды деп есептеледі. АҚШ штаттарында кәмелетке толу жасы әр түрлі белгіленген, ол 18 жас пен 21 жас аралығы. Қазақстан Республикасында ҚР АҚ-нің 17-бабына сәйкес адам кәмелетке 18 жасқа толғанда ие болады.

Сонымен қатар, кәмелетке толғандардың әрекет қабілеттілігін шектеу де мемлекеттерде бірдей бола бермейді. Францияда кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын көптеген азаматтық заңнамалар реттейді.

Германияда азаматтық заңға сәйкес жеті жасқа толмаған бала толық түрдегі әрекетке қабілетсіз болып есептеледі. Жеті жас-тан он сегіз жасқа дейін әрекет қабілеттілігі шектеулі. Жалпы ереже бойынша бұл жаста бала заңды өкілінің рұқсатымен мәмілелер жасай алады. Ал кейбір мәмілелерді өзі жасауға құқылы.

Англияда адам 18 жасқа толғанға дейін кәмелетке толмаған болып саналады, ал әрекет қабілеттігін шектеу оның жасына байланыссыз танылады.

Жеке тұлғаның әрекет қабілеттігін Италияда итальян статутариясы кезінде жеке заң бойынша анықталған (*lex personalis*).

Континенталдық Еуропа мемлекеттерінің көпшілігінде азаматтық заң қағидасы және ағылшын «жалпы құқық» мемлекеттерінде доминиция заңы (common law) қолданылады. Мұның маңызы мынада, егер тұлға өз жеке заңы бойынша әрекетке қабілетті болса, онда ол кез келген жерде де әрекетке қабілетті болып танылуы тиіс. Сондай-ақ, егер жеке заңы бойынша әрекетке қабілетсіз болса, онда басқа жерлерде де солай саналады.

Заңнамалар мен сот тәжірибелерінде келтірілген ережелердің біріншісі ғана қолданылады: жеке заң бойынша тұлға әрекетке қабілетті деп танылса онда кез келген елде ол солай танылуы тиіс.

Бірақ жеке заңы бойынша әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлға басқа мемлекеттерде дәл осындай формада таныла бермейді. Егер жеке заңының мазмұны мәміле жасалған мемлекеттің заңнамасына сәйкес келмесе сауда айналым мүддесі шетел азаматының мәмілеге отырған кезінде өз жеке заңына сілтеме жасап дауласуына келіспейді.

1804 жылғы Франция Азаматтық кодексінің 3-бабына сәйкес шетелде жүрген француздардың азаматтық жағдайы мен қабілеттілігіне байланысты мәселе тұлғаның өз ұлттық заңына сәйкес шешілуі тиіс. Осы біржақты коллизиялық нормадан француз тәжірибесі екі жақты коллизиялық норма шығарды: «жеке тұлғаның азаматтық жағдайы мен қабілеттілігі оның ұлттық заңы арқылы анықталуы тиіс». Бірақ, кейіннен бұл коллизиялық қағида шектелуге тиіс болды. Өйткені 1861 жылы француз кассациялық сотының жеке заңы бойынша кәмелетке толмаған 22 жастағы мексикандық, бірақ француз заңы бойынша кәмелеттік жасқа толған баланың француз жерінде сатып алу-сату мәмілесін жасасу құқығы туралы дауды шешу кезінде қайшылық тудырды.

Қалған еуропалық мемлекеттерде жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігінің мәселесі азаматтық заң қағидасын басшылыққа ала отырып шешеді.

ҚР АҚ-нің 1015-бабы 2-тармағына сәйкес жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі оның жеке заңы арқылы анықталады.

ҚР АҚ-нің 1095-бабы 3, 4, 5-тармақтарына сәйкес шетелдік азаматтардың әрекет қабілеттілігі оның жеке заңы арқылы анықталу қағидасына үш шектеу бар. Олар: біріншіден, Қазақстан Республикасы аумағында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың мәміле жасау мәселесі. Яғни, шетелдік азамат Қазақстанда сатып алу-сату, кепіл, айырбастау және басқа да келісімшарт жасасқаннан кейін өз жеке заңына сілтей оты-

рып яғни жеке заңы бойынша тиісті жасқа толмауына байланысты жасалған келісімшарттардың дұрыстығы мен заңдылығына дауласа алмауы.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы аумағында шетел азаматтарының зиян келтіру салдарынан туған жауапкершілігінің азаматтық әрекет қабілеттілігін қазақстандық құқықпен анықтайды.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың әрекет қабілеттілігін шектеу, оларды хабар-ошарсыз кетті немесе қайтыс болды деп тануды Қазақстан Республикасының заңнамасы жүзеге асырады.

Халықаралық келісімшарттарға келетін болсақ, Қазақстан Республикасымен жасалған кейбір келісімшарттар, дәлірек айтқанда құқықтық көмек көрсету шарттарында келісімге отырған бір мемлекеттің азаматтары осы шартқа отырған басқа мемлекеттің аумағында сол мемлекеттің азаматтарымен теңдей жеке және мүлктік құқықтарының қорғалулары туралы бекітілген.

Құқықтық көмек көрсету туралы келісімшарттар құқық қабілеттілігінің тоқтатылуы туралы мәселелерді қарастырған. Азаматтарды қайтыс болды деп тану туралы істерді шартқа отырған әр мемлекеттің соттары өз елі азаматтарына өз заңдарын қолдана отырып шешеді. Азаматты қайтыс болды деп тану туралы істерді оның мекенжайы орналасқан мемлекеттің соты да (қайтыс болған адамның жақындарының өтінішімен) қарай алады. Мысалы, Болгарияда тұратын қазақстандық азаматтың хабар-ошарсыз кетуіне байланысты әйелінің өтініші бойынша істі Болгарияның соты немесе Қазақстан соты қарауға құқылы. Бұл жағдайда істі қараған мемлекет өз заңын қолданады.

1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД елдерінің құқықтық көмек көрсету жөніндегі азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенциясында азаматтарды хабар ошарсыз кетті және қайтыс болды деп тану, сонымен қатар, қайтыс болу фактісін анықтау туралы істерді соттар жоғарыда көрсетіліп кеткен құқықтық көмек көрсету туралы келісімшарттарда белгіленген тәртіптер негізінде шешеді.

Құқықтық көмек көрсету туралы келісімшарттарда жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі ол азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасымен анықталады. Олай болса, мысалы, Болгария немесе Францияда қазақстандық азаматтың әрекет қабілеттілігі қазақстандық заңнама бойынша анықталады. Әдет-

те, тәжірибеде қолайлы болу үшін кейбір келісімшарттар ұсақ мәмілелер жасалуына байланысты тұлғаның әрекет қабілеттілігін анықтау мәміле жасалған мемлекет заңы бойынша анықталады. Шындығында да, дүкеннен күнделікті ұсақ затты сатып алу үшін сатып алушы шетелдік азаматтың ол азаматы болып табылатын мемлекеттің заңына сәйкес оның әрекет қабілеттілігін әркім тексере беру мүмкін емес.

1993 жылғы 22 қаңтардағы ТМД елдерінің құқықтық көмек көрсету және азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенциясында жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі тұлға азаматы болып табылатын осы шартқа мүше-мемлекеттің заңнамасымен анықталады.

4-т а р а у.

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕНІҢ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

§1. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сыртқы экономикалық мәміле бұл халықаралық құқықтағы ең күрделі, ауқымды және маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі, бұл кәсіпкерлік құқық аясында жүргізіледі және мемлекеттің экономикалық дамуына үлкен үлес қосады. Тағы бір айта кететін жайт ҚР-ның АҚ-нде көрсетілген, көзделген шарттардың барлығын қамтиды. Осы себептен де сыртқы экономикалық мәмілердің тиімділігі және маңыздылығы арта түседі. Бұл коллизиялық мәселенің өзі де қарастыруға тұрарлық мәселе деп түсінеміз. Сонымен қатар, коллизиялық мәселелер, яғни ережелер және оларды жою шаралары, сондай-ақ тараптардың еркіндік қағидасы және сол еркіндіктің Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелуі, сонымен қатар өзге елдердің құқығындағы сыртқы экономикалық мәміленің коллизиялық ережелері қарастырылады. Сыртқы экономикалық қызметтің ішіне мемлекеттердің сыртқы сауда қызметі, халықаралық инвестициялық, валюталық және қаржы, несие операциялары, өндірістік кооператив және де өзге де қызмет түрлері кіреді.)

Сыртқы сауда қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәсіпкерлік қызмет ретінде танылады және ол

халықаралық тауар, қызмет, жұмыс, интеллектуалдық қызмет нәтижелерін және оларға деген меншік құқықтары алмасу түрінде жүзеге асырады.

Сыртқы сауда қызметінің субъектілері ретінде оның қазақстандық және шетелдік қатысушылары танылады. Сыртқы сауда қызметінің қазақстандық қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңдары негізінде құрылған және сол жерде тұрақты қызмет атқаратын жеке тұлғалар да жатады. Шетелдік қатысушылар ретінде шетел мемлекетінде тіркеліп құрылған және құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі олар азаматы болып табылатын шетел мемлекетінің құқығымен анықталатын шетел азаматтары және құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі тұрғылықты жері бойынша анықталатын азаматтығы жоқ жеке тұлғалар танылады.

Сыртқы экономикалық мәмілеге қатысты коллизиялық нормалар негізінен сыртқы саудаға қатысты зерттелді.

Сыртқы сауда ретінде ғылыми доктриналарда кем дегенде бір тарабы шетел азаматы немесе шетел заңды тұлғасы болып табылатын және тауарларды шекарадан алып өтуге немесе әкелуге байланысты мәмілелер танылады¹. Аталған анықтамадан біз сыртқы саудаға тән белгілерді көруімізге болады.

Олар:

1) тараптардың бірі шетел тұлғасы болып табылады және басқа мемлекетте орналасуы керек.

2) мәміленің пәні сыртқы саудаға байланысты операциялар болып табылады. Мысалы: тауар жеткізу, мүлік жалдау, жүк тасымалдау т.б.

Л.А. Лунц «Сыртқы экономикалық мәміленің түрлері көбеюі, күрделенуі, өзгеруі мүмкін, осыған байланысты сыртқы экономикалық мәміленің түсінігі тұрақты болуы қиын. Сондықтан, осы көбейтуді, күрделенуді, өзгерістерді қамтитын жалпы анықтама табу керек» деген. Біздің ойымызша, М.С Зыкин сыртқы экономикалық мәмілеге ұтымды анықтама берген. Оның ойынша, сыртқы экономикалық мәміле дегеніміз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында екі мемлекетке орналасқан тұлғалар немесе коммерциялық кәсіпорындар арасында жасалатын шарттар болып табылады. Бұл анықтама сыртқы экономикалық мәмілеге жалпы мінездеме береді.

¹ Лунц Л.А. Международное частное право. (Особенная часть). М.: Юридическая литература, 1975. 132-бет.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1113-бабының мазмұнынан біз сыртқы экономикалық мәміленің түрлерін көре аламыз. Олар: сатып алу-сату шарты, сыйға тарту шарты, мүлікті жалға беру шарты, мүлікті тегін пайдалану шарты, мердігерлік шарты, тасымалдау шарты, көлік экспедициясы шарты, қарыз немесе өзге де кредит шарты, тапсырма шарты, комиссия шарты, сақтау шарты, сақтандыру шарты, кепілге алу шарты, айрықша құқықтарды пайдалану туралы лицензиялық шарттар. Бұл шарттар сыртқы экономикалық мәмілені білдіре алады, егер олар мәміле жасасушы тараптар екі мемлекетте орналасса. Сыртқы экономикалық мәміленің жоғарыда көрсетілген түрлері нақты деп айтуға болмайды, олардың қатары өзгеруі мүмкін.

Енді осы шарттардың маңыздыларына тоқталсақ:

Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенді.

Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйға алушының) меншігіне затты немесе өзіне немесе үшінші адамға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді, не оны өзінің немесе үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады, не босатуға міндеттенеді.

Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

Жолаушы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді; жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде — теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді.

Енді сыртқы экономикалық мәмілелерді ішкі мәмілелерден ажырата білу ерекшеліктеріне келсек, олар мыналар:

1. Тараптардың коммерциялық кәсіпорындары міндетті түрде екі мемлекетке орналасуы керек.

2. Олардың екі құқықтық жүйесі болуы керек.
3. Сатып алу-сату шартына байланысты тауарлар бір мемлекеттен екінші мемлекетке ауысқан жағдайда олар міндетті түрде шекараны кесіп өтуі керек.
4. Тараптар арасында дау туындаған жағдайда тараптардың өздері келісім бойынша қай елде, қандай процедура бойынша және қандай тілде қарастыруға болатынын өздері шешеді.

§ 2. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕНІҢ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ШАРАЛАРЫ

Халықаралық жеке құқықтың субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын және тікелей реттейтін материалдық-құқықтық нормалардан ерекшелігі коллизиялық норма осы қатынасқа байланысты қай мемлекеттің құқығын қолдану керек екендігін көрсетеді.

ҚР АҚ-нің 1112-бабы тараптардың сыртқы экономикалық мәміледегі құқықтары мен міндеттерін тараптардың келісімімен тандалған елдің құқығына бағынады деп көрсетеді.

Сыртқы экономикалық мәмілеге байланысты тараптардың құқықтары мен міндеттері бағынатын құқықты анықтау ҚР-ның заңнамасында тараптардың еркіндігі қағидасына негізделеді (*lex voluntatis*). Бұрынғы Кеңес Одағының заңында да бұл қағида көзделген, бірақ ол өзгеше жазылған болатын:

«Сыртқы экономикалық мәмілеге байланысты тараптардың құқықтары мен міндеттері егер тараптар өзгеше келіспесе шарт жасалған елдің құқығымен анықталады» делінген.

Ал ҚР заңы мұны нақтылап, толықтырып көрсетеді, яғни тараптың өздерінің бекітілген мәмілелеріне қолданылатын құқықты өздері шарт жасап жатқанда немесе одан кейін өзара келісімдері негізінде тандап алуға құқылы делінген. Бірақ ҚР заңы бойынша шарттардың кейбір түрлеріне қолданатын құқықты тараптардың тандап алуына жол берілмейді, яғни императивтік нормалар бекітілген. Ол ҚР АҚ-нің 1113-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген:

1. Нысанасы қозғалмайтын зат болып табылатын шарт бойынша, сондай-ақ, мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерге сол мүлік тұрған елдің құқығы, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізімге енгізілген мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

2. Бірлескен қызмет және құрылыс мердігерлігі туралы шартқа мұндай қызмет жүзеге асырылатын немесе шартта көзделген нәтижелер жасалатын елдің құқығы қолданылады.

3. Конкурстық сауда-саттықтың (тендердің, аукционның) қорытындылары бойынша немесе биржа орналасқан елдің құқығы қолданылады.

Егер бұрын тараптар «бірлескен өнеркәсіп» құру туралы бірлескен қызмет шартын жасай отырып, қай елдің құқығын қолданатынын таңдап алатын болса, қазіргі жағдайда мұндай еркіндік шектелген.

Егер тараптар жасасқан мәлімдеме олардың қай мемлекеттің құқығын қолданатындығы туралы келісімі болмаған кезде ол шартқа ҚР АҚ-нің 1113-бабының ережелері қолданылады.

Олар:

- 1) сатып алу-сату шартында — сатушы;
- 2) сыйға тарту шартында — сыйға тартушы;
- 3) мүлікті жалға (арендаға) беру шартында жалға беруші;
- 4) мүлікті тегін пайдалану шартында несие беруші;
- 5) мердігерлік шартында — мердігер;
- 6) тасымалдау шартында — тасымалдаушы;
- 7) көлік экспедициясы шартында — экспедитор;
- 8) қарыз немесе өзге де кредит шартында — кредит беруші;
- 9) тапсырма шартында — сенім білдірілген адам;
- 10) комиссияның шартында — комиссионер;
- 11) сақтау шартында — сақтаушы;
- 12) сақтандыру шартында — сақтандырушы;
- 13) тапсырма беру шартында — тапсырма беруші;
- 14) кепілге салу шартында — кепілге салушы;

15) айрықша құқықтарды пайдалану туралы лицензиялық шартта лицензиар болып табылатын тараптар құрылған, тұратын жері болады.

Азаматтық кодекстің 1113-бабында көрсетілген шарттың 15 түріне байланысты 15 түрлі байламдармен қатар азаматтық заңнамада өндірістік әріптестік, құрылыс және басқа да күрделі құрылыстарды жүргізуге байланысты ережелер көрсетілген. Оған сәйкес егер тараптардың келісімінде өзгеше көрсетілмесе ондай жағдайда осындай қызметтің жүзеге асырған жер құқығы немесе шарт бойынша нәтиже жасалған жердің құқығы қолданылады.

Егер тараптардың қолданылуға тиісті құқық туралы келісімі болмаған кезде, мұндай шарттың мазмұны үшін шешуші маңызы бар, орындауды жүзеге асыратын тараптар құрылған, тұрғылықты жері немесе қызмет орны болған елдің құқығы қолданылады.

Сонымен, 1995 жылғы қабылданған Азаматтық кодексте жаңа халықаралық шарттардың түрі және даму дәрежесі ескерілген өзге де мәмілелерге қатысты бекітілген жер заңын қолдануға байланысты коллизиялық нормалар бар. Азаматтық кодекстің 1113-бабының 5-тармағына сәйкес, шарт бойынша орындауды қабылдауға қатысты тараптар өзгеше келіспегендіктен, осындай қабылдау өткізетін орынның құқығы ескеріледі.

Шарт жасасу барысында онда тәжірибеде, яғни шарттың өзінде шарт жасалған мемлекетті немесе елді көрсетеді. Егер ондай мемлекет немесе ел көрсетілмесе шарттың мәнінен оны анықтауға болады. Сол арқылы шартқа егер тараптардың арасында өзгеше түрде көзделмесе шарт жасалған елдің құқығын қолдануға болады.

Сыртқы экономикалық мәмілеге құқықты тандау жолымен мәмілеге міндетті статут бекітіледі. Міндетті статут негізінде тараптардың шарттық міндеттерін орындамаған жағдайда пайда болатын құқықтары мен міндеттері анықталады және міндетті статут негізінде жауапкершіліктен босату жағдайлары да қарастырылады, талап ету мерзімі де көрсетіледі.

Сонымен қатар, міндетті статут сыртқы сауда шартының қол қою нысанына қолданылмайды, өйткені заң бұл мәселелерге байланысты ерекше ережелер бекітеді.

Халықаралық сатып алу-сату шартын реттейтін материалдық құқықтық норманың болмауы ол коллизиялық нормаларды қолдануға итермелейді, ал ол өз негізінде халықаралық саудасаттықтың дамуына кедергі жасайды.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 17 желтоқсандағы резолюциясында халықаралық саудадағы байланысты мемлекеттің заңдарының арасында қайшылықтар оның дамуына кедергі келтіреді делінген.

Ұлттық заңдар бір-бірінен ерекшелінеді және бір мәселеге байланысты әртүрлі ережелерді бекітеді.

Әр түрлі халықаралық ұйымдар және де жеке мемлекеттер сыртқы сауда айналымын реттейтін біріздендірілген норма жасауға, қалыптастыруға әрекет жасады.

Бұндай біріздендіру мына жолдармен жүзеге асуы мүмкін:

- 1) ұлттық заңдарға халықаралық заңдар шарттар шеңберінде жасалған нормативтік ережелерді енгізу;
- 2) біркелкі заңдарды қалыптастыру;
- 3) әр түрлі топтық шарттарды қолдану;
- 4) халықаралық ұйымдардың қалыптасқан сауда-саттыққа байланысты әдет-ғұрыптарын сауда-саттық терминдердері деп аталатын құжатқа біріктіру.

Осыған байланысты 1964 жылы өткен Гаага конвенциясының сессиясында халықаралық сатып алу-сату шартын жасауға қолданылатын біркелкі заңдар туралы Гаага конвенциясы және тауарларды халықаралық сатып алу шарты туралы Гаага конвенциясы қабылданды, бірақ күшіне енбеді. Себебі, бұл батыс елдерінің заңына сүйене отырып, жасалған еді.

БҰҰ-ның халықаралық сауда комиссиясы өз алдына құқықтық жүйесі әр түрлі көптеген елдерге қолайлы болатын унификацияланған ережелерді жасау туралы мақсат қойды. Осы Комиссияның жұмысының нәтижесінде 1980 жылы Венада қабылданған халықаралық сатып алу, сату шарты туралы Вена конвенциясының жобасы жасалды. Бұл конвенцияның кіріспе бөлімінде әр түрлі қоғамдық, экономикалық және құқықтық жүйені қамтитын және халықаралық сатып алу, сату шартын реттейтін біркелкі норманың қабылдануы халықаралық сауда-саттықтағы кедергілерді жоюға және оның дамуына ықпал етеді делінген.

Бұл конвенцияда талап ету мерзімі және дауды шешу тәртібіне байланысты ештеңе айтылмаған. Бірақ талап ету мерзімі 1974 жылы қабылданған халықаралық сатып алу-сату-дағы талап ету мерзімі туралы конвенциямен реттеледі.

Ешқандай коллизиялық нормаларды қамтымайтын 1980 жылғы конвенцияның қабылдануы сол конвенциямен қамтылмаған басқа да материалдық нормаларды қолдау қажеттігін туғызды. Содан кейін, 1985 жылы кезектен тыс Гаага конференциясында халықаралық сатып алу-сату шартына қолданылатын құқық туралы конвенция қабылданды.

Коллизиялық проблемаларды жоюдың тағы бір жолы — типтік контракт болып табылады. Бұл көбінесе ірі экспортерлар мен импортерлар арасында және олардың бірлестіктері мен ассоциация арасында қолданылады.

Бұл негізінде ХІХ ғасырдың соңында қолданыла бастаған.

Теңіз тасымалына катысты сатып алу-сату шартын бекіткенде және орындағанда тараптардың құқықтары мен міндеттеріне катысты қолданылатын әдет-ғұрыптың маңызы зор. Осы әдет-ғұрып негізінде халықаралық сауда тәжірибесінде «фоб», «сиф», «фас» және де «каф» жағдайындағы шарттар қолданыла бастады. Бұл терминдер ағылшын сөзінің бас әріптерінен құрылған: «фоб» free on board (бортта еркін); «сиф» сөзі, insurance, freight (баға, сақтандыру, фрахт); «фас» free along side ship (кеменің бортына дейін еркін); «каф» cost and freight (баға және фрахт). Бұл терминдердің түсінігі Халықаралық сауда палатасы шығарған сауда әдет-ғұрыптары жинағында («Trade Terms») жазылған. Бұдан басқа халықаралық терминдерді талқылау ережесін — «Халықаралық сауда палатасы сауда терминдерін» Incoterms қабылдады. Осы кезге дейін Инкотермске жеті өзгеріс енгізілген, ең соңғысы 2000 жылы енгізілген. 2000 жылы аса көп өзгеріс енгізілген жоқ, ол негізінен екі терминге байланысты, олар FSA және DEQ, FSA бойынша кедендік рәсімдеуді сатушы жүргізеді, ал DEQ бойынша кедендік рәсімдеуді сатып алушы жүргізеді.

Сонымен қатар, материалдық-құқықтық нормалар жеткізудің жалпы ережесінде де кездеседі. Бұған байланысты екі мемлекеттің үкіметі халықаралық нормативтік сипатқа ие шарт жасасады. Шартта тауар жеткізудің жалпы ережелері көрсетіледі. Осы екі мемлекеттің кәсіпорындары өзара сатып алу-сату шартын жасасқан кезде осы мемлекетаралық шартта көрсетілген тауар жеткізудің жалпы ережелерін негізге алады.

§ 3. АНГЛИЯ, ГЕРМАНИЯ, АҚШ ЖӘНЕ ФРАНЦИЯ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕНІҢ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Коммерциялық контрактіге міндетті статутты бекіткенде Англия, Германия, АҚШ және Франция соттарының негізге алатын мәселесі доктриналарда үлкен танымалдықпен қолданылатын тараптардың еркіндігі қағидасы болып табылады. Ол бойынша тараптар өздерінің шарттық міндеттемелеріне қолданылатын құқықты тандауға ерікті.

Тараптардың шарттық тығыз байланысты ел заңын қолдануға байланысты тандауы шектелген бе? Бұл сұраққа аталған мемлекеттердің коллизиялық доктриналары тәжірибеге сүйене отырып, көп жағдайда шектелген тараптардың еркіндігін қол-

дайды. Кейбір коллизиистер уәкілетті құқықтық тәртіпті таңдаған жағдайда тараптардың шектелмеген еркіндігіне қарсы шығады.

Коммерциялық шарттарда тараптардың шарттық міндеттемелерінің жекелеген бөліктері әр түрлі құқық жүйесімен реттелетін жағдайлар да кездеседі.

Доктрина тараптар шарт жасасқан кезде өркениетті халықтардың құқықтарының жалпы қағидаларын қолдануға жол береді. Жасасқан шарттың мазмұнынан және одан туындайтын жағдайлардан тараптардың нақты еркіндігін біле алмаса, Франция, Англия, Германия және АҚШ соттары тараптардың болжамды еркіндігін немесе осы жағдайларда әділетті және ақылды адам қандай құқықты таңдайтыны жайлы сұрақты шешеді. Жаңа ағылшын сот тәжірибесінде тараптардың болжамды еркіндігін теріске шығарып, «әділетті және ақылды адам бұл жағдайда қандай құқықты таңдар еді» дегенді басшылыққа алғанды жөн көреді.

Тараптардың болжамды еркіндігін және ақылды адам еркін теріске шығара отырып, жоғарыда аталған мемлекеттердің соттары кей жағдайда сот тәжірибесінде көп кездесетін презумпцияны қолданады.

Өздерінің клиенттеріне жалпы тәртіпте қызмет көрсететін мекеменің орналасқан жер заңына катысты презумпция үлкен мәнге ие болды. Банктердің, сақтандыру ұйымдарының, транспорттық мекемелердің және басқа да ұйымдардың клиенттері жалпы тираждағы шығарылған нысанда шарт жасасу туралы ұсынысты қабылдағанда сол шарттың нысанын жасаған кәсіпорынның орналасқан жер заңын шарт нысанына қолдануға келіскен деп танылады.

Нысанда көрсетілген талаптарды қабылдау «шартқа қосылу» деп аталады. Бұл терминді алғаш рет француз цивилисті Салейлем 1901 жылы қолданған.

Мұнда негізінен клиент шарттық талаптарын жасауда және талқылауда қатыспайды, ол тек оған қол қою арқылы шартқа «қосылады».

Қосылу шарттары бойынша кейінгі кездері Германия, АҚШ тәжірибесінде онда көрсетілген клиентке тиімсіз талаптарды жарамсыз деп жариялауда. Бұл негізінен, шарт талаптарындағы «тараптардың еркіндігі» қағидасына байланысты болып тұр.

Ал Германия және Италияның соттары тараптардың жалпы азаматтығына немесе жалпы домицилияне назар аударады.

Әр түрлі елдердің соттары даулы міндеттемелерге қолданылатын көптеген құқық жүйелерінің ішінен қажетті құқықтық жүйені таңдағанда көптеген жағдайларда сол даулы міндеттеме қай құқық жүйесінде жарамды болса сол құқықтық жүйені таңдайды. Соңғы кезде тәжірибеде және теорияда міндетті статутты анықтау негізінде бір ғана критерийді қолданып қана қоймай, қандай да бір жағдайда басымдық бермей, критерийлердің жиынтығын қолдану басшылыққа алынуда. Чешир бұл презумпцияны қолдайды. Өйткені, бүкіл шарт жағдайларын негізге алудың орнына оның белгілі бір жағдайына ғана басымдылық беріліп, сол арқылы ол дау дұрыс шешілмейді дейді. Шартты талқылау оның барлық объективті белгілері негізге алына отырып, жүргізілуі керек.

Міндетті статутты белгілеу кезінде көптеген жағдайларда шарттың жасалған жері немесе жүзеге асқан жері негізге алынады және олар тұрақты деп саналады. Бірақ, Германияда шартта тараптар таңдаған құқықтық жүйе көрсетілмесе, онда оған шарттың орындалған жер заңы қолданылады. Бұл критерий коллизиялық мәселелерді шешкенде үлкен қиыншылықтарға соқтырады. Бұл әсіресе сатып алу-сату шартына байланысты және де синалагматикалық шарттардың коллизиялық мәселелерін шешкенде үлкен қиындықтарға соқтырады. Көптеген жағдайларда сатушының және сатып алушының міндеттері екі түрлі құқықтық жүйеге бағынышты болады, бұлардың бір-біріне байланысты болуына қарай күрделі конструкцияның қажеттілігі туындайды.

Біз жоғарыда шарттық міндеттемелердің статутына байланысты коллизиялық мәселелерді және олардың Англия, АҚШ, Франция және Германияның тәжірибелерінде қалай шешілетіндігі жайлы айттық, енді шарттың нысанына тоқталсақ, Англия, Франция және Германияның тәжірибесінде шарттық нысаны шарт жасалған елдің құқығына немесе шартта қолданылады деп көрсетілген басқа елдің құқығына сәйкес болса, бұл негіздер бойынша сот шартты жарамсыз деп тани алмайды.

Шарттың нысанына байланысты мәселелерді шарт жасалған жер заңы (*lex loci contractus*) бойынша шеше отырып, сот бірнеше қиыншылықтарға тап келеді.

Мысалы: тараптар қатыспай жасалатын (договор между отсутствующим) шарттың нысанына қатысты қиыншылықтарға тап келеді¹.

Батыс елдерінің, әсіресе ағылшын-американдық тәжірибеде мәміленің нысанына байланысты шетелдік заңның ережелерінің сипатына байланысты сұрақтар кездеседі. Ол: мәміленің нысаны процессуалдық па, әлде материалдық құқықтық сипатта ма деген сауалдар. Егер құзыретті шетелдік заң шарттың жазбаша жасалып, гербтік салыммен жасалуын талап етсе, онда бұл талаптың сақталмауы ертеңгі күні шарттың дәлелдеме ретінде қолданбай, сот қорғауынан айырылатындығын білдіреді. Бұл жағдайларда Англия мен АҚШ соттары мұны қолданылуға жатпайтын процессуалдық норма деп таниды.

Егер де осы талаптарды сақтамау, белгілі бір шетел заңнамасы бойынша шарттың жарамсыздығына алып келсе, бұл жағдайда соттар оны эксаумақтық қызмет етуші материалды норма деп түсінік берген. Мұндай түсініктің дұрыс еместігі айқын, егер коллизиялық сауал шетел заңнамасының пайдасына шешілсе, онда қалған барлық заңның құқықтық институттары шетел заңнамасының негізінде ғана қолданылуы мүмкін.

Заттық құқықтарды орнатудың пәні болып табылатын мәміленің нысаны заттың орналасқан жерінің заңына бағынады. Германдық азаматтық заңдар мен француздық тәжірибенің Кіріспе заңдарының 11-бабының екінші абзацына сәйкес, жалпы ережелерден ерекше жағдайларды барлық заттың сипаттамадағы мәмілелеріне қолданылады, ал ағылшын-американдық құқық мұны тек жылжымайтын мүлік мәмілесіне ғана қатысты қолданады. Сауда мәмілелерін жасауға байланысты тұлғаның қабілеттігі бойынша түрлі елдердің соттарының жалпы тенденцияларына шолу жасадық. Олар заңның қолданылуын тұлғаның жеке заңын қолдануға дейін тарылтады немесе шарттың жасалған жер заңын қолдануға дейін оны кеңейтіп жіберуі мүмкін. Бұл сауалдар АҚШ пен Англияның тәжірибесінде корпорациялық құқық қабілеттілігіне байланысты шыққан «жалпы құқық» доктринасының шығуына байланысты маңызға ие бола бастады. Қазіргі таңда корпорациялық мәмілені жасау бойынша қабілеттілігіне байланысты сауалдар коллизиялық құқық

¹ Луиц Л.А Курс международного частного права (Особенная часть). М.: Юридическая литература, 1975. 182-бет.

аспектісінде келесідегідей шешіледі: негізінен сарасіу корпорацияны құру заңына, яғни қай мемлекеттің немесе штаттың заңы бойынша корпорация құрылды, соған байланысты болып келеді. Аталған заң корпорацияның құқық қабілеттілігінің шектерін айқындайды, өйткені Гудричтың айтуы бойынша «жасанды түрде жасалған ұйымның — корпорацияның құқық қабілеттілігі оның сыртта мәміле жасауынан кеңейіп кетпейді, бірақ, бұл ретте мәміле нысаны бойынша корпорацияға ертенгі күні арыз қойылатын болса, корпорация шарт корпорациясының құқық қабілеттілігінен асырып жасалған деп үәж айта ала ма деген сұраққа жауап береді. Сонымен қатар, жекелеген жағдайларда инкорпорацияның жерінде шығарылған жалпы сипаттағы норма оның белгілі бір әрекеттерді жасауына шектеу болып табылады ма? Осы сұрақтарды шешіп алуымыз керек. Бірінші жағдайларда корпорацияның құқық қабілеттілігі барлық жағдайда шешілетіндігі айтылады; ал екінші жағдайда тек аумақтық сипаттағы тыйым туралы сөз болады.

Мәмілелердің мәні бойынша жарамдылығына байланысты коллизиялық сұрақтарды шешуде үлкен қиындықтар туындайды. Бұлардың қатарына ерік білдіруді бұзу, заңдылықты және шарттың сол немесе басқа бір шарттарын орындамауды жатқызуға болады.

Ағылшындық соттар мен Германияда шарттың жарамдылығын міндеттемелік статут бойынша шешетін, яғни шарт жарамды деп танылған жағдайда оның әрекеттері реттелетін заңмен шешеді. Сондықтан да, мәселен, екі жақты да қанағаттандыру бойынша ағылшындық құқық нормалары бойынша емес, басқа шетелдік құқық нормаларымен жасалған болса, қолдануға жатпайды. Келесі бір мысал: егер ағылшындық, француздық фирмалар арасында жасалған шарт ағылшындық заңнамаға сәйкестендіріліп жасалса және ағылшындық материалдық құқықта оған шек қойылмай, бірақ француз заңнамасына сәйкес жасалса британдық сот оны заңсыз деп танымайды.

Бірақ бұл жағдайда, мұндай француздық шек қою Францияда шарт орындалатын болса онда француз заңы ескерілуі тиіс.

Бұл жағдайда шетелдік заң фактілік жағдайдағы маңызға ие болады. Бірақ, бұл тұста ағылшындық заң жауапкердің міндеттемені тиісінше орындамауы туралы мәселені шешкен кезде материалдық құқықтық нормаларын ескеруі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім. 1999 ж. 1 шілде.
2. Сулейменов М.К. Право и внешнеэкономическая деятельность в РК. Алматы, 2001.
3. Покровская В. Организация и регулирование внешнеэкономической деятельности. М., 1999.
4. Сэлэкиюз Дж. У. Секреты заключения международных сделок. М., 1994.
5. Звекон В.П. Международное частное право. М., 2000.
6. Луиц Л.А. Курс международного частного права. М., 1975.
7. Ануфриева Л.А. Международное частное право. М., 2000.
8. Розенберг. Международная купля-продажа товаров. М., 1995.
9. Испаева Г.Б. Право, подлежащее применению в международной купле-продаже. Алматы, 1998.

5-т а р а у.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ

§ 1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ ШАРТЫ, ТҮРЛЕРІ, НЫСАНЫ

Тасымалдау шартын жасасудың экономикалық мақсаты жүктер мен адамдарды бір жерден екінші жерге апару қажеттілігі болып табылады. Көлік ұйымдарының, жүк жөнелтушінің, жүкті алушының, жолаушылардың мемлекеттер арасында жүкті тасымалдауды жүзеге асыруда пайда болатын осы қатынастар тасымалдау шартымен негізделген және осы шартпен реттеледі.

Осы тараптар арасындағы құқықтық қатынастар ең алдымен, олардың өзара жасасқан шартымен және сонымен қатар, осы шартты реттейтін заңдылықтармен анықталады.

Тасымалдау шартын жасасу мен орындау нәтижесінде туындайтын құқықтық қатынастардың жалпы жиынтығын білу үшін оны құрайтын элементтерді қарастыру қажет, әсіресе, жүкті тасымалдау мен жолаушылар қол жүгін ажырата білген дұрыс.

Тасымалдау шартын жасаудың негізі жүк тасымалдаушының жүкті немесе жолаушыны бір орыннан екінші жерге белгілі бір көлік құралымен сыйақыға өткізуге міндеттенуі болып табылады.

Сонымен, халықаралық тасымалдау дегеніміз — мүліктерді және жолаушыларды бір мемлекеттен екінші мемлекетке жеткізу немесе транзитпен жүктерді, жолаушыларды өткізу.

Халықаралық тасымалдауды ішкі тасымалдаудан айырудың негізгі белгілері:

- жүк, жолаушы кеден шекарасынан өтуі керек;
- жүкті немесе жолаушыны шекарадан өткізбей-ақ халықаралық тасымалдау шарты арқылы халықаралық тасымалдау деп есептеуге болады;
- халықаралық тасымалдауда ұлттық валютадан басқа шетелдік валюта қолданылады;
- халықаралық тасымалдаудың қайнар көздері ретінде халықаралық конвенциялар, ұлттық заңдар, халықаралық әдет-ғұрып танылады.

Халықаралық тасымалдау шарты жасалған болып, шарттың екі жақ тараптары да өзара еркіндік білдіруі болған кезде есептеледі. Осылайша, жүкті тасымалдау шарты ереже бойынша, консенсуалдық шарт болып табылады, яғни шарттың мазмұны мен екі тарап танысқан сәттен бастап құқықтық нәтижені тудырады, бірақ басқа да жағдайлар бар, олар әр түрлі ұлттық заңдарда бекітілген.

Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

Жолаушы мен теңдеме жүкті тасымалдау шарты тиісінше жол жүру билетімен және теңдеме жүк түбіртегімен рәсімделеді. Жол жүру билеті мен теңдеме жүк түбіртегінің нысаны көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіпте белгіленеді.

Шарт нақты болып табылады және жүк жөнелтушінің жүкті белгілі мекенге жеткізуге тасымалдаушыға беріп, оның осы мақсатты жүзеге асыруды қабылдап алған сәтінен жасалған деп танылады.

Жолаушыны тасымалдауға қатысты шарт жасасқан кезде келісім қай кезден басталатынын анықтау қажет. Құқықтық доктрина және сот тәжірибесі бұл сұрақты шешудің бірнеше жолын ұсынады (билетті сатып алу сәті, көлік құралына отырғызу басталған сәтте және т.с.с.).

Халықаралық жеке көлік құқығында тасымалдау шарты екі жақты сипатқа ие және көліктік жабдықтауды қайтарумен байланысты бола бермейді, сонымен қатар, құқықтық доктрина

және сот тәжірибесі тасымалдау шартының қайтарымсыздығын білдіреді.

Сондықтан әр мемлекеттердегі тасымалдау шартының нақты анықтамасы өзара ұқсас, дегенмен, өзара айырмашылықтарға ие.

Тасымалдау шартында әр түрлі құқықтық субъектілер қатысады. Халықаралық тасымалдау талаптарының субъектісі ереже бойынша жеке және заңды тұлға табылады. Шарттың бір тарабы ретінде тасымалдауға мүдделі және осы тасымалдау үшін белгілі бір ақшалай сыйақыны төлеуге дайын тұлға танылады; тасымалдау шартының екінші тарабы ретінде көлік құралын иеленуші және сондықтан, белгілі бір сыйақы үшін жөнелту бойынша қызметті жүзеге асырушы тұлға қатысады. Шарт бойынша бір тарап болып табылатын тасымалдаушы ретінде көлік ұйымы, яғни тасымалдаушы танылады, бірақ «тасымалдаушы» деген ұғымның өзі эволюцияға ұшырады. Англосаксондық, француз, неміс құқығы бойынша тек қана тасымалдау шартын жасасқан көлік құралын меншіктенуші (Shipowner-англ; Ship Нег-неміс; le bourdeois de Navire-француз). Француз және неміс құқығында «көлік иеленушімен» (armature, Reeder) қатар «фрахователь» (freteur, Verfrachter) термині пайда болады, осындай өзгерістер Солтүстік Еуропаның көптеген елдерінде және Голландияда пайда болды. АҚШ-та олар freight / con tractors деп аталады.

1921 жылы Гаага ережесінде «тасымалдаушы» термині енгізілді (transporteur- француз., carrier-ағыл.; transportowiec-поляктық.).

«Қазақстан Республикасының Көлік туралы» Заңына сәйкес тасымалдаушы — бұл меншік құқығы негізінде немесе басқа да заңдылық негізде көлік құралын иеленетін жүкті, жолаушыны, теңдеме жүкті және поштаны өтемақыға немесе, сәйкесінше, рұқсат не белгіленген тәртіпте берілген лицензия негізінде жалдауды ұсынатын жеке немесе заңды тұлға.

Халықаралық тасымалдауда тасымалдаудың бірнеше түрі бар.

1. Теңіз тасымалдауы.
2. Әуе тасымалдауы.
3. Теміржол тасымалдауы.
4. Автокөлік тасымалдауы.
5. Аралас тасымалдау.

1.1. Теңіз тасымалдауы

Ең күрделі құқықтық мәселелер халықаралық теңіз тасымалдауында туындайды. Бұл осы алдағы қатынастардың әр түрлілігімен және құқықтық қайнар көздердің әр түрлі сипатта болуымен түсіндіріледі.

Көптеген мемлекеттердің заңдылықтарында жүкті теңіз тасымалдауына қай елдің заңы қолдану керектігін қарастыратын коллизиялық нормалар жоқ. Бұл мәселелер сот тәжірибесімен шешіледі. Ұлыбритания және Франция соттарында (француз заңдылығына сәйкес) кеменің жалау заңы қолданылады, ал Германия соттарында мүлікті қабылдаған жердің заңы қолданылады. Польша елінің заңдылығына сәйкес тараптардың еркіндік заңы қолданылады. Тасымалдау шарттарында еркіндік болмаса, тасымалдаушының заңы қолданылады.

Жүкті теңіз тасымалдауы әр түрлі негізде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер мұндай тасымалдау теңіз тасымалдаушысының бүкіл немесе жарты, яғни бір бөлігін беруді ұсынбайтын болса, онда тасымалдауға қатысушылардың арасындағы қатынас коноссаментпен рәсімделеді.

1924 жылы Брюссельде коноссамент туралы кейбір ережелерді унификациялау туралы конвенция жасалды. Бұл конвенцияны қысқаша «Гаага ережесі» деп атайды. Қазіргі заманда бұл конвенцияны қолдануға байланысты өзгерістер енгізілген.

Тасымалдау шартының екінші тарабы болып жүк жөнелтуші, фрахтователь танылады.

Жүкті қабылдап алушы тұлға болып белгіленген жерде оған жүкті беруін немесе жолда келе жатқан жүкті беруді талап ете алатын танылады.

1924 жылы Гаага ережелері бойынша қарастырылған мәселелер:

- 1) коноссаменттің мәртебесі;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігі;
- 3) тасымалдаушының жауапкершіліктен босатылуы;
- 4) арыз беру жағдайы.

Егер тараптар Гаага ережесін қолданатын болса — бұл ереже бойынша аса қауіпті жүктерді және жануарларды тасымалдамайды.

Гаага ережесі бойынша тасымалдаушының міндеттері:

1) тасымалдаушы кемені жүзуге дайындық жасау керек. Ол үшін техникалық құралдарын қарап, қалай жүретінін қарастыру керек;

2) экипажды дайындау керек;

3) егер тез бұзылатын тағамдар болса, олар үшін арнайы бір бөлме бөлу керек.

Егер тасымалдаушы жүк берушіден жүкті қабылдаған кезде жүктің саны мен сапасы инвойс бойынша сәйкес келмесе, онда тасымалдаушы коносаменттің шетіне жүктің саны мен сапасы сәйкес емес деп жазады да бұны «Лас коносамент» деп атайды.

Егер құжат бойынша және фактілі түрде тексерілгенде саны мен сапасы сәйкес болатын болса, онда тасымалдаушы «Таза коносаментті» жүк жөнелтушіге ұсынады.

Гаага ережесі бойынша тасымалдаушы 13 жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Жалпы бұны форс-мажорлық жағдай деп атайды және де новигациялық қателіктер бойынша да босатылады. Ал егер тасымалдаушы кінәсіздігін дәлелдей алмайтын болса, жауапкершілікке тартылады. Жүк қабылдаушы жүкті қабылдағаннан кейін жүкті қарап шығуы керек. Жүктің саны жетіспеуіне байланысты жүк тасымалдаушыға үш күн ішінде жазбаша түрінде хабарлауға міндетті. Талап мерзімі – 1 жыл. Гаага ережесіне 1968 жылы өзгертулер енгізіліп, ол 1978 жылы күшіне енді. Осы конвенцияны қысқаша «Правила Висби» деп атайды.

Висби ережелерінің ерекшеліктері – тек қана конвенцияға қосылған мемлекеттер арасында қолданылады және тасымалдаушы жауапты болатын болса, ол жүктің ақысын төлеу керек. Осы ереже бойынша әр жүктің орнына 10000 франк төлеу керек. Ал егер жүктің орнын анықтай алмаса, онда әрбір жүктің брутто кг. бойынша өлшенеді.

1 кг брутто – 30 франк пуанкаре

1 франк пуан каре – 65,5 мг. 900 алтын бұйым сынамасы.

Қазіргі заманда сауда жүгін жеткізу үшін теңіз тасымалдауында чартер шарттары қолданылады. Бұл көбінесе делдалдық арқылы жасалатын шарт және бірнеше міндеттейтін жағдайлары бар: стивидорлық жұмысқа ақы төлеу, диспачка, демереджге.

Мұнда фрахт жүктің салмағына қарай төленеді. Фрахттың бірнеше түрі бар:

1. Егер кеменің ішінде жүк толығымен орын алып тұрса, ол нақты фрахт деп аталады.

2. Ал егер жүк жартылай толтырылса, оның жартысы бос болған жағдайда мұндай фрахтты «өлік» фрахт деп атайды.

3. Аванс берілген фрахт. Мұнда жүкті тиер алдында алдын ала фрахт төлейді.

4. Алдын ала фрахт. Алдын ала фрахттың аванс фрахтынан айырмашылығы — 100 % төлеу керек.

Әрбір жүктің орнына 835 СДР төленеді, ал әрбір брутта кг/ға — 25 СДР төленеді.

1 СДР — 1,37 \$.

Францияда 100 кг /ды — квинтал дейді, ал Германияда — двойной центнер. Мұнайды мұндай тасымалдауда баррельмен, ал бидайды бушельмен есептейді.

1 баррель — 42 галлон.

1 галлон — 4,546 л.

1.2. Халықаралық әуе тасымалдауы

Әуе тасымалдауы — жаңа тасымалдаудың бір түрі. ХХ ғасырдың басы ХІХ ғасырдың соңында әуе тасымалдауына байланысты ең бірінші 1929 жылы конвенция қабылданды. Ол — «Әуе тасымалдауының кейбір ережелерін унификациялау» туралы Варшавалық конвенция.

1944 жылы «Азаматтық авиация» туралы Чикаго конвенциясы қабылданды. Осы конвенцияға Қазақстан Республикасы да қосылған.

Қазақстан Республикасы мен Германияның арасында әуе қатынасы туралы келісім жасалды. Қазіргі таңда, әуе қатынасы бойынша Қазақстан Республикасы 20 мемлекетпен шартқа қол қойған.

Варшава конвенциясы мынадай жағдайларда қолданылмайды:

а) аралас тасымалдауында;

ә) пошталық корреспонденцияны тасымалдамайды.

Әуе тасымалдауында жүкке қатысты әуе жүкқұжаты қолданылады, оны жүк жіберуші үш данада толтырады. Әуе жүкқұжатында жүк жөнелтушімен тасымалдаушының қолы болуы керек. Қазіргі кезде «Штемпель» қолданылады.

Тасымалдаушы егер тауарды уақытында жеткізбесе немесе жоғалтып алса жауапкершілікке тартылады.

Жүк қабылдаушы тауарды қабылдап алғаннан кейін, тауар жетіспесе жеті күн ішінде хабарлауы керек. Егер тауар уақытында жеткізілмесе онда қосымша 20 күн беріледі.

Әуе тасымалдауында чартерлік тасымалдау қолданылады. Бұл шартта фрахтователь — тасымалдаушы, фрахтовщик — жүк жіберуші.

1.3. Теміржол тасымалдауы

Көп уақыт бойы теміржол тасымалдауы аясында ең маңызды келісімдердің бірі болып «Жүкті және жолаушыны теміржол тасымалдауы туралы» Берн конвенциясы танылды. 1980 жылы Берн конвенциясын қайта қарау конференциясында жаңа халықаралық теміржол тасымалдауы туралы келісім (КОТИФ) қабылданды. Оған 38 мемлекет қатысты.

КОТИФ ережесі бойынша жүкті мерзімінен кешіктіріп жеткізгені үшін жүкті қабылдап алушы зиян шеккен жағдайда оған жүкті тасымалдау өтемақысы үш есе етіп қайтарылады.

Біздің Қазақстан Республикасында 2001 жылы 8 желтоқсанда «Теміржол көлігі туралы» Заң қабылданды.

Осы Заңның 65-бабына сәйкес: «жолаушыны тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы оған жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес поезде орын беріп, оны баратын жеріне жеткізуге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүру ақысын төлеуге міндетті».

Тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауапкершілігі болады.

1.4. Автокөлік тасымалдауы

Жол жүру ережелері 1949 жылғы 19 қыркүйектегі Жол жүру белгілері және сигналдар туралы хаттамалармен реттеледі. Сонымен қатар, халықаралық жүкті тасымалдау туралы Кеден конвенциясы қолданылады (1975 жыл).

Еуропалық елдер арасындағы жүкті халықаралық автокөлікпен тасымалдау шартының талаптары 1956 жылғы 19 мамырдағы жүкті халықаралық жол жүру шарты туралы Конвенциямен реттеледі.

Автокөлік тасымалдауында автокөлікпен үшінші тұлғаға зиян келтіруде кепілдік беруді қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Осылайша автокөлік хабарламаны ұйымдастыру туралы келісімдер бойынша, яғни екі жақты, автокөлік тасымалдауында, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру міндетті түрде қарастырылуы қажет.

Бұндай жағдайды қарастыру жауапкершілікті айқындау кезінде үлкен рөлге ие болып табылады.

§ 2. ЖҮКТІ ТАСЫМАЛДАУ ШАРТЫ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІК

Тасымалдау шарты бойынша тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда жүкті тасымалдаушы, жүк жөнелтуші, жүкті алушы мүлтік жауапкершілікте болады. ТМД елдерінде шектеулі жауапкершілік қағидасы қолданылады.

АҚШ-тың заңдылығы: белгілі бір жағдайларға байланысты тасымалдаушының шарттың жауапкершілігіне шектеуге жол береді. Германияның жүкті автокөлікпен тасымалдау туралы заңы алыс жолға тасымалдау кезінде кәсіпкер заңдылық бойынша белгіленген немесе тариф бойынша белгіленген тасымалдау шартында көрсетілгендіктен жауапкершілікті шектей не алып тастай алмайды.

Француз заңдылығы: тасымалдау шартында тек қана жүкті жеткізудегі мерзімнің өтіп кетуіне байланысты жауапкершілік қана әрекет етеді.

Жүкті халықаралық тасымалдау кезінде тараптардың жауапкершілігін шектеу немесе жоғарылатуға жол берілмейді.

Кейбір елдердің ұлттық заңдылығында және халықаралық келісімдерде белгіленген шектеу немесе жауапкершіліктен босату, егер тасымалдаушы алдын ала ойластырып немесе немқұрайдылығына байланысты зауал келтірген жағдайда қолданылмайды деп қарастырылған.

Жүкті халықаралық тасымалдау кезінде тасымалдаушы жүкті жөнелтуге қабылдап алған сәттен бастап, оны жеткізгенге дейін жүктің сақталуына жауапты болады (жоғалуы, жетіспеушілігі, бүлінуі немесе зақымдануы). Бұл жауапкершілік кінә қағидасы бойынша құрылады.

Тасымалдау кезінде арақашықтықты анықтау және көліктің жүру маршруты әрқалай анықталады. Кейбір елдерде оны тасымалдаушының өзі анықтайды, ал кейбір кезде келісімшартта көрсетіледі.

§ 3. ЖОЛАУШЫНЫ ЖӘНЕ ТЕНДЕМЕ ЖҮКТІ ТАСЫМАЛДАУ

Жолаушыны және тендеме жүкті тасымалдаудағыдай сияқты шарт негізінде жүзеге асырылады. Жолаушыны тасымалдау шарты — ол бір тарап тасымалдаушы жолаушыны мекенге жеткізуге міндеттенеді, ал екінші тарап жолаушының белгіленген жолақысын төлеуге міндеттенуі.

Жолаушыны тасымалдау шарттың тараптары болып жеке тұлға (жолаушы) және тасымалдаушы танылады. Жолаушыны тасымалдау шарты ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Жолаушыны автобустарда тасымалдау жол жүру билетімен рәсімделеді.

Ағылшын құқығы бойынша осы рейске берілген билет, егер онда шарттар көрсетілген болса, шарт құжат болып табылады. Бірақ та, қала ішіндегі билет бұл жолаушының билет ақысын төлеп, шарт талаптарын орындады дегенді білдіреді.

Жолаушыны халықаралық тасымалдауда да тасымалдау шартын жасау билетпен бекітіледі. Халықаралық келісімдер билеттің мазмұнына кейбір ерекше талаптарды қояды.

Жолаушы құқықтары:

1) өзімен бірге балаларды тегін немесе өзге де жеңілдікті жағдайларда алып жүруге құқылы;

2) белгіленген нормалардың шегінде өзімен бірге қол жүгін ақысыз алып жүруге құқылы;

3) теңдеме жүкті тариф бойынша ақы төлеп, тасымалдауға тапсыруға құқығы бар;

Құқықтарымен қатар, жолаушы міндеттерге де ие. Оның негізгі міндеті болып, жол ақысын төлеу міндеті табылады. Жолаушылардың жол ақысын төлеуі сәйкесінше, тариф негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы ереже бойынша теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы белгіленген мекенге жеткізуге міндеттенуі, ал екінші тарап жолаушы теңдеме жүкті тасымалдауына ақы төлеуіне міндеттенеді. Теңдеме жүкті тасымалдау құқығы жолаушыны тасымалдаушы шарты негізінде жүзеге асырылады.

3.1. Жолаушыны және теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша жауапкершілік

Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша екі тарап та нормативтік тәртіпте белгіленген ретте мүлктік жауапкершілікте болады. ТМД елдері арасында теңдеме жүкті тасымалдау кезінде шектеулі жауапкершілік қағидасы әрекет етеді. Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, мысалы, кідірту немесе кешігу

дүлей күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.

Жолаушы көлік құралы жөнелтілуінің кідіруі себебінен тасымалдаудан бас тартқан жағдайда, тасымалдаушы жолаушыға кіре ақысын толық көлемде қайтаруға, сондай-ақ жолаушыға осындай кідіруге байланысты ол шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті.

Басқа елдерде (Англия, Франция т.б.) бұған жол берілмейді. Осылайша, Францияда тасымалдаушының жолаушыны тасымалдау кезіндегі жауапкершіліктен босату әр жақта қарастырылған. Англияда жауапкершіліктің талаптары шарт негізінде жүзеге асырылады.

Халықаралық тасымалдаудағы жолаушыны тасымалдау немесе теңдеме жүкті тасымалдау бойынша жауапкершіліктің нақты талаптары көлік конвенцияларында нақты көрсетілген. Бірақ, ескеретін нәрсе, көрсетілген халықаралық келісімдер жауапкершілікке байланысты мәселені шешпейді, ол тек қана ұлттық заңдылық нормаларына сілтеме жасайды. Жүкті және жолаушыны тасымалдау бойынша шарт негізінде белгіленетін жауапкершіліктің көлемін немесе талаптарын тараптар не өзгерте алмайды, не алып тастай алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Луиц А.А. Курс международного частного права. Особенная часть. М., 1975.
2. Садиков О.Н. Правовое регулирование международных перевозок. М., 1981.
3. Гуреев С.А. Коллизионные проблемы морского права. М., 1972.

6-т а р а у.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ

§ 1. ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ СҰРАҚТАР

Қазақстан Республикасының отбасы және неке заңында, сондай-ақ, халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін нормаларда отбасы құқығы, некелесу, туыстық, бала асырап алу және баланы отбасы тәрбиесіне

қабылдаудың басқа да нысандарына орай пайда болатын, яғни отбасы қатынастарын өзіндік және соған байланысты мүліктік қатынастарды, яғни отбасы қатынастарын зерттейтін құқық саласы болып табылады.

Халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін нормалар қатарына Балалар құқықтарын қорғау және халықаралық бала(қыз) асырап алу туралы 1993 жылғы 29 мамырдағы халықаралық Конвенция, Адам құқықтары туралы Жалпыға бірдей Декларация, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғау туралы Халықаралық пакт, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар және құқықтық көмек туралы 1993 жылғы 1 қаңтардағы Минск конвенциясы, Қазақстан Республикасы заңымен 1999 жылғы 30 желтоқсанда ратификацияланған Шет елден алимент өндіріп алу туралы 1962 жылғы 5 қыркүйектегі Конвенция, Балаларды қорғау және жет елдегі бала (қыз) асырап алу қатынастары жөніндегі қызметтестік туралы 1993 жылғы Конвенция, Некеге тұруға келісім беру, неке жасы және некеге тіркеу туралы 1966 жылғы халықаралық Конвенция, сонымен бірге, 1966 жылғы азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің факультативті протоколы, Бала құқығы туралы 1959 жылғы халықаралық Декларация, Біріккен Ұлттар Ұйымының 1959 жылғы балалар құқығы туралы Конвенциясы, балаларды халықаралық ұрлау және азаматтық туралы Конвенциялар жатады. Қазақстан осындай көптеген конвенцияларды мойындап, осы бағыттағы халықаралық ұйымдарға мүше болып табылады.

Отбасы — қоғамның ең басты ұясы. Сондықтан, мемлекет оған ерекше қамқорлықпен қарайды, мүмкіндігіне қарай көмектеседі, кім-кімнің болсын сырттан заңсыз араласуына жол бермейді және қорғайды. Әрине некеге отырған, отау тіккен адамдарға мемлекет те белгілі бір талаптар қояды. Тек осындай талаптар орындалған жағдайда ғана, мемлекет неке, отбасына қамқорлық жасау туралы міндеттемелер қабылдайды. Мұндай талаптар кездейсоқ емес, олар азаматтардың кемелденуіне және қоғамның мүдделеріне байланысты туындайды. Сондықтан, отау тігу үшін заңда көзделген шарттарды сақтау қажет. Отбасы құқығы бойынша неке — бұл ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасы құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалатын еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ.

Отбасы құқығының материалдық-құқықтық нормалары түрлі мемлекеттерде үлкен алуандылықпен көзге түседі, ал бұл өз кезегінде бұл саладағы шетел қатысуымен болған құқықтық қатынастарда коллизиялардың пайда болуына алып келеді. Экономикалық құрылымның ерекшеліктерімен қатар отбасы қатынастарын реттеуге, сонымен қатар, ұлттық, тұрмыстық, діни ерекшеліктер мен салт-дәстүр әсер етеді.

Отбасы және неке мәселесі/коллизиялық сауалдардың ішіндегі ең күрделісі десе де болады. Некеге тұрушылардың екеуінің екі мемлекетте болуы, олардың некелеріндегі жастарының айырмашылығы, яғни әрекет қабілеттігі, сонымен қатар, некенің қай уақытта тоқтатылатындығы туралы мәселелер де шешілуі қиын мәселелердің бірі болып табылады.

Халықаралық жеке құқықта неке және отбасы қатынастарына тоқталып, неке және отбасы қатынастарындағы коллизиялық сұрақтарға жауап беріп, некеге отыру, некені тоқтатудың ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Неке — бұл ерлі-зайыптылар арасында жасалатын шарт, осы ерлі зайыптылардың арасындағы қатынас, олардың бір жағы шетелдің қатысуымен болады, осы ерекшеліктері зерттеу объектілерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, отбасындағы бала құқықтары, оларды асырап алу мен қорғаншылық, қамқоршылық институттарының халықаралық жеке құқықтың деңгейінде ерекшеліктері бар.

Коллизиялық сұрақтарды шешуден бұрын біздің заңнаманың осы неке және отбасы қатынастарына байланысты қандай ережелерді қолданатындығына назар аудару қажет. Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес ер адамдар мен әйелдердің тең құқықтарға ие екендігін алға тартқан жөн. Отбасылық қатынастар үшін ерлі-зайыптылардың отбасындағы сұрақтарды шешудегі тең құқықтық жағдайда болуы үлкен маңызға ие болып табылады және бұл отбасындағы бала тәрбиесіне де қатысты болып келеді. Біздің отбасы және неке құқығы саласындағы заңнама бала мен ананы жан-жақты қорғауға бағытталғандығын айту керек. Отбасылық қатынастарда тегіне, әлеуметтік, мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына байланысты кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітушілікке жол берілмейді.

Бірқатар мемлекеттердің отбасы құқығына ер адамның басшылығы тән болып табылады; көптеген мемлекеттерде осы

күнге дейін отбасындағы әйел мен ер адамның теңсіз құқықтық жағдайлары орын алып келе жатыр. Бұл мемлекеттердің отбасылық заңдарында неке шарты деген түсінік бар, бұл жерде некеге тұрғанша неке шарты бекітіліп, ер адамның әйел адамның мүлкіне деген құқықтарын анықтайды¹.

Көптеген мемлекеттердің заңнамасы бір ғана некенің (моногамия) болуын бекітеді. Бірақ, қазіргі күнге дейін Азия мен Африканың көптеген мемлекеттерінде көп әйел алушылық (полигамия) танылады, некеге тұру кезінде қалындыққа ақы төлеу және басқа да архаикалық әдет-ғұрыптар күні бүгінге дейін сақталуда. Бұның барлығы отбасы құқығындағы әйелге қатысты дискриминацияның болуын білдіреді. Бірқатар елдердің заңнамасы мен тәжірибесі нәсілдік кемсітушілікке жол береді; түрлі нәсіл мен дінге көзқарастары бөлек адамдарға некеге отыруға тыйым салынады.

Осы жекелеген отбасы заңнамасындағы әр түрлі жағдайда екі мемлекеттің азаматы некеге отырған уақытта коллизиялық сұрақтарды шешу үлкен маңызға ие болып табылады. Батыс мемлекеттерінде отбасы құқығы қатынастарындағы коллизиялық нормалар алуандылыққа ие болып табылады. Некелік құқық қабілеттілік, яғни некеге тұру жасы, некеге тұруға кедергілердің болмауы — мұның барлығы түрлі мемлекеттерде ерлі-зайыптылардың өздерінің жеке заңдарымен анықталады. Некені тоқтатқан кезде түрлі азаматтыққа ие ерлі-зайыптылар арасында бірқатар мемлекеттерде ер адамның азаматтық заңы қолданылады.

Бір мемлекетте сол елдің заңының талаптарын сақтай отырып жасалған неке сол мемлекетте танылғанымен, басқа мемлекеттерде танылмауы да мүмкін, бұны халықаралық жеке құқықта «ақсандаған неке» («хромающие браки») деп те атайды.

Некедегі ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары бірқатар мемлекеттерде ер адамның жеке заңымен анықталады.

Бірқатар мемлекеттерде түрлі коллизиялық мәселелер шешіледі. Венгрияның халықаралық жеке құқық туралы Заңының 30-параграфына сәйкес некенің жарамдылығының материалдық-құқықтық шарттары некеге тұрушылардың «ортақ жеке заңдарымен» анықталады. Егер де бұл тұлғалардың жеке заңдары түрліше болып келсе, онда некенің жарамдылығы сол

¹ Богуславский М.М. Международное частное право. М., 1994. 294-бет.

екі тараптың да жеке заңдарымен жарамды деп танылса (өзара түсіністік негізінде), жарамды болып баға беріледі.

Венгрияда некенің нысанына некеге отыру жерінің құқығы қолданылады. ҚХР-да Қытай азаматы шетел азаматымен некеге тұратын болса, онда некеге отыру жер заңы қолданылады, ал некені тоқтату кезінде — некені тоқтату туралы мәселені шешетін орган — сот елінің құқығы қолданылады (Қытай Азаматтық құқығының жалпы ережелерінің 147-бабы).

Венгрия мен Румынияда некені тоқтату туралы сауалды шешу кезінде негізгі қағиданың бірі болып, ерлі-зайыптылардың заңдары танылады.

§ 2. НЕКЕГЕ ОТЫРУ ЖӘНЕ НЕКЕНІ ТОҚТАТУ

Некені заңды түрде ресімдеу дегеніміз халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастары туралы заңнамалар мен Қазақстанның заңнамаларына сәйкес азаматтық хал актілерін жазу органдарында тіркеу болып табылады. Белгілі бір тәртіппен тіркелген некенің ғана құқықтық күші болады. Бұл ереже неке-отбасы заңдарының негіздерінің бірі. Бұл мән-жайдың халықаралық жеке құқықтағы неке және неке қатынастарын реттейтін заңнамаларда да ерекше маңызы бар. Ерлі-зайыптылардың заңдық құқықтары мен міндеттері неке АХАЖ-да тіркелген кейін ғана ерлі-зайыптыларды қорғау туралы міндеттеме алады, оларды ерлі-зайыптылар ретінде ресми таниды, сондай-ақ бұл отбасыға қамқорлық көрсетеді¹.

Халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін жалпыға танымал заңнама талаптарын негізге ала отырып, отбасы-қоғамның ең басты ұясы болғандықтан, мемлекет оған ерекше қамқорлықпен қарайтынын, қолда бар мүмкіндіктеріне қарай көмектесетінін, кімде-кімнің болса заңсыз араласуына тыйым сала отырып, қорғайтынын, ол үшін некеге отырған, отау тіккен адамдарға мемлекет некеге, отбасына қамқорлық жасау туралы өзіне міндеттеме қабылдайтынын білдік. Мұндай талаптар кездейсоқ емес, олар азаматтардың кемелденуінен сондай-ақ қоғамның өнегелі отбасы — игілік негізі мүдделерінен туындайды. Сондықтан халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңдар бойынша отау тігу үшін заңда көзделген шарттарды сақтау керек.

¹ Базарбаев Б.Б., Басин Ю.Г. т.б. Семейное право. Алматы: Мектеп, 1984.

1. *Қазақстан Республикасында Қазақстан азаматтарының шетел азаматтарымен некеге отыруы.* Қазіргі заман жағдайында, халықаралық қатынас пен әріптестіктің дамуы кезінде қазақстандық азаматтардың шетел азаматтарымен некелесуі көптеп орын алып отыр. Мұндай некені бекіту, өз кезегінде балалар мен олардың ата-аналарының түрлі азаматтықта болу жағдайларын көбейтеді.

Қазақстан Республикасында қазақстандық азамат пен шетел азаматының некесі, сонымен қатар шетелдіктердің де некесі бекітіле береді. Біздің заңнама, өз азаматтарымыздың басқа шетел мемлекетінің азаматымен некелесуге тыйым салып, ол үшін рұқсат сұрауды талап етпейді.

Біздің азаматтардың шетел азаматтарымен некелесуі, сонымен қатар шетел азаматтарының өздерінің арасында некелерін бекітуі Қазақстан Республикасының заңнамасына бағынады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл салада «некеге отыру жер заңы» немесе «lex loci celebrationis» деген коллизиялық қағида қолданылады. Неке біздің заңнамада көзделген нысан бойынша жасалады, яғни азаматтық хал актілерін жазу органдарында, осы некені тіркеудің бекітілген ережелерін сақтай отырып тіркеледі. Қазақстан Республикасында некені діни жолмен бекіту қандай да бір құқықтық салдарға жетелемейді, бірақ бұны адамдар өз арасында тануы да мүмкін.

Қазақстан Республикасында некеге тұру туралы келісім некеге тұрушылардың өздерімен жасалуы тиіс болып табылады. Бірқатар елдерде (Испания, Перу т.б.) некеге тұрушылар сенімхат беріп, өкіл арқылы некеге тұруларына жол беріледі. Біздің заң мұндай өкілдік етуге жол бермейді.

Шетелдіктердің де некеге тұруларының материалдық шарттары олардың ұлттық заңнамасымен емес, біздің заңнама бойынша анықталады. Мәселен, қазақстандық неке және отбасы заңнамасына сәйкес некеге отыру үшін екі жақты келісім, белгілі бір жасқа толу және тағы басқа талаптар қойылады.

«Неке және отбасы туралы» Заңның 11-бабында «Егер тұлғалардың бірі басқа некеде тіркелген болса, онда ол жаңа некеге отыра алмайды» делінген, яғни егер шетелдіктің өз заңы көп әйел алушылыққа жол берсе, онда ол біздің республикамызда некеге отыра алмайды.

Шетелдік азамат, егер оның өз заңы екі некеге рұқсат бергеннің өзінде бізде некесін тіркеуді талап ете алмайды. Кейбір

мұсылмандық елдерде (Түркия, Ирак) екі некеге рұқсат етілмейді.

Шетелдіктер, сонымен қатар, біздің азаматтар некеге тұрған кезде, некеге тұруға ешқандай кедергі жоқ екендігі тексеріледі және мұндай тексерістің ең бастысы оның басқа некеде тұрған-тұрмағандығы анықталады. Некеге тұруға кедергілердің бар екендігін айту міндеті некеде тұрушыларда болып келеді.

Некеге тұрушының басқа некеге тұрмағандығы дәлелдейтін бірден-бір дәлел оның басқа некесі туралы Азаматтық хал актілерін жазу органдарында ол туралы жазбаның болмауы болып табылады. Егер шетелдік біздің Республикада некеге отыру ниетін білдіретін болса, ол өзінің мемлекетінің тиісті органынан өз мемлекетінде ешкіммен некеде тұрмайтындығын дәлелдейтін анықтама қағазын алып келуге міндетті. Тәжірибеде әдетте мұндай анықтама қағаздары Қазақстан Республикасындағы тиісті мемлекеттің елшілігімен немесе консулдығымен беріледі.

Біздің құқыққа белгісіз басқа мемлекеттердің шектеулері (нәсілдік, діни, ата-ана келісімінің болмауы, т.б.) біздің елде некені тіркеуден бас тартуға негіз болып табылмайды. Бұл шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тіркейтін некелеріне де байланысты болып табылады. Тәжірибеде шетелдікпен некеге отыруға толық емес, ішінара шектеулер қойылатыны анық. Мысалы, некеге отыру үшін рұқсат алу Венгрияда, Үндістанда, Иракта, Италияда және тағы басқа да мемлекеттерде бекітілген.

Біздің азаматтардың шетелдік азаматтармен некелерін тіркеу кезінде бірқатар жағдайда некеге отырушы шетелдіктің де заңнамасы басшылыққа алынуы керек, өйткені, бұл жағдайда некені жарамсыз деп тану басқа мемлекетте орын алмауы анық. Мынадай мысалды келтірсек болады: егер, некеге тұрушының елінің заңнамасы бойынша ол келісім алмаған кезде неке ол елде жарамсыз болып қалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда біздің АХАЖ органдары некеге тұрушыларда оның мұндай некеге отыруға келісім бар-жоқтығын анықтауы керек. Егер де мұндай келісім болмаса, некеге отырушылармен келісіле отырып, шетелдіктің осындай келісімді алуы үшін уақыт беріледі. Егер де осы белгіленген уақытта органға қажет келісімді алып келмейтін болса, бірақ некеге тұрушылар некені тіркеуді талап етіп отырса, неке тіркеуші орган мұндай келісімнің болмауына

қарамастан некені тіркеуге міндетті болып табылады. Мұндай неке біздің заңнама бойынша танылғанымен, тиісті шетелдіктің мемлекетінде бұл неке танылмайды. Бұл өз кезегінде біздің мемлекеттің азаматының өзінің некелескен адамының мемлекетіне барған уақытында құқығының шектелуіне алып келуі мүмкін.

Бұндай жағдайда түсіндірудің рәсімі үлкен маңызға ие болып есептеледі, өйткені біздің азамат шетелдікпен некеге отырған кезінде бұл некенің басқа мемлекетте, оның ішінде некелескен адамының мемлекетінде танылмай, оның белгілі бір шекте мүліктік құқықтары шектелетіндігін білуі шарт болып табылады.

80-жылдары Болгариямен, Вьетнаммен, Венгриямен, Финляндиямен бекітілген құқықтық көмек көрсету туралы шарттарда некені бекіту нысаны неке бекітілген мемлекеттің заңымен анықталатындығы айтылады.

Материалдық шарттар жағдайын да құқықтық көмек көрсету шарттары қамтып кеткен. Мысалы, Вьетнаммен КСРО-ның арасында жасалған құқықтық көмек көрсету шарттарында ерлі-зайыптылардың мүліктік жағдайы сол азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасымен шешіледі деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық туралы Заңында Қазақстан Республикасы азаматының шетел азаматымен некеге тұруы немесе онымен некені тоқтатуы азаматтықтың өзгеруіне алып келмейді деп көрсеткен.

Бір некелесушінің өз азаматтығын өзгертуі екінші азаматтың азаматтығының өзгеруіне алып келмейді.

Консулдық некелер. Біздің заңнама Қазақстан Республикасының аумағында консулдық некелерді, яғни шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен елшіліктерде жасалатын некені таниды.

Шетел азаматтарының арасында Қазақстан Республикасының аумағында елшіліктер мен өкілдіктерде жасалатын некелер екі жақты танудың негізінде ғана жарамды болып танылады. Ол үшін елшілік жіберіп жатқан елдің Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі болуы қажет. Бұған қоса мұндай некелердің жарамдылығына тағы бірқатар талаптар қойылады: а) екі жақты келісімнің болуы, яғни шетел мемлекетінде осындай консулдықтардағы некенің танылуы; ә) некеге тұрушы екі тұлға да сол елшілік пен консулдықты жіберген мемлекеттердің азаматы болуы.

Басқа мемлекеттермен жасалған консулдық конвенциялар өз мемлекетінің азаматының некесін консулға тіркеуге рұқсат етеді. Мұндай консулдық конвенциялардың көпшілігінде консул сол келуші мемлекеттің заңына сәйкес некені тіркеуі тиіс деп көрсетілген. Тек кейбір консулдық конвенцияларда ғана консул некені өзінің келген мемлекетінің заңнамасына қарсы болмаса, өз мемлекетінің заңы бойынша тіркеуіне болады деп көрсетілген. Куба мен Финляндия арасындағы консулдық конвенцияларға сәйкес, консул некені тек өзі келген мемлекеттің заңнамасына қайшы болмаған жағдайда ғана өз мемлекетінің заңы бойынша тіркеуі тиіс болып табылады.

Консулдық конвенцияларда осындай некенің тіркелгендігі туралы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына хабарлау қажеттігі туралы жазба жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен басқа мемлекетте некеге отыруы. Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен біздің аумақта да, сонымен қатар, басқа мемлекет аумағында да некелесуі мүмкін. Мұндай некелер сол некеге отырушы мемлекеттің заңдарының талаптарымен қойылған неке нысанына сәйкес болуы шарт. Тиісті мемлекеттің муниципалитетінде, мэриясында немесе басқа да органдарында және діни ғұрыптарды сақтай отырып жасалған неке сол мемлекетте танылғанымен, кейіннен, біздің мемлекетте танылуы мүмкін бе деген сұрақ туады. Біздің заңнама бұл орайда нақты жауапты беріп отыр.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының ережесіне сәйкес, егер неке Қазақстан Республикасының аумағынан тыс, сол тиісті мемлекеттің заңнамасы бекіткен нысанда тіркелетін болса және ол Қазақстан Республикасының некені тіркеуге байланысты заң талаптарына қайшы болмайтын болса, ол неке заңды деп танылуы ықтимал болып табылады.

Басқаша айтқанда, мұндай неке заңды болып танылуы үшін біздің мемлекеттің некелесу бойынша заңының материалдық нормалары бұзылмауы тиіс болып табылады. Бұл айтылғанның мазмұнын ашатын болсақ, біздің мемлекеттің азаматтығында тұрған азаматтың некесі жарамды болуы үшін ол біздің заңнаманың қоятын материалдық шарттарын сақтауы керек. Шетелдікке қатысты айтар болсақ, қазақстандық азаматпен некеге тұру үшін оған біздің заңнаманың талаптарын сақта деп айта алмаймыз, өйткені, ол неке біздің мемлекеттің аумағында емес, басқа мемлекеттің аумағында жасалуы тиіс. Осыған сәйкес некенің

жасалған орнының заңы қолданылуға жатады. Некенің нысанына байланысты айтар болсақ, оның жарамды деп танылуының негіздері басқа да болып қалуы мүмкін. Өткеннен мысал келтірер болсақ, 1937 жылы Л. деген азамат Тегеранда ирандық қалыңдық Амалиямен некелеседі. Неке Тегерандағы орыстың Православиелік шіркеуінде жасалады, өйткені ирандық заңнама бойынша діни нысанға жол берілген. 1958 жылы Тбилисиде тұрып жатқан Л. Раиса дегенмен некелеседі. 1960 жылы Л., қайтыс болып кеткеннен кейін Амалия мұраға бірден мұрагер бола отырып, Л-дің екінші некесін заңсыз деп тануды сұрап Грузиялық сотқа талап арызын береді. Сот талап қоюшының пайдасына істі шешеді.

Егер Қазақстан Республикасының азаматы мен шетел азаматының некесін тиісті мемлекеттің жергілікті органдарында тіркеу кезінде біздің азаматтың шетел азаматымен некелесуге құқығын танитын қағазды талап етсе, онда мұндай анықтама қағазын Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттердегі елшілігі бере алады.

Сонымен қатар, жоғарыда атап кеткеніміздей, консулдық конвенцияларда консулдың мемлекетінің азаматы некеге тұрғандығын тіркеп тұру міндеті көрсетіледі. Мысалы, кейбір мемлекеттердің консулдық жарғылары мұндай міндетті тікелей көрсетуі мүмкін. Мысалы, бұрынғы Кеңес мемлекетінің заңнамасында бұл тікелей көзделген болатын.

Қазақстан Республикасы азаматтарының арасында шет мемлекетте некені бекіту. Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының арасындағы неке тиісті мемлекеттегі Қазақстан Республикасының елшіліктерінде жүзеге асырылады. Некені тіркеу азаматтық хал жағдайының бірден-бір актісі болып есептеледі. Қазақстан Республикасының консулдықтарында шет ел аумағында некені бекіту кезінде толығымен біздің мемлекеттің заңдары басшылыққа алынуы тиіс, өйткені екі азамат та біздің республика азаматы болып табылады.

Консулдық мұндай некелерді бекіту құқығы біздің заңнама бойынша анықталады. Ол дегеніміз: а) біздің елшілікте немесе өкілдіктерде тіркелген неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені тіркеумен бірдей күште танылады; ә) некені консул тіркеген кезде ол біздің заңнаманың бекітетін материалдық талаптарын сақтауға міндетті.

Мұндай некені келуші мемлекетте (страна пребывания) тану ол мемлекеттің материалдық нормаларының сақталуына тікелей байланысты.

Шетелде жасалған шетелдіктердің некесін Қазақстан Республикасында тану. Осы уақытқа дейін біздің азаматтардың шетелде жасаған некелері туралы, яғни аралас некелер туралы сөз қозғаған болатынбыз. Біздің мемлекеттің аумағынан тыс, шетелдіктердің жасалған некелері туралы айтар болсақ, олар біздің мемлекетте танылады. Сонымен, шетелдерде жасалған неке, егер ол сол мемлекеттің талаптарын сақтайтын болса, олар заңды болып табылады. Сәйкесінше, егер шетелдіктердің арасындағы неке солардың жеке заңдарының талаптарын және некеге отыру жерінің талаптарын сақтай отырып жасайтын болса, ол біздің республикада да сөзсіз танылады. Бұл аталғанымыз біздің мемлекетіміздің жария тәртіп туралы ескертпесімен қаншалықты дәрежеде шектелуі мүмкін?

Бұл сұраққа да біздің «Неке және отбасы туралы» Заң жауап береді. Оған сәйкес, егер жасалған неке біздің Қазақстан Республикасының негізгі құрылысына қайшы болатын болса, онда шетелде шетелдіктердің арасында неке танылмауы мүмкін. Осы ережеге сәйкес, жекелеген жағдайларда сауал туып отырады: шет елдердің заң талаптарын сақтай отырып жасалған полигамдық неке біздің мемлекетте танылуы мүмкін бе? Біздіңше, мұндай неке біздің мемлекетте танылмайды деп айтуға болмайды, бірақ мұндай некенің болуы, кез келген басқа некенің болуы сияқты Қазақстан Республикасында некені жасауға кедергі болып табылады.

Некені жарамсыз деп тану. Қазақстан Республикасында шетелдік пен біздің азамат арасында жасалған неке біздің заңнама ережелеріне сәйкес жарамсыз болып табылуы мүмкін, өйткені бұл тұста некенің жасалу орны үлкен маңызға ие болып табылады. Кейбір жағдайларда фиктивті некелер де кездесіп қалады. Ол біздің заңнаманың талаптарын айналып өту мақсатында жасалады. Мысалы, Қазақстан Республикасына кірушығу ережелерін айналып өту мақсатында.

§ 3. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

ҚР-ның «Неке және отбасы туралы» Заңының 29-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың жеке құқықтарына мыналар жатады: тегін тандау құқығы, қызмет түрін, мамандығын, тұрғылық-

ты жерді тандау құқықтары, отбасы өмірінің мәселелерін бірігіп шешу құқығы.

Халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар бойынша ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және отбасы өмірінің барлық жалпы мәселелерін олардың бірлесіп және өзара келісе отырып шешуінен көрінеді. Алайда, ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да жеке құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде артықшылық пайдалануға тиіс емес.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік және жеке қатынастарына біздің мемлекетіміздің заңнамасы қолданылуға жатады. Конституцияда бекітілген ер адамдар мен әйел адамдар арасындағы теңдік ерлі-зайыптылардың арасындағы көптеген қатынастарды реттейді: әйел адам некеге отырғаннан кейін өзінің некеге дейінгі фамилиясын сақтап қалуға құқылы, ол өз азаматтығын сақтап қалады, кәсіп пен қызмет аясын тандауда еркін болып табылады, өзінің мүліктік қатынастарын толықтай сақтап қалады және некеге тұрғаннан кейін табылған мүлікке ортақ меншікте үлесін сақтайды және т. б. Біздің заңның талабы бойынша ортақ шаруашылықты жүргізу ерлі-зайыптылардың өзара келісімі негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы шетелдік күйеу отбасылық шаруашылықты жүргізуге байланысты басшы орынды иелене алмайды. Біздің құқыққа сәйкес, ерлі-зайыптылар тұрғылықты жерді тандауда да ерікті болып табылады. Сонымен қатар, ерлі-зайыптылар бірге де, бөлек те тұруға құқылы. Бір тұлғаның өзінің тұрғылықты жерін ауыстыру екінші тұлғаға соның артынан ілесуді талап етпейді. Ерлі-зайыптылар бір-біріне материалдық көмек көрсетіп тұруға міндетті. Егер ерлі-зайыптылардың бірі еңбекке жарамсыз болып қалатын болса, онда біздің заңнама бойынша оның екіншісі оған материалдық көмек көрсетуге міндетті болып табылады. Қолданып жүрген заңда және халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар бойынша текті тандаудың екі жолы ұсынылған. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылардың қай-қайсысы да өздерінің некеге отырғанға дейінгі тегін қалдыра алады. Сонымен бірге, ерлі-зайыптылар өз қалаулары бойынша ортақ бір тек тандауға құқылы. Ондай тек ерінікі болмаса әйелінікі де болуы мүмкін.

Тәжірибеде ерлі-зайыптылар ортақ бір текті (әдетте ерінің тегін) тандайды.

Кейбір елдердің, оның ішінде ТМД құрамына кіретін елдердің заңы ерлі-зайыптылардың екі текті де алуына мүмкіндік жасайды, яғни өзінің тегіне жұбайының тегін қосуына жағдай жасайды. Қазақ КСР-ның Неке және отбасы туралы Кодексі бұған жол берген жоқ еді. Ал, енді «Неке және отбасы туралы» Заңның 30-бабы жұбайлардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болған болмаса, басқа жағдайда екі текті де алып жүруге рұқсат етеді.

Қызмет пен мамандықты еркін таңдау құқығы ерлі-зайыптылардың оқу орындарына түсу, мамандық таңдау, сол тандап алған мамандық бойынша жұмыс орнын табу жөніндегі мәселелерді жеке өздерінің шешулеріне болатындығын көрсетеді. Әдетте, қызмет пен мамандық таңдау ерлі-зайыптылардың екі жақты келісімдері бойынша отбасы мүддесін ойластыра отырып, жүзеге асыратын іс.

Тұрғылықты жерді таңдау еркі дегеніміз мынаны білдіреді: ерлі-зайыптылардың жеке тұруларына болады немесе әр түрлі тұрғын үйлерді иемденуге құқылы. Бірақ, еркек пен әйел басын біріктіру үшін некеге тұрғандықтан, отбасын құруға және оны нығайтуға мұндай құқықтардың пайдасы болмайды. Занда көрсетілген тұрғылықты жерді таңдау еркіне ие болу құқығының мәні ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да бір-бірін белгілі бір жерде тұруға мәжбүр ете алмайтындығында, ал таңдау екі жақтың өзара келісімімен жүзеге асырылуы керек.

Заң ерлі-зайыптылардың бірге тұруына жағдайлар жасайды және бірінің басқа бір тұрақты мекенге көшуі жағдайында екіншісінің де сонда баруына мүмкіндік туғызады (қоныс аударушының жұбайына және отбасының басқа мүшелеріне көтерме ақы жәрдемін төлеу, жас мамандарды бөлу кезінде отбасының мүддесі ескеріледі т.б.).

Отбасының өмірлік мәселелерін бірлесіп шешу құқығы отбасының бюджетін бөлісуі, балалар тәрбиесі, үй шаруашылығын жүргізуі, туған-туысқандарымен бірге немесе бөлек тұру шешілетінін білдіреді. Ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да өзінің еркін екіншісіне тануға құқылы емес. Егер ерлі-зайыптылар кейбір мәселеде келісімге келе алмаса, онда олар өз дауларын шешу үшін заңда көрсетілген органдарға шағымдануға құқылы. Мәселен, ерлі-зайыптылар арасында балалар тәрбиесі

мен тек таңдауда келісім болмаса, бұл мәселені қорғаншы және қамқоршы органдары шеше алады¹.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары оларға тиесілі болған мүлікті меншіктеу және бір-бірлеріне өзара материалдық қолдау көрсету міндеттерінен туындайды. Құқықтық қатынастардың бірінші түрі Заңның «Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері» деп аталатын 7-тарауындағы нормалармен, ал екіншісі – Заңның «Ерлі-зайыптылардың және бұрынғы ерлі-зайыптылардың алименттік міндеттемелері» деп аталатын 18-тарауындағы нормаларымен реттеледі.

Ерлі-зайыптылардың меншік құқығының регламентациясы немесе басқаша айтқанда олардың мүліктік режимі жаңа заңда елеулі кездейсоқтыққа ұшырады. Бұрынғы заңдарда тек бір ғана режим қарастырылған еді. Жаңа заңда ерлі-зайыптылардың заңды мүліктік режимі де, ерлі-зайыптылар мүлкінің неке шартымен бекітілген шарттық режимі де көзделінеді.

Дегенмен, некеге тіркеу кезінде неке шарты жиі қолданып жүрсе де, көп жағдайда ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі олардың бірлескен меншік режимі қолданылады.

Бұған дейін де аталғандай, «Неке және отбасы туралы» Заңның 2-бабы, халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар ерлі-зайыптылар отбасындағы құқығының тең болу қағидалары айқындайды. Осы ортақ қағиданың пайда болуына ерлі-зайыптылардың некелескеннен кейінгі бірге тұрған ғұмырында жинаған мүлікке тең құқығы ықпал етеді. «Неке және отбасы туралы» Заңның 32-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылар мұндай меншікке тең құқықпен билік етеді және пайдаланады, екінші бір затты – тұтынады, үшінші бір затты олардың екеуі де пайдаланады. Бірақ сырт көзге олардың ортақ мүлкіне жататын заттардың барлығы да ерлі-зайыптылардың екеуіне де бірдей болып саналады.

Заңда ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүліктерінің жалпы тізімі берілген. Бұған ерлі-зайыптылардың

¹ Джандарбек Б.А. Актуальные проблемы современного гражданского права. Том. 2. Материалы Международной научно-теоретической конференции аспирантов и соискателей, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. Алматы. 20–21 февраля 2001 /Отв. ред. М.К. Сулейменов. Алматы: КазГЮА, 2001. 224–225-беттер.

табыстары (жалақысы, зейнетақысы, материалдық көмек, кәсіпкерлік қызметтен тапқан табыстары, т.б.), осы табыстардың негізінде жиналған мүліктер (ортақ мүлік, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі) т.б. жатады.

Жалпы тәртіп бойынша және халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар бойынша ерлі-зайыптылардың құқықтық жағынан тең болуы олардың қайсысы қандай затты иемденуіне, ол заттың қандай мақсатқа арналғанына және кімнің атына жазылғанына байланысты емес. Ерлі-зайыптылардың құқықтық жағынан тең болуына олардың отбасы табысының жалпы сомасына қаншалықты үлес қосқаны да әсер ете алмайды. Заң (32-бап, 3-тармақ) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да тиесілі дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі екендігін арнайы ескертеді.

Бірге тұрған кезде жинаған ортақ мүліктен басқа, ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі жеке мүлкі болады және оған өздері дара билік етеді. Мұндай неке дара мүліктерге ері мен әйелдің некеге тұрғанға дейінгі немесе ерлі-зайыптылардың некеге отырғаннан соңғы жеке міндеттемелері бойынша алған заттары, ері мен әйелінің сый ретінде алған немесе мұрагерлік жолымен иемденген заттары, жеке пайдаланатын заттары (сырт киім, аяқ киім т.б.) ерлі-зайыптылардың некеге тұру кезінде ортақ қаржысына сатып алынған болса да қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, басқасының бәрі жатады. Мысалы, әйелінің құндыз пальтосы, ерінің алтын сағаты т.б. ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып саналады.

Некенің іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылар өзара келісім бойынша мүлікті иелік ете алады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы жалпы мүлікке байланысты өз бетінше келісім жасай алады. Бұл жерде жаңа Заңның талап етуі бойынша басқа жұбайдың келісімін алуы қажет. Ортақ мүлікке байланысты нотариалды рәсімдеуді талап ететін мәміле жасау үшін (мәселен, тұрғын үйді сату кезінде) екінші жұбайдың жазбаша келісімі қажет.

Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы некені тоқтатқан сәтте де, сондай-ақ некеде тұрған кезінде де жалпы ортақ мүлікті бөлісуді талап етуге құқылы. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөліске

салғанда, олардың үлестері тең болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілгендей, отбасының жалпы табысына ерлі-зайыптылардың әрқайсысының қосқан үлесінің көлемі жалпы ереже бойынша ескерілмейді. Сонымен бірге жекелеген жағдайларда сотқа кәмелеттік жасқа толмаған балалардың мүдделерін немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың үлестерінің теңдігі негізін ескермеу құқығы берілген («Неке және отбасы туралы» Заңның 37-бабы).

Ерлі-зайыптылардың талап етуінен басқа ортақ мүлікті бөлу несие беруші ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы кредит берушінің талабын мәлімдеуі жағдайында да жүргізілуі мүмкін.

Ортақ мүлікті бөлген кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай заттың берілетінін сот айқындауы керек. Егер ерлі-зайыптылардың біріне беретін зат құны жағынан оның үлесінен артып кетіп жатса, онда екіншісіне бұл үшін тиісті өтемақы төлейді.

Ерлі-зайыптылардың заң бойынша жеке құқықтары мен мүліктік құқықтары болады. Осы жерде осы құқықтарының туындау негізі болып, олардың үйі болып некеге тіркелген күні саналады. Ол неке міндетті түрде жергілікті Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында жүргізіледі.

Ерлі-зайыптыларды тіркеу күнінен соң отбасындағы теңдігіне негізделген неке қатынастары басталады. Халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар бойынша ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ал қазақтың әдет-ғұрып, салт дәстүрінде де, мұсылмандық шариғат заңында да ер адамдарға басымдылық берген. Адамдар қауымдасып жасайтын қоғамдар күшті әрі берік болуы үшін әйел мен еркектің өзара қарым-қатынасын неке арқылы шариғи тәртіпке келтірді, қажеттіліктерінің камтамасыз етілуіне осы үлгіде рұқсат береді¹.

Қазақстанның заңнамасы бойынша да және халықаралық жеке құқықтағы отбасы және неке қатынастарын реттейтін заңнамалар бойынша да бірлескен өмір кезінде жиналған мүлік ортақ меншік болып табылады. Әдетте, отбасындағы мүлік ерлі-зайыптылардың екеуінің еңбегінің нәтижесінде жиналады. Кей-

¹ *Нурабаева З.Т.* Усыновление в брачно-семейном законодательстве: Проблема усыновленных детей. Материалы семинара//Юридическая газета. 2000. 12 апреля.

де зайыбы жұмыс істемеуі, үй шаруасында және бала тәрбиесімен айналысуы мүмкін. Әрине, егер отбасында мүліктің кімдікі екендігі туралы дау туған жағдайда, олар мүліктің тағдырын шешу жөніндегі өтінішпен сотқа жүгіне алады. Сот мүліктің пайда болуына қатысты барлық мән-жайды ескере отырып, мәселені әділетті шешуі тиіс. Сот ерлі-зайыптылардың тәртіп жағдайын (екеуі де өмір салтын ұстана ма немесе бір жағымсыз қылықтарға бой ұрған ба, ішімдікке салынған емес пе т.б.), бір-біріне деген, балаларына деген қатынасын ескереді. Ортақ мүліктегі кейбір заттар (пәтер, машина т.б.) ерлі-зайыптылардың бірінің атына жазылады. Тіпті осындай жағдайдың өзінде ол ортақ мүлік болып табылады. Сондықтан ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің келісімінсіз ол заттарды сатуға, алмастыруға, сыйлауға және мұраға қалдыруға құқығы жоқ. Ерлі-зайыптылар ортақ мүлік тағдырын өзара келісіп шешуі тиіс.

Өз мүлкіне келтірілген зиян үшін ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзі жеке жауап береді. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі қылмыс жасаудың нәтижесінде басқаның мүлкін бүлдірсе, ол өзінің жеке мүлкімен жауап береді, ал егер ол жетпесе, онда ортақ мүліктегі аз үлесінен төлейді. Егер жалпы ортақ мүлік жасалған қылмыстың нәтижесінде пайда болса немесе көбейсе, онда екіншісіне келтірілген зиянның орны жалпы мүлік есебінен толтырылады. Әрине бұл мәселелердің бәрі осы іске қатысты барлық деректер жан-жақты тексерілуі негізінде сот арқылы шешіледі.

Айтылғандардан көргендей, ерлі-зайыптылар арасындағы қатынас жалпыға мәлім моральдық нормаларға ғана емес, заң нормаларына да орай құрылады. Дау туған жағдайда, мүліктің тағдырын сот шешеді, сот алдында олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ жауаптылығы да бірдей болады¹.

Жалпы, бұл мәселе бойынша арнайы ережелер құқықтық көмек туралы арнайы келісімдерде болуы мүмкін. Мысалы, Венгрия, Болгария және Польшамен жасалған келісімдерге сәйкес егер ерлі-зайыптылар бір мемлекет азаматы бола тұрып, басқа мемлекеттің аумағында тұрып жататын болса, онда ол қатынастарда олардың тұрып жатқан мемлекетінің заңы қолда-

¹ Тусупбекова А.М. Актуальные проблемы современного гражданского права. Том 2. Материалы Международной научно-теоретической конференции аспирантов и соискателей, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. Алматы 20–21 февраля 2001 /Отв ред. М. К. Сулейменов. Алматы: КазГЮА, 2001. 217–218-беттер.

нылады. Мұндай шарттар, сонымен қатар, мұндай азаматтардың бөлек мемлекеттерде тұратын кездегі қатынастарын да реттейді. Егер, Қазақстан Республикасы азаматы – Ресейде тұрып, ал оның зайыбы – Польшада тұратын болса, онда олардың арасындағы некелік қатынастар олардың азаматтығына сәйкес шешіледі.

Бірақ, сонымен қатар некедегілер бірдей азаматтықта да болмауы мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасындағы тұрып жатқан азамат Қазақстан Республикасы азаматы болып, оның зайыбы Ресейдің азаматы бола отырып, Ресей Федерациясында тұрып жататын болса, онда бұл жағдайды өзара келісім реттеп отыр. Оған сәйкес, олардың қатынастары олар соңғы тұрған жердің заңымен анықталуға жатады.

Балалар мен ата-аналардың арасындағы қатынастар. Баланың құқықтық жағдайы оның азаматтығымен анықталуы керек. Балалардың құқықтарын қорғауға байланысты Қазақстан Республикасы үшін 1989 жылдың 20 қарашасында қабылданған Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияның күші тарайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық туралы Заңына сәйкес 14 жасқа дейінгі балалардың азаматтығы ата-аналарының азаматтығымен байланысты болады. 14 пен 18 жас аралығындағы балалардың азаматтығы олардың келісімі болған жағдайда ғана өзгертілуге жатады.

Балалардың азаматтығы олардың ата-ана құқығынан айырылған ата-аналарының азаматтығы өзгерген жағдайда өзгертуге жатпайды. Ал балалардың азаматтығын өзгерту үшін ата-ана құқығынан айырылған ата-ананың келісімі қажет болып табылмайды.

Сонымен, Қазақстан Республикасының заңнамасында жалпы мойындалған принцип қызмет етуде, оған сәйкес 14 жасқа дейінгі балалардың азаматтығы автоматты түрде олардың ата-анасының азаматтығымен байланысты болып табылады. Ал 14 пен 16 жас аралығындағы азаматтар өздерінің азаматтығын өзгерту үшін келісім берулері шарт болып табылады. Бұл құжат өз кезегінде нотариалдық бекітілуге жатады.

Егер екі ата-ана да Қазақстан Республикасының азаматтығын алатын болса егер оларда Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылатын болса, осыған сәйкес оның балаларының да азаматтығы өзгереді.

Егер екі ата-ана да немесе балаға қамқоршы ретінде танылған Қазақстан Республикасында тұратын жалғыз ата-ана Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығатын болса, онда ата-анасының арызы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда ата-ананың екеуі де азаматтықтан шыға отырып, өз баласына ынта білдірмеуі мүмкін, бұл жағдайларда баланың қамқоршысының арызымен ол Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалуы мүмкін. Бірақ, бұл өз кезегінде кейіннен баланың ата-аналарының артынан азаматтығын өзгертуіне кедергі болып табылмайды.

Егер оның ата-анасының біреуінде Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылатын болса, онда бала Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады. Ата-ананың өтініші бойынша оның баласының да Қазақстан Республикасы азаматтығы тоқтатылып, өз азаматтығын алдыртуы мүмкін.

Мемлекет қалған жағдайдың барлығында өзінің азаматтығында қалатын азаматтың құқықтарын қорғауға міндеттенеді.

Сонымен қатар, егер баланың ата-анасы белгісіз бола отырып, ол бала Қазақстан Республикасының аумағында болатын болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстан Республикасында әкелікті тану ата-ана мен баланың азаматтығына қарамастан біздің елдің құқығы бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасындағы ата-ана мен балалардың арасындағы өзара қарым-қатынастар бала Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады ма, әлде жоқ па, оған қарамастан барлық жағдайда қазақстандық құқықпен реттеледі. Ата-аналар балалардың тәрбиесіне қарауға міндетті, өз кезегінде балалар ата-аналарының жағдайына қарап, оған көмек көрсетуге міндетті.

Ата-аналық құқықтардың барлығы балалардың пайдасына шешілуі тиіс болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы ата-аналарға өз балаларын оларды заңсыз ұстап жүрген адамдардан сот тәртібінде талап етуге құқылы болып табылады. Шетелдік ата-аналар да осы құқыққа ие.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын қамтамасыз етуге міндетті, сонымен қатар, еңбекке қабілетсіз бала-

ларды да асырауға міндетті болып табылады. Егер отбасы ажырасатын болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға алимент төлеу қарастырылған. Егер тұлға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шығып кететін болса, Қазақстан Республикасының аумағында қалған өз баласына алимент төлеуге міндетті. Мұндай алименттерді төлеу міндеті Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұратын балаға да төленуі тиіс болып табылады. Алименттік міндеттемелерге байланысты нормалардың қолданылуын анықтайтын коллизиялық нормалар біздің заңнамада жоқ. Бірақ ресейлік халықаралық жеке құқық теориясында бұған байланысты ресейлік заң қолданылады деп шешілген болатын.

Ата-ана мен баланың арасындағы қатынастардың реттелуіне байланысты қолданылатын нормалар құқықтық көмек көрсету туралы түрлі шарттарда көрсетіледі. Бұл шарттарға сәйкес ата-ана мен балалардың арасындағы қатынас ата-ана мен бала қай елде тұрады, сол мемлекеттің заңымен реттелуге жатады.

Бірақ келісімге келуші мемлекеттердің бірінде ата-ана тұрып, екіншісінде баланың өзі тұратын болса, онда олардың арасындағы қатынас сол бала тұрып жатқан мемлекеттің заңы бойынша анықталатындығын айту қажет. Мысалы, егер әкесі – Ресейде тұрып жатқан болса, ал оның баласы Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан болса, онда әкенің барлық міндеттері, сонымен қатар оның алименттік міндеттемелерінің барлығы осы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша анықталатын болады. Бұл шарттардағы баланың құқығын қорғаушы бір элемент болып табылады.

Сонымен, баланың анасы, әкесі Қазақстан Республикасынан тыс тұрып жатқан бала әкесінен өз елінің соты бойынша алименттерді мәжбүрлеп орындатуы мүмкін.

§ 4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ БАЛА АСЫРАП АЛУ, ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ПЕН ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ИНСТИТУТТАРЫ

1989 жылғы бала құқықтарын қорғау Конвенциясына сәйкес «Бұл конвенцияға қол қоюшылар баланы асырап алу жүйесінің өмір сүріп жатқандығын мойындайды және ең бірінші ретте баланың мүддесінің қамтамасыз етілуін көздейді» делінген. Сонымен қатар ол:

1) бала асырап алынуды тек қана сол мемлекеттің баланы асырап алу туралы мәселені шешетін істі органдары шешуі тиіс.

2) баланы басқа мемлекетке асырап алуға беру бұл Конвенция бойынша балаға жағдай жасаудың балама түрі болып табылады және бұл тек қана бала сол мемлекеттің өзінде асырауға беріле алмайтын болған кезде ғана қолданылады;

3) баланы бір мемлекетте асырап алу баланы асырап алу туралы мемлекеттің өзінде қолданылатын ереженің қолданылуын анықтайды;

4) баланы асырап алғанда осы балаға байланысты пайда табу мақсаты ешқандай да тараптың бірінде болмауы тиіс.

«Неке және отбасы туралы» Заңның ережелеріне сәйкес шетелдіктердің Қазақстан Республикасында бала асырап алуы, сонымен қатар, шетелде жүрген Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстанның азаматы болып табылатын баланы асырап алынуы мүмкін. Мұндай бала асырап алу Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша анықталады. Аталған асырап алуды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының тиісті органының рұқсатын алуы керек.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алу Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда асырап алушылар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмаса, атқарушы органның келісімін сұрауы тиіс болып табылады.

Жеке адамдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың бала асырап алу жағдайында делдалдық қызметтермен айналысуына жол берілмейді.

Бала асырап алу үшін бала асырап алушыға бірқатар талаптар қойылады. Бала асырап алушы баланы өз мемлекетінде асырап алуға құқылы екендігін куәландыратын құқықты көрсетуге міндетті.

Қорғаншылық пен қамқоршылықты орнату егер азамат өз әрекеттеріне басшылық жасай алмайтын жағдайларда орнатылады және мұнда ҚР АҚ басшылыққа алынуы тиіс. Ал 1980 жылдың соңында шетел азаматтарының басқа елдерден бала (қыз) асырап алуы әлемдік деңгейде, қалыпты тәжірибеге айналған болатын. «Халықаралық бала (қыз) асырап алу» алғаш рет осы кезде орын алған болатын. 1965 жылы қабылданған Гаага конвенциясының болуына қарамастан шетел азаматтарының бала (қыз) асырап алу тәжірибесі өте кең қолданыста болып

келді. Алайда, бала (қыз) асырап алудың құқықтық және іс жүргізу жақтары жеткілікті дәрежеде толық реттелмеген болатын. Сол себептен де, халықаралық деңгейде жаңа Конвенция қабылдау қажеттілігі пайда болды. Оның басты себептерінің бірі бала (қыз) асырап алудың халықаралық құқықтық ережелерін әлемнің басқа мемлекеттерінің мойындауына ықпал жасау. 1988 жылы Гаага конвенциясының тұрақты бюросы бала (қыз) асырап алудың халықаралық құқықтық ережелерін реттейтін алғашқы Конвенция жобасын жасап шығаруға міндетті болып табылады. Бұл халықаралық Конвенция 1993 жылдың 29 мамырда қабылданды.

Гаага конвенциясының ережелері бойынша бала (қыз) асырап алу 18 жасқа дейінгі азаматтарға ғана қолданылады¹.

Жалпы қорыта айтқанда, неке және отбасы қатынастарын халықаралық реттеудің маңызы ерекше зор.

Сонымен, халықаралық жеке құқықтың реттеу үшін бағытталған бір саласы осы неке және отбасы қатынастары екендігін білдік. Неке және отбасы қатынастарында біз байқағандай, көптеген коллизиялық мәселелер туындайды. Мысалы: некеге отыру жасына байланысты (некеге отыру үшін құқық қабілеттілігі мәселесі), ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарын реттеудегі мәселелер, ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастар, ата-аналардың баланы асырауға байланысты міндеттемелері, бала асырап алу жөніндегі қатынастар, міне осылардың барлығы коллизиялық мәселелерді туындатады.

Осы аталған коллизияларға байланысты бірқатар мәселелерді қарастырып, оларды шешу жолдарын талдап, зерделедік. Некені тоқтату немесе некеге отыру шындығында да белгілі бір құқықтық салдарға жетелейтіні анық. Құқықтық салдар, әсіресе, тұлғалардың мүліктік жағдайларына қатысты бірақатар жаңа міндеттер мен құқықтар қосылатыны анық.

Бұл тұрғыда біз Қазақстан Республикасының заңнамасы, әсіресе, Конституция бекіткен қағидалары мен негізгі нормаларға тоқталдық. Олар: ерлі-зайыптылардың теңдігі, бала құқықтарының кемсітілмеуі, баланың өз ата-анасының асырауында

¹ «Интеллектуалдық меншік» термині «Интеллектуальная собственность Казахстана» журналында – «Зияткерлік меншік», өзгелерінде «Санаткерлік меншік» ретінде көрсетілген.

болу құқығының басым болуы т. б. Бұл қағидалар сөзсіз халықаралық жеке құқықта басты орынға ие болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1999 ж. 1 шілде.
3. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы 1998 ж.
4. «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 1995 ж. 19 маусым.
5. *М.М. Богуславский*. Международное частное право. М. 1994 г.

7-т а р а у.

ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ ТАУАР ТАҢБАЛАРЫН ҚОРҒАУ

§ 1. ПАТЕНТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН МАЗМҰНЫ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының экономикасы өтпелі кезеңнен енді-енді бас көтеруде. Мемлекетіміздің беделін халықаралық сахнада көтеру және дамыған мемлекеттер қатарына қосу үшін халықтың әл-ауқатын көрсететін оның экономикасының мықты болу қажеттілігі сөзсіз. Кеңес социалистік республикалар одағының жетпіс жыл бойы құрамында болып келген Қазақстан егемендігін алғаннан кейін, экономикасының даму бағытын «нарықтық» деп 1993 жылғы, одан кейін 1995 жылғы Конституцияларында бекітті.

Жоғары деңгейдегі шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақтары бар ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу «Қазақстан—2030» стратегиясының маңызды ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі.

Бүгінгі таңдағы білімге негізделген экономикада зияткерлік активтер негізгі валюта болып табылады. Қазақстанның экономикалық өсудің қарқынына жетуі, оның әлемдік нарық құрылымына толық енуі қазіргі индустриалды экономиканың мықты материалдық, техникалық және технологиялық базасын құруға ықпал ететін зияткерлік меншікті қорғаудың дамуынсыз мүмкін емес.

Бұл Елбасының кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі тапсырмалары және «Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясын» іске асыру жөніндегі міндеттер аясында да өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау біздің мемлекеттің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және саудада ең қолайлы жағдайларға қол жеткізу үшін басты шарттардың бірі болып табылатынын да айта кету жөн. Ал бұл біздің елдің беделін халықаралық сахнада арттыруға әсер етеді, өйткені зияткерлік меншік құқықтарын қорғау адам мен азаматтың құқықтарын және заңи мүдделерін сақтаудың қажетті шарттары мен кепілдіктерінің бірі.

Сондықтан, соңғы жылдары экономикалық және сауда аспектілерімен тығыз байланысы бар зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласы саяси сипатқа ие болды. Осыған байланысты Республикадағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы жұмыстың жалпы бағыттары және мемлекеттің осы мәселе бойынша саясаты Қазақстан Үкіметі мен ДЗМҰ (ВОИС) арасындағы ынтымақтастық бағдарламасының, Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасының ережелерінде белгіленген және анық жазылған. Зият — бұл елдің маңызды және ешқашан таусылмайтын ресурсы. Ал осы қордың күші өзінің тек қана осындай мәртебесінде мемлекет пен қоғамның мүдделеріне қызмет ететін қорғалатын зияткерлік меншікте¹.

Нарықтық экономикада қандай да бір кәсіпкердің алдында тұратын мәселе — тауарларының бәсекеге қабілетті болуы. Кәсіпкерлердің қазіргі таңда «ұлттық өндірушіні қорғау және қолдау — өндірушінің өз қолымен» деген ұранды ұстауы — маңызды. Кәсіпкерлер үшін осындай қорғанудың бір жолы болып кәсіпкерлердің өз кәсіпорындарында инновациялық қызметті дамытуы табылады.

1992 жылы 24 шілдеде Қазақстан Республикасының алғашқы Патент Заңы қабылданды.

Өнертабыстар мен өндірістік үлгілерді патенттік қорғаудың жаңа нысанына көшкеннен кейін Қазақстан Республикасындағы патент иеленушілер осы объектілерді пайдалануға монополиялық құқықты мемлекеттің берген құқықтық кепілдігі

¹ Интеллектуальная собственность Казахстана. 2004. №1.

ретінде алды. Монополиялық құқықты иеленуші тұлғаларда үшінші тұлғалардың құқықтарын және заңнаманың нормаларын бұзбай патенттік құқық объектілеріне билік ету мүмкіндігі пайда болды.

Құқықтық реформаларды жүргізу барысында мемлекетіміз 1994 жылы экономикалық құқықтық қатынастарды реттеудің негізі болып табылатын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін бекітті. Азаматтық заңнамадағы «интеллектуалдық меншікті» құқықтың жеке объектісі ретінде қарастыру, теориялық жағынан осы саланың жетілуін қажет етті. Кодекс арқылы интеллектуалдық меншік объектілерінің иелеріне «ерекше құқық» бекітілді.

Қазақстан Республикасының үкіметі арыз берушіге ыңғайлы, тұтынушыға қолайлы, жаңалықты дамытатындай, яғни мағынасы жағынан жай, рәсімдеу төлемі арзан, сараптамалық және мәліметтерді іздестіру қызметінің сапалы, патенттік құқықты қорғаудың жеңіл жолдары бар, халықаралық патенттік жүйенің талаптарына сәйкес келетін ұлттық патенттік жүйесін қалыптастыруға мемлекетіміздің құрылуының алғашқы күндерінен-ақ жағдай жасауда.

Қазіргі таңда жоғарыда көрсетілген жағдайлардың тек кейбіреуі ғана көрініс алуда. Ал, патенттік органға түсіп жатқан арыздардың саны жылдан-жылға көбеюде. Мысалы, 1992—2001 жылдар аралығында өндірістік меншік объектілеріне патент алу үшін 17388 арыз берілген. Қазіргі кезде ұлттық және шетелдік патент иеленушілердің қолында 12014 өндірістік меншік объектілеріне алдын ала патент пен патент бар¹.

1. Патенттердің саны көбейген сайын пайда табуға талпынған патент иеленушілердің де саны көбеюде. Кеңес социалистік республикалар одағы кезінде өндірістік меншік объектілерінің иесі болып көбінесе мемлекет болып табылғандықтан авторлар мен патент иеленушілердің құқықтарын жетілдіруге еш шаралар қолданылмаған.

Ендеше санаткерлік меншік дегеніміз не? Бұл сауалға халықаралық, сонымен қатар, еліміздің заңнамаларынан да толық қамтылған жауап алуға болады. Қазақтан Республикасы қатысушы болып табылатын Бүкілдүниежүзілік интеллектуалдық меншікті қорғау ұйымы (БИМҰ) Конвенциясының 2-бабында

¹ Основы патентного права и патентоведения в РК/Отв. ред. Т.Е. Каудыров: Алматы, 2003. 6-бет.

«Интеллектуалдық меншіктің» әдеби, көркем және ғылыми шығармаларға, әртістердің орындаушылық қызметіне, дыбыс жазу, радио және теледидар хабарларына, адами қызметтің барлық саласындағы өнертабыстар мен ғылыми жаңалықтарға, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар мен коммерциялық көрсеткіштерге, қарниетті бәсекелестікке қарсы қорғану, сондай-ақ өндірістік, ғылыми, әдеби және көркемөнер салаларындағы интеллектуалдық қызметке қатысты өзге де барлық құқықтарды қамтитыны атап көрсетілген. ҚР АҚ-нің 961-бабында жүйелендірілген тізілім берілген.

Қазақстанның социалистік жүйеден нарықтық экономикаға ауысуы санаткерлік еңбек нәтижелерін қорғау және құқықтық қатынастарды реформалауды талап етті. Осы кезеңнен бастап, заңнама мен күнделікті тұрмысқа «интеллектуалдық меншік», «өнеркәсіптік меншік», «патент», «патент иеленуші», «айрықша құқық» ұғымдары енді.

Егер өзгерістердің мәніне қысқаша тоқталар болсақ, кеңестік кезеңдегі авторлық куәлік орнына өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғау жөніндегі бүкіл әлем таныған патент жүйесі келді. Кеңестік өнертабыс құқығының негізгі ерекшелігі – өнертабушы автор өз құқығын, көбінесе, авторлық куәлікпен ресімдейтін, кейбіреулері Мәскеуде, бүкіл Кеңес Одағы бойынша жалғыз Мемкомөнертабыс патент ведомствосында жарияланатын, сонан кейін кез келген адам аз сыйақы төлеу арқылы өнертабысты өз иелігіне жаратып жататын.

Енді құқық иеленушінің келісімінсіз ешбір жан өнертабысты, пайдалы модельді немесе тауар таңбасын пайдалана алмайды. Құқық иеленушінің рұқсаты, көбінесе, сыйақы төлеу және лицензиялық шарт жасасу жолымен ғана пайдалану жолға қойылған. Бұл құқық «айрықша құқық» деп аталады. Және ол ҚР АҚ-нің 125, 964-баптарымен бекітілген.

Сөйтіп, өнеркәсіптік меншік объектілерін құқықтық қорғау принциптері түбірімен өзгерген, демек, жаңа қатынастар бүтіндей өзгеше құқықтық базаны қалыптастыруды талап етті¹.

1992 жылы Ұлттық Патенттік ведомство патенттеудің бірегей жүйесін қалыптастырды (явочно-проверочную) және оның құқықтық реттелуін Қазақстан Республикасының Патент Заңында бекітті. Бұл жүйені кейіннен Орталық Азия, Закавказье

¹ Т. Қаудыров.// Қазақстанның патент жүйесі. Заң. 2001. № 12.

казьенің көптеген тәуелсіз мемлекеттері және Украина да қолдады¹.

Бұл патенттеу жүйесі бойынша қарапайым тіркеу мен сараптама элементтері бірігеді. Біздің жүйенің келімдік және тіркелімдік сипаты патенттің формалды сараптама жүргізгеннен кейін берілетіндігінде көрінеді. Қазақстан Республикасы Патент Заңының 22-бабы формалды сараптама кезінде қажетті дәлелдемелердің болуы, оларға қойылатын негізгі талаптардың сақталуы және өтінім берілген ұсыныстың құқықтық қорғау берілетін объектілерге жататындығы тексерілетіндігін бекітеді.

Патент мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі. Оның жүргізілу барысында өтінім берілген шешімнің патентке қабілеттігі талаптарына сәйкестігі анықталады².

Өнертабыс пен өнеркәсіптік үлгіге алдын ала патент пен патент және пайдалы модельге патент «қорғау құжаты» түсінігімен бірігеді.

Қазақстан бір өнертабысқа екі қорғау құжаты — заңды сарап қорытындысы бойынша алдын ала патент пен өнертабыс немесе өнеркәсіптік үлгі сараптамасы қорытындысы бойынша патент берілуі мүмкін екені жөнінде соны жүйе жасады.

Бұл екі қорғау құжатының аумақтық (тек Қазақстан Республикасы) және уақытша әрекет ету шегі бар. Өнертабысқа алдын ала өтінімнің патент ведомствосына берілген күннен бастап Қазақстан Республикасы аумағында бес жыл бойы, ал патент жиырма жыл бойы қолданылады.

Пайдалы модельге патент бес жыл бойы, патент иесінің өтініші бойынша бұл мерзімді патент органы ұзартуы мүмкін, бірақ үш жылдан аспауы керек³.

Өнеркәсіптік үлгіге алдын ала берілетін патент өтінімнің патент ведомствосына берілген күннен бастап бес жыл әрекет етеді. Өнеркәсіптік үлгіге патент — он жыл бойы күшін сақтайды, патент иесінің өтініші бойынша бұл мерзімді патент органы ұзартуы мүмкін, бірақ бес жылдан аспауы керек.

Патент — patent — мына мән-жайларды:

1) аталған техникалық шешімнің өнертабыс екендігін;

¹ Амангелді А.А. Современное патентное законодательство РК. Алматы, 2002. 45-бет.

² Каудыров Т. Право интеллектуальной собственности в Республике Казахстан. Алматы: Жеті Жарғы. 1999. 29-бет.

³ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 999-бабы 1-тармағы, 3) тармақшасы.

2) Авторы болып белгілі бір тұлға екендігін;

3) Аталған тұлға немесе оның мұрагері осы өнертабысқа айрықша құқық иеленетіндігін куәландыратын құжат. Патент оны берген ведомство мемлекеті аумағында әрекет етеді. Шетел құқығы бойынша, лицензия немесе патент алу туралы келісімге қол жеткізілген кезде, иесіне сыйақы төлей отырып, патентті мемлекет немесе оның еркі бойынша белгілі бір ұйымның қолданылуына мәжбүрлеп сатып алынуы мүмкін. Көптеген елдерде көзделген патент иесінің құқықтарын қорғау шараларының бірі ұқсас өнертабыс көрінетін бұйымдарды енгізуге жаза қолдану болып табылады (өтемақы, келтірілген зиянды жою туралы талап арыз қою т.б.). Патент беру әр елде оның патент құқығы нормаларына сәйкес жүргізіледі. Өнертабысқа келесі талаптар қойылады: «өнертапқыштық деңгей», «прогрессивтілігі», «қолданылуға жарамдылығы» және міндетті түрде жаңалығы. Кейбір елдерде жаңалығын бұл жағдайлардың қайда болғанына байланыссыз мемлекет ішінде немесе шетелдерде жариялануы мен қолданылуы бұзады, тежейді. Екінші рет басқа мемлекеттерде өнертабыс жаңалығын өз мемлекетінде де, шетел елінде де жариялау мен қолдану бұзады. Ал өзге мемлекеттерде өз мемлекетінің аумақтық сипаты ғана болмау үшін халықаралық келісімдер жасасу қолданылады¹.

Патенттеу мақсаты – сәйкес саладағы маман патент мазмұнын оқып, ондағы техникалық шешімді жүзеге асыра алатындай деңгейге жеткізіп ашу.

Патенттің негізгі қызметі – жаңалықты енгізетін тұлғаға монополияны қамтамасыз ету болып табылады².

Патенттік қорғау келесі аспектілермен сипатталады:

- қорғалатын объектілердің шектеулі шеңбері;
- патенттік құқықтар пайда болуының ерекше тәртібі; патент иесіне құқықтар кешенінің және объектіні пайдалануға айрықша құқықтың берілуі;
- айрықша құқық (қорғау құжаты) әрекетінің мерзімдік және аумақтық сипаты;
- айрықша құқықтардың заңды шектелу мүмкіндігі.

Аталған объектілердің барлығы біздің мемлекетімізде қолданылады.

¹ Юрист анықтама жүйесі.

² *Борохович Л.Н., Монастырская А.А., Трохова М.В.* Ваша интеллектуальная собственность. Санкт-Петербург: Питер, 2001.

Патентке негізделген құқықтар мемлекеттің берген құқықтары болып есептеледі. Бұндай қатынастар өзаралықпен анықталады. Мемлекет беріп отырған құқықтарға жауап ретінде патент иесі мемлекет пен қоғамға танылмай қалуы мүмкін болған өнертабыс ашады. Осындай өзаралық патентті шарт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оның талаптары қорғау құжатында емес, патент заңнамасында сипатталғандай болады.

Патенттің монополия және өнеркәсіп меншігінің объектісі ретінде түсінігі аса кең тараған. Патент иеленуші өзінің өнертабысын пайдалануына айрықша құқықты иеленеді, аталған монополиялық ұқсастық меншік иесінің өз құқықтарымен сипатталады. Құқығы жоқ тұлғаның бұл объектіні пайдалануы заңсыз деп есептеледі.

§ 2. ПАТЕНТ БЕРІЛЕТІН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІКТІҢ НЕГІЗГІ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Өнертабыстар

Өнертабыс түсінігі мен объектілері.

Белгілі бір өнертабыс негізі болған шығармашылықтың деңгейін бағалау қажет болғандықтан, өнертабыс түсінігінің объективтік анықтамасын беру мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Патент Заңында бұл түсініктің анықтамасы берілмеген, тек оған қойылатын талаптар көрсетілген:

- жаңалығы;
- өнертапқыштық деңгейдің болуы;
- өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешімнің болуы.

Егер өнертабыс осы аталған талаптарға сай болса, онда оған Қазақстан Республикасы Патент Заңының 6-бабына сәйкес қорғау қамтамасыз етіледі. Алайда, өнертабысты мәселенің шығармашылық-техникалық шешімі ретінде анықталатын құбылыс ретінде қарастыру заңды. «Техникалық шешім» термині техниканың әр түрлі салаларындағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету құралы ретінде, сонымен қатар, мысалы, жаңа музыкалық аспап жасау арқылы өнер; спорт көмекші құралдарын жасау арқылы спорт; жаңа емдеу әдістерін, дәрі-дәрмектерді жасау арқылы медицина және т.б. салаларда кең мағынада қолданылады. Осылай ауруды емдеу әдістері техниканың жалпы түсінігіне жатпайды. Бұған қарамастан, емдеудің терапиялық

әдістері емдеу құралдарын нақты белгіленген мөлшерде, белгілі бір уақыт ішінде, белгілі бір кезектілікпен және т.б. қолдануды мензейтіндіктен, бұл арқылы емдеу техникасы анықталады. Бұл мағынада емдеу тәсілдері техникалық шешім ретінде қарастырылады. Осылай, өнертабыс арқылы техника, ауыл шаруашылық, мәдениет, білім беру салаларындағы әр түрлі мәселелер өз шешімін табады, бірақ бұл жерде өзге (экономикалық, әкімшілік, ұйымдастырушылық т.б.) техникалық әдістер мен құралдар қолданылмауы тиіс.

Әрбір өнертабыс белгілі бір объектіні, яғни қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыра алатын техникалық құралды сипаттайды. Өнертабыс объектілерінің түрлері қойылған мақсатқа жету үшін техникалық шешімдерде көрсетілген құралдарға тәуелді анықталады.

Құрылғы, әдіс, зат, микроорганизмдердің, өсімдіктер мен хайуанаттар клеткаларының тегі, сондай-ақ бұрыннан белгілі құрылғы, әдісті, затты текті жаңа мақсатта қолдану өнертабыс объектілері бола алады¹.

Өнертабыс объектілерін нақтылау патент иесінің құқықтар көлемін анықтау заңмен қорғалатын өнертабыстың пайдаланылуын бақылау мүмкіндігі үшін құқықтық маңызы зор.

Құрылғы – өнертабыс объектісі ретінде. Өнертабыс объектілері ретінде құрылғыларға конструкторлар мен бұйымдар жатады. Кеңістікте орналасқан бір-бірімен тығыз байланыстағы элементтер жүйесі құрылғы болып танылады. Бұл машиналар – мысалы, «Қар жинаушы машина»; құрылғылар – «Магнит өрісі датчигі»; механизмдер – «Шарниро-рычажный механизм».

Жетілдірілген инструмент, мысалы, «Геологиялық балға», «Қозғалмалы пышақ» немесе қандай болмасын құрал, мысалы, «Тормозное устройство для железнодорожного вагона», «Гидравлическое устройство для удержания руля относительно рамы мотоцикла» объект – құрылғы категориясына жатқызылуы мүмкін.

Құрылғы болып көлік құралдары, жабдық, құрылыстар, сонымен қатар, әр түрлі бұйымдар танылады – мысалы, «Әмбебап оқу партасы». Электр схемалары да құрылғының бір түрі болып табылады.

Патенттік қорғалуға құрылғының өзі ғана емес, олардың бөлек элементтері де: түйіндері, бөлшектері т.б. жатады.

¹ ҚР Патент Заңының 6-бабы 2-тармағы.

Құрылғы өнертабыс объектісі ретінде келесі конструктивтік белгілермен сипатталады:

- конструктивтік элементтердің болуы;
- элементтер арасында байланыстың болуы;
- элементтердің өзара орналасуы;
- құрылғының немесе оның элементтерінің орындалу нысаны, атап айтқанда, геометриялық нысанда жасалуы;
- элементтер арасындағы байланыстың орындалу нысаны;
- элементтер параметрлері мен өзге сипаттамалары және олардың өзара байланысы;
- құрылғы немесе оның элементтері жасалған материал;
- құрылғының кез келген элементінің қызметін орындайтын аясы;
- техникалық шешімнің басқа түрлерімен салыстырғанда құрылғы – өнертабыс олардың фактілі түрде қолданылуына бақылануды қамтамасыз етеді. Бұл олардың кең таралуын анықтайды.

Тәсіл – өнертабыс объектісі ретінде. Өнертабыс объектісі ретінде тәсілдерге материалдық объектілер көмегімен материалдық объектілерге әрекет ету процестері жатады. Тәсіл – белгілі бір тәртіппен немесе белгілі бір ережелерде сақтау арқылы орындалатын әдістер жиынтығы.

Материалдық объектілерге әрекет ету процестері ретінде тәсілдерді былай бөлуге болады:

- өнім (бұйымдар, заттар т.б.) өндіруге бағытталған әдістер, мысалы, «Құрылыс материалын жасау тәсілі», «Ацетилен алу әдісі»;
- белгілі бір өнім алмай материалдық заттардың жағдайының өзгеруіне бағытталған әдістер (тасымалдау, реттеу, өндеу т.б.). Мысалы, «Жер өндеу тәсілі», «Электромагниттік клапанды басқару әдісі»;
- нәтижесінде материалдық дүние заттарының жағдайы анықталатын әдістер (бақылау, өлшеу, диагностика т.б.). Мысалы, «Аса таза кварцтың шыққан жерін іздеу әдісі».

Өнімдер алу әдісіне берілген қорғау құжаттарының күші тікелей осы әдіспен алынған өнімге де таралады¹.

Патенттер аурудың алдын алу, диагностика және емдеу әдістеріне де беріледі, мысалы, «Тістер кариесін алдын алу әдісі», «Артериальді гипертония диагностикасының әдісі».

¹ ҚР Патент Заңының 5-бабы 4-тармағы.

Өнертабыс объектісі «Әдіс» келесі белгілермен сипатталады:
– белгілі бір әрекеттің немесе әрекеттер жиынтығының болуы: «...тұзды ерітеді...»;

– осындай әрекеттерді уақыт бойынша орындау тәртібі (кезекпен, бір уақытта, әр түрлі жолдармен т.б.). «...қышқылмен өңдегеннен кейін пленканы дистилденген сумен шаяды...»;

– әрекеттерді жүзеге асырудың режимдері мен шарттары (температура, қысым, қуаттылығы, жылдамдығы т.б.). «...40°С-ға дейін қыздыру кезінде ерітеді...»;

– заттар немесе материалдарды пайдалану (алғашқы шикізат, реагенттер, катализаторлар, микроорганизмдер тектері және т.б.). «...процессті инертті газ атмосферасында жүргізеді...»;

– құрылғыларды (құралдарды, жабдықтар т.б.) пайдалану. «...реагенттің электрохимиялық өңдеуін ерітілмеген электродтары бар электролизде жүргізеді...».

Зат өнертабыс объектісі ретінде. Өнертабыс объектісі ретінде заттарға:

– жеке химиялық қосындылар, сонымен қатар, оларға жоғары-молекулярлық қосындылар және гендік инженерия өнімдері (рекомбинантты нуклеидтік қышқылдар, векторлар т.б.). Мысалы, «гидрохлорид-1-(2-этоксипиперидин)-4-ацетил-4-ацетиксипиперидина»;

– композициялар (құрамдар, қоспалар), мысалы, «псориазды емдеу майы», «фурфуролды гидрирлеу катализаторы»;

– ядролық айналу өнімдері жатады.

Жеке химиялық қосындыларды сипаттау үшін келесі белгілер қолданылады:

– сапалық және сандық құрам;

– атомдар арасындағы байланыс және олардың молекулада химиялық құрылымдық формулалары сипатталған өзара орналасуы.

Бұрыннан белгілі құрылғы, әдісті, затты, текті жаңа мақсатта қолдану. Құқықтық қорғау таралатын өнертабыстың бұл түрі болып бұрыннан белгілі болған құрылғы, зат, әдіс, тектің жаңа мақсаттарда қолданылуы табылады.

Өнертабыстың бұл объектісі өзге өнертабыстардан қызметінің сипаттамасымен байланысты пайда болуымен ерекшеленеді.

Егер құрылғы, әдіс, зат, тек қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырудың жаңа құралы болса және олардың бағытталған синтезі жасалса, онда өнертабыстың бұл объектісі белгілі объектінің жаңа мүмкіндіктерін (белгісіз қасиетін) анықтау арқылы пайда болады.

Бұл объектінің негізінде белгілі техникалық құралды, бұл өнертабыс пайда болған кезде қолданылған мақсатқа қарағанда, өзге мақсаттарда қолдану. Бұрыннан белгілі болған құрал ол иеленетін қызметке қарағанда, жаңаша қызметте пайдаланылып, осыған байланысты өзге қажеттілікті қанағаттандырады.

Мысалы, бояу ретінде қолдану үшін арнайы синтезделген белгілі «А» заты белгілі бір жағдайда зиянды бактериялар үшін күшті әсер ететін у ретінде қолданыла алады. Белгілі заттың жаңа қасиетін анықтау нәтижесінде зиянды бактерияларды жою үшін жаңа құрал ұсынылады.

Бұл жерде белгілі бір мақсатпен арнайы алынған заттардан басқа, яғни белгілі бір қолданудан басқа, тәжірибеден алынған табиғи немесе аралық қосындылар немесе өндіріс қалдықтары бар екендігін атап өту қажет. Бұндай қасиетті анықтау алдында белгілі болған құрылғы, әдіс, зат, тектің жаңа мақсаттарда қолданылуын өнертабыс ретінде саралауға болады.

Өнертабыстың бұл объектісі заттарға (жеке заттар, композициялар, тектер т.б.) тән, себебі, олар қолданылу шарттарына сәйкес көріне алатын қасиеттерді иеленеді, сондықтан әр түрлі мақсаттарда қолданыс таба алады.

Аталмыш объект құрылғыларға аса тән емес, себебі олар белгілі бір қызметті атқару үшін жасалады және олардың анық көрінетін мақсаты бар. Сондықтан құрылғыға қандай да бір өзгеріс енгізбей өзге мақсаттарда қолдану, көбінесе, мүмкін емес.

Биотехнология объектілері.

Соңғы ондаған жылдар ішінде теориялық мүддеге ғана ие ғылымнан биология тәжірибелік маңыздылығымен сипатталатын ғылымға айналды. Өнеркәсіпті «биологизациялау» өрісі байқалуда. Биотехнология ғылыми-техникалық прогресстің басым бағытына айналып жатыр. Биотехнологияның кең тәжірибелік мүмкіндіктері гендік инженерия арқылы адамдарды емдеу әдістерінен қоршаған ортаны қорғау әдістеріне дейінгі әр түрлі биологиялық объектілерге байланысты өнертабыстар санының артуына алып келді.

Патенттер биология және биотехнологияны «коммерциялизациялау» ісінде және биотехнологиялық өнімді сату нарығы үшін күресте аса маңызды құрал болып жатыр. Биотехнологиялық өнертабыстарды қорғау мәселесі әлі де ұлттық, халықаралық деңгейде талқыланып жатыр.

Аталған объектілер тірі — тектер, тірі емес — заттар бола алады.

Тірі объектілер:

— микроорганизмдердің жеке тектері;

— өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының жеке тектері.

Тірі емес объектілер:

— биотехнологиялық әдіспен алынған қосындылар, антибиотиктер, ферменттер, вакциналар және т.б.;

— гендік инженерия өнімдері — ДНК мен РНК — кезектілігі, гендер, плазмидтер, векторлар, белоктар т.б.

Биотехнология саласына, сонымен қатар, микроорганизмдер тектерін, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының тектері, антибиотиктерді, нуклеин қышқылдарын пайдаланумен әр түрлі әдістер, вакциналар өндіру әдістері т.б. жатады.

«Тек» термині белгілі бір қайнар көзден немесе жасанды жолмен алынған (мутация нәтижесінде) және өзіндік физиологиялық — биохимиялық белгілерімен сипатталатын микроорганизмдердің бір түрлі мәдениетін білдіреді.

«Микроорганизм» түсінігінің нақты таксономиялық мәні жоқ, яғни қандай да бір таксонға — түрге, жынысқа, семьяға т.б. жатқызылмайды. Ол микроскопиялық өлшемдегі әрбір организм микроорганизмге жататындығын меңзейді. Бірақ, бұл түсінік шартты, себебі дәстүрлі микроскопиялық объектілер арасында макроскопиялық объектілер болатыны белгілі, ал бір тектің өлшемі культивациялау және өзге факторларға байланысты өзгере алады.

Патент рәсімі үшін «тек» объектісіне микроскопиялық өлшемдегі өмірге қабілетті әр түрлі организмдер — бактериялар, вирустар, қарапайым микроскопиялық омыртқасыз жануарлар және өзге де жеке тектер, микроорганизмдердің консорциумдары, сонымен қатар, өсімдіктер мен жануарлардың культивацияланатын соматикалық клеткалары кіреді. Тәжірибелік (пайдалы) қасиеттері анықталған тек қана құқықтық қорғау объектісі бола алады. Ғылыми көзқарас негізінде белгілі бір қасиеттер жиынтығымен сипатталған тек қорғау объектісі болмайды.

Өнертабыстың патентке қабілеттігінің талаптары. Қазақстан Республикасы Патент Заңының 6-бабына сәйкес өнертабысқа, егер ол жаңа, оның өнертапқыштық деңгейі және өнеркәсіптік қолдануға жарамды болса, құқықтық қорғау беріледі. Өнертабыс патент қабілеттігінің бұл талаптары әлемнің көптеген елдерінің патент заңдарында анықталған.

Жаңашылдық. Өнертабыстың жаңалығы оның патент қабілеттігінің негізгі және міндетті талабы болып саналады. Патент Заңының 6-бабына сәйкес, егер өнертабыс техника деңгейі туралы мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады. Техника деңгейі туралы мәліметтерге өнертабыс басымдық мерзіміне дейін әлемде жалпы қол жетерлік болған кез келген мәліметтер кіреді. Жалпыға қол жетерлік мәліметтер ретінде кез келген тұлға таныла алатын мазмұны заңды түрде хабарланған қайнар көздерде көрсетілген мәліметтер танылады. Қызметтік, жабық, құпия және т.с.с. ақпаратқа назар аударылмайды. Өнертабыс жаңалығы бітімгершілік сипатты фактіге ие болып табылады, яғни техника деңгейіне Қазақстан Республикасында ғана емес, шетелдерде де жалпы қол жетімді болған мәліметтер жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Патент Заңының 6-бабының 4-тармағына сәйкес өтінім берушіге жаңашылдық бойынша жеңілдік беріледі. Бұл автордың, өтініш берушінің немесе осы ақпаратты тікелей немесе жанама түрде алған кез келген тұлғаның өнертабысқа жататын ақпаратты жария түрде ашу, сонымен қатар, Париж конвенциясына қатысушы мемлекеттің аймағында ұйымдастырылған ресми немесе ресми деп танылған халықаралық көрмеде экспонат ретінде өнертабысты көрсету өнертабысқа өтінім патент ведомствосына ол ашылған күннен немесе көрмеге орналасуы күнінен 6 ай кешіктірмей берілген болса, өнертабыс патент қабілеттігін тануға жол бермейтін жағдай деп танылмайды. Мұндай жеңілдік өтініш бергенге дейін мәні ашылған өнертабысты қорғауға мүмкіндік береді.

Өнертапқыштық деңгей. Өнертабыстың патентке қабілеттігінің келесі критерийі болып өнертабыстың сапалық деңгейінің көрсеткіші болып табылатын өнертапқыштық деңгей саналады, себебі, оның көмегімен ғылыми және техникалық прогреске қандай да бір зерттеменің үлесі бағалана алады. Жаңа болып табылатын кез келген шешім техника деңгейіне үлес қосады деп

есептелінбейтіндігі анық. Техника саласында қандай да бір білімге қол жеткізіп, орта маман жасалу жолы анық және шығармашылық негізі жоқ белгілі құралдардың жана комбинацияны көрсететін объектіні жасай алады. Сондықтан, әр түрлі елдердің патент заңдарында өнертабысты қарапайым инженерлік зерттемелерден немесе объектілерден айыруға (бұл өнертапқыштық деңгей) мүмкіндік беретін өнертабыстың шығармашылық сипатын анықтайтын критерий қалыптасқан. Германияның Патенттік заңында бұл критерий өнертапқыштық қызмет, деп аталады.

Қазақстан Республикасы Патент Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, егер маман үшін ол техника деңгейі туралы мәліметтерден айқын кездеспейтін болса, өнертабыс өнертабыстық деңгейде болады. Техника деңгейі туралы мәліметтер өнертабыс басымдық алған күнге дейін дүние жүзінде жалпы жұртқа мәлім болған кез келген мәліметтерді қамтиды.

«Өнертапқыштық деңгей» критерийі «маман» түсінігі арқылы анықталады. Қазақстан Республикасының Патент заңында «маман» түсінігі ашылмайды, бірақ оның мазмұны бірқатар елдердің патент заңдарында берілген. Маман ретінде жұмыс істейтін, оның өтініш берілген өнертабыс саласы жататын саладағы барлық жалпы білімдері белгілі болған тәжірибелі тұлға танылады. Маман объектіні жасау үшін белгілі шешімдерді біріктіре алса, онда ұсыныс өнертапқыштық деңгей талабына жауап бермейді.

Шығармашылық бастау болуы жағынан өнертабысты бағалау «шығармашылық» түсінігінің субъективті болуынан қиынға соғады. Себебі, өнертабыстың патентке қабілеттігінің аясында туындайтын даулардың көбісі осы критерий бойынша туындайды.

Өнеркәсіптік қолдануға жарамдылығы. Қазақстан Республикасы Патент Заңының 6-бабына сәйкес, егер өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда және қызметтің басқа да салаларында пайдалануға болса, өнертабыс өнеркәсіпте пайдалануға жарамды деп танылады.

Өнертабыстың өнеркәсіптік қолданылуын тану үшін келесі талаптардың жүзеге асуы қажет:

— өтініш материалдарында өтініш берілген өнертабыс объектілерінің мақсаты көрсетілуі тиіс;

– өнертабыс формуласында сипатталған түріндегі өнертабыстың жүзеге асырылуы мүмкін болатын құралдар мен әдістер өтініш материалдарында көрсетілуі тиіс (өтініш материалдарында ондай мәліметтер болмаса, өнертабыс басымдық алған күнге дейін дүние жүзіне жалпы жұртқа мәлім болған қайнар көзде көрсетіле алады).

– өтініш беруші көрсеткен өнертабыс мақсаты шын мәнінде жүзеге асырылуы мүмкін болуы.

«Өнеркәсіпте қолдануға жарамдылық» түсінігі кең мағынада қолданылу қажеттілігін атап өту қажет, ол қандай да бір техникалық шешімді пайдаланудың максимальді тиімділігін меңземейді. Аталған критерий міндеті мен мәні өнертапқыштық қызмет салаларының біреуінде қолданылудың қағидалық мүмкіндігін көрсету.

Өнеркәсіпте қолдану жарамдылығы талабының негізгі мәні белгілі бір материалдық құрал түрінде техникалық шешімді жүзеге асыру, сонымен қатар, аталған өнертабыс арқылы өтінім беруші көрсеткен техникалық шешімге жету, жетпеуін анықтау мүмкіндіктерін тексеру болып табылады. Жаңашылдық және өнертапқыштық деңгей критерийлеріне қарағанда, өнеркәсіпте қолдануға жарамдылығы техника деңгейі мен басымдық күнімен тікелей байланысты болмаса да, қатысты.

Заттың аса маңызды қасиеттерін көрсететін белгілер елеулі болып табылады. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне, атап айтқанда, формуласы бойынша пайдалы модельді құқықтық қорғау көлемін анықтау кезінде дара ақпараттың мәндік маңызы бар және оның қажеттілігі пайдалы модельді қолдану кезінде техникалық нәтижеге жету үшін қалған елеулі белгілермен өзара байланыста жеткіліктігі туралы бір мәнді ақпарат беретін белгі елеулі болып табылады.

Пайдалы модель елеулі белгілерінің жиынтығы техника деңгейі туралы мәліметтерден белгілі болмаса, оған құқықтық қорғау беріледі.

Өнертабыстар техника деңгейіне қарағанда, пайдалы модель үшін техника деңгейін анықтауда екі ерекшелік бар.

Бірінші ерекшелік — техника деңгейі туралы мәліметтер пайдалы модельге басымдық берілген күнге дейін жұртқа мәлім болған, арыз беріліп отырған пайдалы модель мақсаттас құралдар дүние жүзінде жарияланған мәліметтерді және Қазақстан Республикасында жарияланған пайдалы модельдер мен өнер-

табыстарды қамтиды. Пайдалы модель объектісі «Аэростат» болса, онда оны оған ұқсас объектілермен емес, аэростаттармен салыстыру қажет.

Екінші ерекшелігі — техника деңгейіне мақсаттас құралдарды Қазақстан Республикасында қолдану туралы мәліметтер кіреді, яғни пайдалы модель жаңалығы абсолютті емес, өнертабыстарға қарағанда әлемдік қатысты болып табылады.

Өнеркәсіптік үлгі

Өнеркәсіптік үлгі түсінігі. Өнеркәсіптік үлгілер түрлері.

Қазақстан Республикасының 991-бабының 4-тармағы мен Патент Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес бұйымның сыртқы түрін белгілейтін жаңа түпнұсқалық және өнеркәсіптік қолдануға болатын көркемдік-конструкторлық шешім құқықтық қорғау берілетін өнеркәсіптік үлгі болып танылады.

Анықтамадан көріп отырғанымыздай, бұйымның сыртқы түрінде көркемдік және конструкторлық шешім болуы керек. Бір ғана құралдың қолданылуы бұйымның өнеркәсіптік үлгі болып танылуына жеткіліксіз. Бұйымның функционалдық мазмұны оның анық көркемдік нысанына сәйкес болуы тиіс, көркем және техникалық (конструкторлық) белгілерінің біртұтастығымен сипатталуы қажет. Сыртқы нысаны ретінде оның пайдаланылуы мен қолданылуы процесінде тұтынушы көретін түрін түсіну керек. Оның сыртқы нысаны ішкі құрылымына және бұйымның функционалдық мақсатына сай болуы тиіс.

Патент Заңының әрекеті өнеркәсіптік үлгінің көптеген түрлеріне тарайды. Оларға көлемді, жазық және аралас өнеркәсіптік үлгілер жатады.

Көлемді өнеркәсіп үлгі ретінде негізін дамыған өлшемді көлемді-кеңістіктік құрылым құрайтын композиция танылады. Мысалы: радиатордың сыртқы нысанын анықтайтын көркемдік-конструкторлық шешім.

Жазық өнеркәсіптік үлгі екі өлшемді сызықтық түстендірілген элементтер байланысымен сипатталады. Мысалы: кілем, мата сыртқы нысанын анықтайтын шешімдер.

Аралас өнеркәсіптік үлгі аталған екі шешімге тән белгілермен сипатталады. Мысалы: ыдыстың сыртқы түрін анықтайтын көркемдік-конструкторлық шешімдер.

Өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік талаптары.

Өнеркәсіптік үлгі патентке қабілеттілігінің белгілі талаптарына немесе критерийлеріне жауап берсе, оған қорғау ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Патент Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес ондай талаптарға мыналар жатқызылады: жаңашылдық, бірегейлік және өнеркәсіпте қолдануға жарамдылығы. Бұл критерийлер өтініш берілген мерзімге олардың болуын дәлелдеу және бүкіл мерзімге құқықтық қорғауды жүзеге асыру мүмкіндігіне байланысты таңдалады. Сонымен қатар, олар әлем тәжірибесінде таралған өнеркәсіптік үлгілердің патентке қабілеттігі талаптарына сай.

Жаңашылдық. Өнеркәсіптік үлгі бұйымның эстетикалық және эргономиялық ерекшеліктерін анықтайтын негізгі белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгі басымдығының күніне дейін дүние жүзінде жалпыға мәлім мәліметтерде белгісіз болса, жаңа деп танылады. Яғни, абсолютті әлемдік жаңашылдыққа ие өнеркәсіптік үлгілер ғана құқықтық қорғалады.

Өнеркәсіптік үлгі жаңашылдығын бекіту кезінде жалпыға мәлім мәліметтермен қатар, басқа тұлғалармен берілген ертеректегі басымдықты өтінімдер және тіркелген өнеркәсіптік үлгілер есептеледі.

Өтініш берілген көркемдік-конструкторлық шешімнің жаңашылдығы өтінім берілген және оның аналогтарымен танылған белгілі үлгілердің, елеулі белгілерін салыстыру жолымен өнеркәсіптік үлгіні тіркеуге өтінімнің басымдық мерзіміне бекітіледі. Белгілі үлгілер функционалдық мақсаты мен елеулі белгілері жиынтығының белгілі көркемдік-конструкторлық шешімдермен толық сәйкес келуі өтінім берілген үлгінің жаңашылдық критерийіне сәйкес келмейтіндігін тануға және өтінім берілген үлгіні тіркеуден бас тартуға алып келеді.

Өндірістік үлгіні тіркеуге өтініш оның ашылған мерзімінен 6 айдан кешіктірмей берілген болса, өтінім берілген үлгіге қатысты ақпаратты қоғамға ашу өтініш берілген үлгінің жаңашылдығына әсер ететін жағдай ретінде танылмайды.

Бірегейлік прототипіне қарағанда өтінім берілген үлгіге енгізілген өзгерістердің шығармашылық сипаты патентке қабілеттігінің маңызды талабы болып табылады. Өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері бұйымның эстетикалық ерекшеліктерінің шығармашылық сипаты негіз болса, ол бірегей болып танылады. Өтініш берілген үлгіні неғұрлым жақын аналогтан айыратын елеулі белгілерін айқындау жүргізіледі. Бірегейлікті тексеру кезінде өтініш берілетін үлгінің ерекшелендіретін белгілердің шығармашылық өзіндігі бекітіледі.

Өнеркәсіптік қолдануға жарамдылығы. Өнеркәсіптік үлгі, егер ол сәйкес бұйымды жасау жолымен бірнеше рет қайта өндіріле алса, өнеркәсіптік қолдануға жарамды деп танылады. Басқаша айтқанда, өнеркәсіптік өндіріс жағдайларында шексіз мөлшерде қайта өндірілетін үлгілер патенттік қорғау алады.

Патенттік қорғау бірегей болып табылатын бұйымдарда қолданылатын шешімдерге таралмайды, себебі олардың эстетикалық құндылығы таралымға түскен кезде жоғалады. Қайта өндіру қабілеті ерекше көркемдік-конструкторлық шешімнің патенттік-құқықтық қорғалуын қажет қылады. Бұйым қайта өндірілмейтін болса, оның патенттік қорғау қабілеттігі жойылады. Бұл жағдайда бұйымға авторлық құқық нормалары таралады. Өнеркәсіпте қолдануға жарамдылығын бағалау кезінде таралымға түсу қабілеті ғана емес, өтінімде көрстетілген немесе белгілі құралдар мен материалдар көмегімен өтінім берілген бұйымның жүзеге асырылуы да тексеріледі. Егер бұйымды кең масштабта қайта өндіру мүмкін болмаса, онда ол өнеркәсіптік қолдануға жарамдылық критерийіне сәйкес болып танылмайды.

Тауар таңбасы.

Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы — бұл осы заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан ажырату үшін қызмет ететін белгі¹.

Бұл анықтамадан тауар таңбасының басты міндеті — қандай болмасын өндірушінің (сапалық, бағалық немесе өзге сипаты бойынша) тауар немесе қызметін басқа өндірушілердің ұқсас бірыңғай тауарлары мен қызметтерінен бөлу, яғни тауар немесе қызметті дараландыру болып табылады.

Таңба неғұрлым көрнекті болса, соғұрлым оның иесінің оны құқықтық қорғау, жарнама және өткізу салаларында сәттілігі үлкен болады.

Тауар таңбасы тауарлар мен қызмет маркетингінде маңызды орын алады, ол тауарлар мен қызметті көрнекті қылады.

Тауар таңбасы — бұл, әдетте, көру арқылы жақсы қабылданытын, жеңіл есте сақталынатын, өзге тауар белгілерінен ерекшеленетін, металл, материя, қағаз және т.б. сияқты әр түрлі материалдарға жақсы салынатын графикалық көрініс.

¹ «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» ҚР Заңы.

Тауар таңбасы ретінде сөз немесе сөздер тобы, мысалы «аспирин» «колгейт», «таид», «адидас», «проктер энд гембл» және т.б. тіркеле алады. Сонымен қатар, акустикалық тауар таңбасы — тауар таңбасын көрсетумен берілетін арнайы әуен тіркеле алады¹.

Жаңа тауар таңбасын енгізу үшін көптеген батыс фирмалары шамамен 30—40 миллион доллар қаражат жұмсайды. Жоғарыда аталған McDonald's корпорациясы 5 жыл ішінде ғана жарнамаға 57 миллион доллар жұмсады.

Тауар таңбасы нарықтық қатынастардың барлық қатысушылары үшін маңызды.

Тұтынушы үшін тауар таңбасы — бірыңғай тауарлар іздеу кезінде бағыт беруші құрал болып табылады.

Өндіруші үшін тауар таңбасы — нарықты жаулап алушы құрал болып табылады, себебі тауар таңбасы оның тауарларын әр түрлі өндірушілердің бірыңғай өнімдерінен дараландырады.

Мемлекет мүддесіне келер болсақ, мұнда тауар таңбасының нарықта тәртіп орнату құралы болып табылатындығын атап өту қажет, себебі ол өндірушіні тануға, тұтынушының, өндірушінің мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Тауар таңбасына келесідей екі талап қойылады:

- тауар таңбасы айрықша болуы тиіс;
- мораль мен қоғамдық тәртіпке қайшы болмауы тиіс, сонымен қатар, тұтынушыны шатастырмауы керек.

Тауар таңбасы ол қолданылатын тауарлар үшін айрықша болуы тиіс. Мысалы, «сусын» сөзінде ерекшелендіретін қабілет жоқ және алкогольды не алкогольсыз сусындар үшін тауар таңбасы бола алмайды, себебі ол тауарлардың бүкіл категориясын анықтайды.

Екінші талап жайында айтар болсақ, оның мақсаты — тұрпайы тауар таңбаларын, сонымен қатар, жалған және тауардың сапасы мен өзге қасиеттеріне және олардың географиялық шығарылған жерлеріне қатысты шатыстырушы тауар таңбаларының тіркелуін алдын алу екендігін атап өту қажет. Тауар таңбасы шығарылған жерді көрсетуі қажет. Мысалы, Қазақстандық өндірушілер атынан танымал «Шампанское» не «Коньяк» (жалған географиялық атаулар, себебі, Шампань провинциясы

¹ Аскарлов. Защита промышленной интеллектуальной собственности в Казахстане. Алматы, 2003.

мен Коньяк қаласы Францияда орналасқан) тауар таңбасы ретінде тіркеле алмайды. Мысалы, «pure wool» (таза жүн) деп синтетикадан жасалған киімдер, белгілене алмайтын өзге де жалған таңбалар қорғалмайды.

Тауар таңбасы қорғалуы үшін ол тіркелуі қажет.

Тәжірибеде көптеген тауар таңбалары, әдетте тауарлар немесе қызметтер бірнеше түрлері үшін тіркеледі. Кейбір өндірушілер олар өндіретін әр түрлі өнімдер үшін бір тауар таңбасын қолданады. Өзгелері бірнеше тауар таңбасын қолданады. Фармацевтикалық фирмалар да өздерінің әрбір дәрі-дәрменіне қатысты тауар таңбаларын тіркеуге ұмтылады.

Тауар таңбаларының түрлері.

Тауар таңбалары туралы заңның 5-бабында тауар таңбалары ретінде тіркеле алатын белгілер түрлерінің толық тізімі берілген. Оларға әр түрлі өндірушілердің бірыңғай тауарлары мен қызметтерін ажыратуға мүмкіндік беретін сөздік, әріптік, сандық, бейнелік, көлемдік және өзге белгілер немесе олардың комбинациясы жатады.

Көп жағдайда сөздік тауар таңбалары қолданылады. Оларға тілдерде шынайы бар (мысалы, тамаша, метелица, adventure), немесе жасанды жасалған, қиялдың (Пенталгин, Кармет), сонымен қатар, сөз тіркестері (Шыңғыс хан, Снежная королева) және де тұтас сөз тіркестері немесе лозунг – слогандар (мысалы «өз шөлінен өзгеше жоғарылатарың жоқ сенін») сөздер жатады.

Көлемдік тауар таңбалар кеңістікте бейнеленген үш өлшемді объектілер болып табылады. Әдетте, көлемдік тауар таңбалары ретінде тауарлардың ерекше орамалары қорғалады (мысалы, иіссулардың флакондары).

Аралас тауар таңбаларына бейнелік, сөздік, көлемдік элементтерінің әр түрлі комбинациялары жатады. (мысалы, қанатты барс үстіндегі батыр бейнесі «Отандық маркасы» сөздерімен үйлесуі).

Жоғарыда аталған тауар таңбалары түрлерінен басқа сенсорлық (дыбыстық, жарықтық, иістік) және де тауар таңбаларының өзге түрлері бар. Олардың анық және бір мәнді идентификациясы кезінде ғана олар тіркеле алады.

Дыбыстық тауар таңбасы – ол фонограмма түрінде бекітілген және нота жазбаларында көрсетілген немесе дыбыс түрінде көрсетілген жағдайда ғана қорғала алады (мысалы, электромас-

сажер үшін теңіз дауысы). Бүкіл әлемде тіркелген дыбыстық тауар таңбаларының саны аз. Қазақстанда мұндай тіркеулердің мысалдары әлі жоқ.

Ұжымдық тауар таңбалары ерекше категорияны құрайды. Мұндай таңбаларды пайдалану шарттарына сай олар біртұтас сапалық не өзге сипаттамамен тауар өндіретін (не (немесе) жеке кәсіпкерлер ұйымының атына тіркеледі. Мысалы, Қазақстанда танымал «Сарыағаш суы» Ассоциациясының мүшелері өндіретін «Сарыағаш» минералды суының сапасын бақылау мақсатында өз өнімін біртұтас ұжымдық тауар таңбасымен (акку бейнесімен) шығарады және сатады. Ұжымдық тауар таңбасы ретінде тауар таңбаларының жоғарыда аталған кез келген түрі тіркеле алады.

Тауар таңбалары олар тіркелген ақ-қара түрінде де, түсті түрінде де тіркеледі.

§ 3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК БОЙЫНША ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯЛАР

Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық заңнаманың бір бөлігі ғана емес, кей жағдайларда ұлттық заңнамадан да басым түсетін бірқатар халықаралық келісімдер, шарттар, конвенциялар іс әрекет етуде.

1993 жылы 16 ақпанда қабылданған өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы Қазақстан Республикасының Декларациясына сәйкес Республика аумағында өнеркәсіптік меншік саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін төрт маңызды халықаралық конвенция әрекет етеді, олар:

1. 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы¹.

2. 1891 жылғы 14-сәуірдегі Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі².

¹ ҚР аумағында Париж конвенциясы Қазақстан Ресей Империясы, кейін КСРО құрамында болған кезінде де әрекет еткен.

² 14.04.1891ж. қабылданды, 14.12. 1900 ж. Брюссельде, 2.06. 1911 ж. Вашингтонда, 6.11. 1925 ж. Гаагада, 2.06. 1934 ж. Лондонда, 15.07. 1957 ж. Ниццада, 14.07. 1967 ж. Стокгольмде қайта қаралып, 2.10. 1979 ж. Стокгольмде өзгертілді. Қазақстан Республикасында 5.02. 1993 жылғы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы ҚР Декларациясына сәйкес 16.02. 1993 ж. күшіне енді.

3. 1967 жылғы 14 шілдедегі Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншікті қорғау ұйымы конвенциясы;

4. 1970 жылғы 19 маусымда қабылданған Патент кооперациясы туралы келісімшарт.

1995 жылдың 5 қарашасынан бастап еліміздің аумағында 1994 жылдың 9 қыркүйегінде Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық патенттік конвенция әрекет етуде¹.

Бұл халықаралық келісімдердің жасалуына өткен ғасыр бойы ұлттық заңнамалардағы айырмашылыққа байланысты өнеркәсіптік үлгіні қорғау құқығын бір уақытта бірнеше елде алу қиындығы себеп болды. Сонымен қатар, қорғау құжатын алу үшін өтініштер бір елде жариялануын болдырмау үшін және өзге елдерде өнертабыстың жаңашылдығын айырмау үшін, барлық мемлекеттерде бір уақытта берілуі тиіс.

Өткен ғасырдың екінші жартысында көптеген мемлекеттер өнертабыстарды қорғау жүйесін жасады, сонымен қатар, мемлекетаралық технологиялық айырбас дамып, халықаралық сауда өсті. Өнеркәсіптік меншік туралы заңнаманы халықаралық деңгейде унификациялау қажеттігі туындады.

Париж конвенциясы өнеркәсіптік қорғау саласындағы халықаралық көпжақты әмбебап шарт болып саналады.

Өнеркәсіп меншік объектілеріне байланысты мәселелерді реттейтін негізгі халықаралық келісім болып табылады. (1-таурау). Конвенцияның басты мақсаты – өнертабыстар, өнеркәсіп үлгілерін патенттеуде және бір мемлекет фирмалалары, ұйымдары мен азаматтарына өзге мемлекеттерде тауар белгілерін тіркеуде артықшылықты жағдайлар жасау.

Конвенцияға 1883 жылдың 20 наурызында Парижде қол қойылды. Кейін ол 1900, 1911, 1925, 1934 жж. конвенцияларда, ал соғыстан кейінгі жылдары, 1958 жылы Лиссабонда және 1967 жылы Стокгольмде қайта қаралып, толықтырылды.

Қазақстан Республикасы аталған конвенцияға 1993 жылдың 16 ақпанында қабылданған Өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы Қазақстан Республикасының Декларациясына сәйкес қосылды.

Аталған Конвенцияның 1,3-баптарына сәйкес конвенция мүшелері өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Халықаралық

¹ *Каудыров Т.Е.* Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. Алматы, 2002. 91-бет.

Одақты (Париж Одағы) құрайды. Оған Россия, Украина, Беларусь т.б. сияқты 105 мемлекет мүше.

Мемлекет қай баспаны ратификациялағанына сәйкес, әр түрлі мүше мемлекеттер үшін конвенция түрлі баспаларда әрекет етеді. КСРО Париж конвенциясына 1965 жылдың 1 шілдесінен бастап, барлық баспаларына қосылды, ал оның Стокгольмдік мәтінін 1968 жылдың 19 қыркүйегінде ратификациялады.

Артықшылыққа құқық негіз болатын бірінші өтініш күніне дейін үшінші тұлғалардың алған құқықтары Одаққа мүше әрбір мемлекеттің заңнамаларына сәйкес қорғалады.

Артықшылық мерзімін есептеу күні болып табылатын бірінші өтініш Одақтың тиісті мемлекеттегі бірінші өтініш объектісіне келесі өтініш есептелуі тиіс. Келесі өтініш берілген күніне дейін алғашқы өтініш жарияланбай қайтарып алынса, қозғаусыз қалдырылса немесе одан бас тартылса, сонымен қатар, оған қатысты ешқандай құқықтар жүзеге асырылмаса және артықшылыққа құқықтық негіз болмаса, сонда ғана бірінші өтініш артықшылыққа құқық негіз бола алмайды.

Алғашқы өтініш негізінде артықшылықтар қолданғысы келетін кез келген тұлға өтінімді берген күнін және жасалған мемлекетін көрсетуі тиіс.

Одақтың ешқандай мемлекеті өтініш беруші бірнеше артықшылыққа, сонымен қатар, әр түрлі мемлекеттерде бекітілген артықшылыққа үміттелуі негізінде немесе бір я бірнеше артықшылыққа ие өтініште артықшылық сұратылып отырған өтініш немесе өтініштерде көрініс таппаған элементтерге қатысты — кейінгі өтініш беру қалыпты жағдайдағы артықшылық құқығын туындатады.

Париж конвенциясы оған мүше мемлекеттің біреуінде беріліп, өзге де мемлекеттерде әрекет ете алатын халықаралық патент жасауды көздемейді. Өнертабыс Халықаралық Одақтың қандай болмасын мемлекетінде патенттелмеген болса, онда ол ешқандай сыйақы төленбестен еркін қолданыста бола алады. Сол сияқты конвенция халықаралық тауар белгісін жасауды өзіне мақсат етпейді.

Париж конвенциясының негізгі принциптерінің бірі болып ұлттық режим принципі табылады. Конвенция өнеркәсіп меншігін қорғауда берілген мемлекеттің заңнамасы бойынша өз азаматтарына берілетін немесе болашақта берілуі мүмкін

дәрежеде оған мүше кез келген мемлекеттің азаматтары мен фирмаларына беруді көздейді (2-бап). Одаққа мүше мемлекеттердің біреуінде тұрғылықты жері немесе әрекет етуші және шынайы өнеркәсіптік немесе тұрғылықты жері немесе сауда ұйымы бар Одаққа мүше емес мемлекеттердің азаматтары Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарымен теңдестіріледі.

Аталған мемлекеттердің азаматтары осы конвенциямен қорғалады және өзінің азаматтарына қатысты талаптарын сақтама-са, онда олар өз құқықтарын заңмен көрсетілген қорғау құралдарын қолдануға мүмкіндік алады. Алайда, қорғау талап етілетін мемлекеттерде тұрғылықты жердің немесе ұйымның болуы туралы шарттар өнеркәсіп меншік құқықтарын қолдану үшін алғышарттар ретінде одаққа мүше мемлекеттің азаматтарына қойылмайды.

Өнеркәсіп меншік туралы заңдардың негізінде сақталуы тиіс өнеркәсіп меншігіне құқықтарға қатысты Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысының заңнамаларының ережелері соттық, әкімшілік процедураларға және соттық, әкімшілік органдардың құзыреттеріне, сонымен қатар, тұрғылықты жерді таңдау немесе іске сенімдіні тағайындауға қатысты қатынастарды реттейді.

1891 жылғы «Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы» Мадрид келісімі қазіргі уақытта тауар белгілерін қорғауда аумақтық қағидасын жеңуге бағытталған негізгі халықаралық шарт болып табылады. Қазақстан Республикасы бұл келісімге 1993 жылы қосылды. Бұл келісімнің мәні – интеллектуалдық меншік халықаралық бюросында (Женевада) тіркелген тауар таңбасы келісімге қатысушы мемлекетте ол жерде тікелей өтінім бергендегідей, қорғау алады. Бұл Мадрид келісімінің барлық қатысушы мемлекеттерде тауар таңбасының біртұтас құқықтық режимін құрмайтындығын көрсетеді, тек тауар таңбасын әрбір елде тіркеу қажеттігінен болатын, көптеген елде қорғау алу процедурасын жеңілдетеді. 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап келісімге қатысушы мемлекеттердің бәрінде әрекет ететін біртұтас қорғау құжатын алу мүмкіндігі пайда болды.

1891 жылы Мадридте қабылданған Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу туралы келісім жағдайды жақсартуда маңызды қадам болды. Келісімге сәйкес шығындар құнын елеулі түрде төмендетуге көмектесетін қатысушы мемлекеттердің барлығында танылатын ұлттық және халықаралық тіркеу үшін біртұтас

тауар таңбасын беру мүмкіндігі ашылды. Алайда Мадрид келісімінде ақаулықтар да болды. Біріншіден, ол қабылданған кезде елдердің көбісінде тіркеу таңбаны зерттемей-ақ өткізілетін. Бұл факт келісімнің бірқатар ережелерінде көрініс тапты. Ең алдымен, тіркеудің екі кезенді процесі туралы ережелерінде: алдымен ұлттық, кейін халықаралық деңгейде, таңбаның егжей-тегжейлі зерттелуі өтетін немесе оның тіркелуге дейін тәжірибелік қолданылуы міндетті мемлекеттен өтінім беруші тиімсіз жағдайға ұшырайды. Екіншіден, ұлттық тіркеу инстанцияларының тіркеуден бір жыл ішінде ғана бас тарта алу фактісі тауарды зерттеуге берілетін мерзімді тыңғылықты жұмыс жүргізу үшін өте қысқа етеді. Үшіншіден, ұлттық қызметтегі тіркеу жөніндегі қызмет құнының төмендігі өтінімнің дұрыс зерттелуін жүргізуге кеткен шығындарды қамти алмайды. Төртіншіден, алғашқы тіркеу еліндегі тіркеуді жарамсыз деп тану барлық мемлекеттерде тауар таңбасының жарамсыздығына алып келетін бірорталықтандырылған шағымдану жүйесі таңбалардың шағымдануы жиі болатын мемлекеттердің өтінім берушілерін қанағаттандырады. Осыған байланысты тауар таңбаларымен қамсыздандырылған ең үлкен тауар нарығы бар АҚШ Мадрид келісіміне кірмейді.

«Патент кооперациясы туралы келісім шарт» (РСТ) — өнеркәсіптік меншік жеке объектілерін (өнертабыстарды) құқықтық қорғау алуына көмекті қамтамасыз ететін келісім. Бұл келісімшартты жасасу идеясы 1960 жылы өнертабыстарға өтінімдерді қараумен байланысты патенттік ведомстволардың жұмысын қиындататын мәселелерді шешу қажеттілігімен байланысты туындады. Ол мәселелерді атап айтсақ, мыналар:

- патенттік ведомстволар жұмысында қайталамаларды жою;
- өтініштерге сараптама жүргізуді тездету;
- сарапшы есепке алуы қажет құжаттама көлемін шектеуді қамтамасыз ету;
- жаңа техникалық жетістіктер туралы ақпараттың таралуын жеңілдету;
- өтінімдерді шетел мемлекеттеріне беру процедураларын жеңілдету.

Мүдделі мемлекеттердің біріккен күшімен ғана жететін аталған проблемалар шешімін іздеу қызметтестіктің жаңа нысанына — патенттік іздеуді және патенттік-құқықтық саладағы халықаралық еңбек бөлінісінің басымдылығын пайдалануға

негізделген өтінім берілген шешімдерге сараптама жүргізуде халықаралық кооперацияға алып келді¹.

Халықаралық кооперациясын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында 1970 жылы 19 маусым күні Вашингтонда Дипломатиялық конференцияда осы келісімшартқа қол қойылып, оған сәйкес Патенттік кооперациясы Одағы құрылды. Париж конвенциясы сияқты, бұл келісімшарт Патент кооперациясы одағына мүше мемлекеттердің өнертабысқа патент беру немесе беруден бас тартуға байланысты құқықтарын реттемейді. Келісімшарттың негізгі ережелері халықаралық өтінім, халықаралық іздеу (РСТ 1-тармағын қараңыз) және халықаралық алдын ала сараптама туралы (РСТ 2-тармағын қараңыз) нормалары болып табылады. Келісім тарауларындағы ережелерді сақтау мүше мемлекеттердің барлығы үшін міндетті болып саналады.

Патент кооперациясы туралы келісімшарт БИМҰ-халықаралық бюросына бір өтінім беру жолымен барлық қатысушы елдердегі өнертабыс құқықтық қорғауды бір мезгілде алуды жеңілдетеді².

Еуразиялық патент конвенциясы барлық қатысушы-мемлекеттер аумағында әрекет ететін біртұтас еуразиялық патент негізінде патент құқығы объектілеріне қорғау алуды көздейтін Еуразиялық патент жүйесін қалыптастырады. Бұл жүйе ұлттық қорғау жүйесін жоққа шығармайды, мемлекеттер олардың дамуына байланысты толық егемендікті сақтайды (ЕАПК 1-бабын қараңыз). Ал Еуразиялық патент конвенциясының 21-бабында бұл актінің кез келген мүше мемлекеттің ұлттық патент беру құқығын қозғамайтындығын және оның кез келген халықаралық ұйымға кіруін және өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық қызметтестік дамуына ықпал етуін шектемейтіндігі айтылған.

Еуразиялық патент жетістіктеріне баж төлеу мөлшері мен тәртібін, сонымен қатар, өтінім берушілердің әр түрлі категориялары үшін артықшылықты тарифтердің болуын жатқызуға болады. Патенттеудің еуразиялық немесе ұлттық процедурасын таңдаудың экономикалық дұрыстылығы олардың әрқайсысы бойынша мына факторларға әсер ететін шығындарды салыстырумен анықталады:

¹ *Амангелді А.А.* Современное патентное законодательство РК. Алматы, 2002.

² *Қаудыров Т.* Қазақстанның патент жүйесі//Заң 2001. № 12.

– өтініш берушінің тұрақты орны немесе тұрғылықты жері;
– ЕАПҚ мүше мемлекеттері жасаған өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы әріптестік туралы екі жақты келісімдердің болуы мен олардың мазмұны;

– патенттеу елдерінің саны мен құрамы.

Жалпы айтқанда, ТМД-ға мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінде шетелдік өтінім берушілер (2-категория) үшін патенттік баж мөлшері ұлттық өтініш берушілер (1-категория) үшін бекітілген бажға қарағанда әлдеқайда жоғары. Мысалы, Беларусь Республикасында өтінім беру кезеңінде шығындар ұлттық өтінім берушілер үшін 0,5–0,75 төменгі еңбек-ақыны, ал шетелдіктер үшін – 100–150 АҚШ долларын құрайды, ал сараптама сатысында ұлттық өтінім берушілер үшін 4–10 төменгі айлық төлемін және шетелдіктер үшін 800–2080 АҚШ долларын құрайды.

Атап өтілген конвенциялар қазақстандық интеллектуалдық меншік жөніндегі заңнаманы қалыптастыруға және дамытуға елеулі ықпал етті, өйткені бұл конвенциялар көптеген елдердегі осы тақылеттес жүйелерді дамытуға қажетті халықаралық параметрлер мен шоғырландырылған ұлттық тәжірибені жинақтаған.

§ 4. ПАТЕНТ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ОРГАНДАРЫ

Интеллектуалдық меншікті қорғау саласында халықаралық деңгейдегі ең негізгі институт және бірқатар ұйымдар бар. Негізгі халықаралық ұйымдар Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымы (БИМҰ) және Бүкіләлемдік сауда ұйымы (БСҰ) болып табылады. Аймақтық ұйымдар арасында Еуропалық Одақ маңызды орын алады. Бұл ұйымдар өте маңызды қызмет атқарады. БИМҰ және БСҰ интеллектуалдық меншікті қорғау саласындағы негізгі халықаралық шарттарды жасау мен қайта құру үшін жауап береді. Олар мұндай шарттарды жасап қана қоймай, кейбір жағдайларда олардың күштеп орындалуын жүзеге асырады. Еуропалық Одақ тауар таңбалары жөніндегі аймақтық бюро ашып, қазіргі уақытта тауар таңбалары туралы аймақтық заңнама жасаумен шұғылданады¹.

¹ П.Б. Мэггс, А.П. Сергеев. Интеллектуальная собственность, М.: Юрист, 2000. 38-бет.

Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымы (БИМҰ)

Интеллектуалдық меншікті қорғау саласындағы халықаралық әріптестіктің қажетті бөлігі БИМҰ қызметіне қатысу болып табылады¹.

Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымы — интеллектуалдық меншік мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың ежелгісі және ірісі. БИМҰ тамырлары Иоганн Брамс өзінің Үшінші симфониясын, Роберт Луи Стивенсон «Остров сокровищ» еңбегін жазғанда, ал Джон мен Эмили Рэблинг Нью-Йоркта Бруклин көпірінің құрылысын аяқтап жатқанда 1883 жылға кетеді².

Яғни, бұл ұйымның құрылу тарихы ХІХ ғ. аяғында «Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясы» мен «Әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы Берн конвенцияларын» жүзеге асыру үшін құрылған құрылымдарының қосылу кезеңіне жатады. 14 мемлекет қатысатын Париж конвенциясы 1884 жылы күшіне енді. Оның ережелеріне сәйкес мүше мемлекеттердің мәжілістерін ұйымдастыру сияқты әкімшілік міндеттерді орындау үшін Халықаралық бюро құрылды. 1886 жылы халықаралық құқық және онымен бірге Берн конвенциясы пайда болды. Берн конвенциясы шеңберінде әкімшілік міндеттерді орындау үшін де Халықаралық бюро құрылды. 1893 жылы бұл екі шағын бюро Интеллектуалдық меншікті қорғау жөніндегі біріккен халықаралық бюро деп аталатын бір халықаралық ұйымға бірікті (бұл ұйым француз тілінде қысқартылған нұсқасымен белгілі — БИРПИ). Швейцарияның Берн қаласында орналасқан штаб-квартирасы бар, жеті адамнан тұратын бұл кішігірім ұйым бүгінгі Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымының алғашқы бейнесі болды.

1967 жылдың 14 шілдесінде Стокгольмде Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымын қалыптастыратын конвенцияға қол қойылды. Онда ұйымның мақсаттары, қызметтері, құрылымы және ондағы меншік анықталды. 1974 жылдан бастап БИМҰ Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

БИМҰ құратын конвенция 4 түрлі органның құрылуын көздейді: Бас Ассамблея, Конференция, Координациялық комитет және БИМҰ Халықаралық бюросы.

¹ Ю.Н. Дрешер. Организация патентно-лицензионной деятельности и авторское право. М.: Гранд Фаир пресс, 2003. 78-бет.

² А.Минков. Международная охрана интеллектуальной собственности. Серия Закон и практика. Санкт-Петербург: Питер, 2001. 55-бет.

БИМҰ құрылымында ұйымның хатшылығы болып табылатын Халықаралық бюромен қатар, Патенттік ақпарат жөніндегі тұрақты комитет (ПАТК) пен Патенттік құжаттама орталығы әрекет етеді.

ПАТК ақпараттық іздеу саласында қызметтестік жөніндегі халықаралық комитеттің мирасқоры ретінде 1977 жылдың қазан айында құрылды. ПАТК-да 4 жұмыс тобы әрекет етеді: жоспарлау, дамушы елдерге арналған патенттік ақпарат, жалпы ақпарат және іздеу ақпараттық бөлімдері. ПАТК БИМҰ қатысушы мемлекеттер арасында патенттік ақпаратқа қатысты мәселелер бойынша қызметтестікті ұйымдастырады. ПАТК келесі бағыттарда жұмыс атқарады:

- 1) патенттік ақпарат саласында БИМҰ-ға қатысушы мемлекеттердің патент ведомстволары қызметін стандарттау;
- 2) патенттік ақпарат саласында автоматизация;
- 3) патенттік құжаттама іздеу қорын ұйымдастыру және сақтау;
- 4) өнеркәсіптік меншік саласында статистикалық мәліметтерді жинау, өңдеу және тарату.

Қазіргі кезде штаб-квартирасы Швейцарияның Женева қаласында орналасқан БИМҰ Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде 16 мамандандырылған мекемелерінің бірі болып саналады. Ол интеллектуалдық меншікті қорғаудың әр түрлі аспектілеріне қатысты 23 халықаралық шарттың әкімшілік қызметтерін жүзеге асырады. 182 мемлекет Ұйымның мүше – мемлекеттері болып табылады. Бұл бүкіл әлемдегі мемлекеттердің 90 пайызын құрайды, ұйым қызметінің айрықша маңыздылығы мен мәнділігін көрсетеді¹.

Бүкіләлемдік сауда ұйымы (БСҰ)

Бүкіләлемдік сауда ұйымы 1995 жылы Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімді жетілдіру туралы көп жақты келіссөздердің нәтижесінде құрылды. Бұл келісім еркін сауда дамуында маңызды орын алады. Бірақ оның ережелері қызметтерді сату туралы және интеллектуалдық меншікті алу туралы мәселелерді қамтымайды. Оған қоса ГАТТ шеңберінде оның ережелерін күштеп орындау институттары мен механизмдер құрылмаған болатын².

¹ www.wipo.org.

² [http //www.wto.org](http://www.wto.org).

1986 жылдан 1994 жылға дейін созылған халықаралық келісімдердің Уругвай раунды БСҰ-ның құрылуы туралы келісім де, өзге келісімдер де кірген Қорытынды актіні қабылдаумен аяқталды. Қорытынды актіге кірген тағы бір келісім — интеллектуалдық меншік құқытарының сауда аспектілері жөніндегі келісім (Trade Related Aspects of Intellectual Property Rights — TRIPS). Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім — ТРИПС — мемлекеттің интеллектуалдық меншік жөніндегі негізгі халықаралық шарттарды ұстану, сәйкес шарттар бойынша талап етілетіндей оның қорғалуының деңгейін қамтамасыз ету дайындығы және ең бастысы, шарттық міндеттемені күштеп орындаудың тиімді механизмдерін қолдану БСҰ-ға мүшеліктің талаптарын көрсететін ережелері бар.

Заң жобасы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Қазақстан Республикасында селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының Патент Заңы», «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Интегралды микротәсімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы» сияқты Қазақстан Республикасының бірнеше заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасы Қазақстанның интеллектуалдық меншік объектілерінің қажетті деңгейде қорғалуын және бұл салада ұлттық заңнаманың интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі БСҰ Келісіміне сәйкестендірілуін талап ететін Бүкіләлемдік сауда ұйымына енуге дайындалуына байланысты жасалды.

Заң жобасы әрекеттегі заңдардың негізгі қағидаларын сақтай отырып, оларды біздің мемлекетіміз соңғы жылдары жасасқан «Таңбаларды тіркеу үшін тауарлар мен қызметтерді халықаралық классификациялау туралы» Ницце келісімі, «Халықаралық патенттік классификациялау туралы» Страсбург келісімі т.б. сияқты халықаралық шарттар талаптарына сәйкестендіреді.

«Қазақстан Республикасындағы селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» және «Интегралды

микротәсімдер топологияларын құқықтық қорғау туралы» Заңдарына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар әрекеттегі нормалардың бірқатар ережелерін нақтылайды, құқықтық әрекеттің шекараларын анықтап, олардың бір мәнді емес талқылануына жол бермейді.

Заң жобасы еліміздің заңнамасының өзгерістерін, сонымен қатар, аталған заңдардың интеллектуалдық меншік объектілеріне қорғау беру тәжірибесінде қолданылуын ескереді және жұмыс істемейтін ережелерді жою мен неғұрлым жаңа реттеу механизмдерін енгізуге бағытталған.

Бүкіләлемдік санаткерлік меншік ұйымы мен Бүкіләлемдік сауда ұйымы арасындағы байланыстар.

Бүкіләлемдік сауда ұйымы (БСҰ) ГАТТ шеңберіндегі көп жақты сауда келіссөздерінің Уругвай раундының сәтті аяқталуы нәтижесінде 1994 жылдың 15 сәуірінде құрылды. 1995 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісім (ТРИПС) сол кезде жасалған келісім болып табылады. ТРИПС келісімі интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету саласында жаңа кезенді белгіледі, сонымен қатар БИМҰ жұмысы бағдарламасының маңыздылығын арттырды. ТРИПС келісімінің авторлық құқыққа және сабақтас құқықтарға, патенттерге, тауар таңбаларына, өнеркәсіптік үлгілерге және интегралды микротәсімдер топологиясына қатысты ережелері БИМҰ хатшылығы және оның алдында болған ұйымдары 100 жыл бойы қызмет көрсеткен халықаралық шарттар мен конвенцияларды тікелей толықтырады.

1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншік ұйымы мен Бүкіләлемдік сауда ұйымы арасындағы келісім күшіне енді. Келісім ТРИПС келісімін жүзеге асыруда, атап айтқанда, заңдар мен ережелер туралы ескертулер, дамушы мемлекеттер мүддесіне құқықтық-техникалық көмек көрсету және техникалық қызметтестікті жүзеге асыру нысандарында қызметтестікке бағытталған.

Еуропалық Одақ

Еуропалық Одаққа ұзақ мерзім бойы интеллектуалдық меншікті қорғаудың мықты жүйесі әрекет ететін мемлекеттер кіреді. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттер мен Еуропалық Одақ басқарушы органдары интеллектуалдық меншікті қорғау саясатында мына мақсаттарды алға қояды:

1) интеллектуалдық меншікті қорғауды күшейту;

2) интеллектуалдық меншікке құқықтың адал емес бәсекелестікте қолданылуының алдын алу;

3) интеллектуалдық меншік туралы заңнаманы үйлестіру;

4) тауар таңбаларымен айналысатын ұлттық патенттік қызметтер мен құрылымдардың күштерін қайталау деңгейін төмендету.

Бұл мақсаттарға жету үшін Еуропалық Одақ бірқатар механизмдер қолданады:

1) міндетті директиваларды жариялау;

2) негізгі халықаралық ұйымдар жұмысы мен шарттарын дайындауға қатысу;

3) еуропалық Одаққа мүше мемлекеттері үшін қосылу шарттарын дайындау (кейбір жағдайларда басқа мемлекеттер үшін де ашық);

4) жеке институттарды, атап айтқанда, Еуропалық патенттік бюро мен Тауар таңбалары жөніндегі Еуропалық бюроны құру.

§ 5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАТЕНТ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕЙТІН ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы доминанты нарықтық қатынастарға өтумен және әлемдік қауымдастыққа интеграциямен байланысты экономикалық реформалар болып табылатын жан-жақты реформалаудың тарихи кезеңінен өтуде. Республикамыздың он төрт жылдық егеменді дамуы ішінде реформалар базасы құрылып, дамуда. Бүкіл экономикалық қатынастар спектрін реттеудің құқықтық іргетасы болып Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі танылады.

Шаруашылықтың жаңа талаптарына интеллектуалдық меншік, заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың субъективті құқықтары мен міндеттері саласында құқықтық қатынастарды реттеу өзгерді.

Бұдан 1999 жылдың 16 шілдесінде патент құқығы субъектілерінің арасындағы құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған Қазақстан Республикасының Патент Заңы қабылданды. Бұл акт өз кезегінде аталған құқықтық қатынастарды алғашқы реттеу бойынша міндетін атқарған 1992 жылдың 24 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасы Патент Заңының орнына келді.

Қазақстан Республикасында патент қатынастары саласындағы нормативтік құқықтық актілердің бірінші тобын ҚР Конс-

титутциясы кұрайды. Конституцияның 20-бабы шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді. Бұл норма интеллектуалдық меншік туралы заңнама дамуының кұқықтық негізін кұрайды.

Өкінішке орай, ҚР Конституциясында «интеллектуалдық меншік» термині көрініс таппаған. Мысалы, 1993 жылдың 12 желтоқсанында қабылданған Ресей Федерациясы Конституциясының әдеби, көркем, ғылыми, техникалық және өзге де шығармашылық түрлеріне арналған 44-бабында «интеллектуалдық меншік заңмен қорғалады» деген ережесі бар. Кұқықтық жүйенің өзге бөліктерінің кұқықтық саясаты мен дамуы үшін негізгі заңның фундаменталдық маңыздылығын ескере отырып, ҚР Конституциясы 20-бабының 1-тармағын «интеллектуалдық меншік заңмен кепілдендіріледі» деген сөздермен толықтыру қажет.

Патент кұқығының объектілеріне қатысты кұқықтық қатынастарды Конституциямен бірге, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі де (49, 52 тарауларды қараңыз) реттейді.

Аталған саладағы заңнама жүйесінің негізі болатын ҚР АҚ 1999 жылдың 1 шілдесінде оның Ерекше бөлімі әрекетке енген кезде ғана толықтай қалыптасты. ҚР АҚ (Интеллектуалдық меншік кұқығы» деген 5-бөлімі интеллектуалдық меншік кұқығының жеке объектілерін кұқықтық қорғау режимін реттейтін комплексті заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің болуы мен дамуы үшін кұқықтық іргетасы болып табылады¹. Бұл бөлім интеллектуалдық меншік кұқығының жалпы сұрақтарын реттейтін 78 баптан тұрады. Бұл уақытқа таман 1992 жылдан әрекет еткен Патент Заңы мен Тауар таңбалары туралы Заң қайта қаралып, олардың жаңа баспалары 1999 жылдың шілдесімен белгіленеді.

Яғни, АҚ-нің Ерекше бөлімінің 5-бөлімі кешірек жасалды, сондықтан ол қазіргі уақыт бойынша әрекеті ұзақ патент заңнамасы мен комплексті заңдар түрінде тауар таңбалары жөніндегі заңнаманың жалпылануы, ал жалпы айтқанда — интеллектуалдық меншікті кұқықтық қорғаудың мүлтіксіз жүйесін жасау бойынша жұмыстың жалғасы болып табылады.

ҚР АҚ-нің қарастырылып отырған бөлімі еліміздің арнайы заңнамасының дамуының іргетасы болып табылатын интеллектуалдың меншік объектілері бойынша қағидалы, жалпы ережелерді бекітуге бағытталған.

¹ Каудыров. Юрист. №1 (31).

Бұл бөлімнің баптарында интеллектуалдық меншікті құқықтық реттеу саласындағы әлемдік жетістіктер бекітілген, еліміз қатысып отырған маңызды әлемдік конвенциялар, сонымен қатар, болашақта қатысатын келісімдер талаптары ескерілген.

ҚР АҚ-нің 5-бөлімі өз мазмұнымен ерекше және ТМД елдері Үлгілік Азаматтық кодексінің сәйкес бөлімдерінен принципіалды бағыттарымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, интеллектуалдық меншік иесінің айрықша құқығын, қызметтік шығармашылық режимдері мен өзгеде ерекшеліктерін көрсетуге болады.

Қазақстан Республикасының Патент Заңы 1999 жылдың 16 шілдесінде қабылданды.

Аталған заң өнертабыстар, пайдалы модельдерді және өнеркәсіптік үлгілерді жасау, қорғау және пайдаланумен байланысты қатынастарды реттейді. Олардың жалпы атауы үшін «өнеркәсіп меншігі» термині қолданылады.

ҚР-ның жаңа Патент Заңын қабылдау қазақстандық заңнаманы ҚР-ның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруін талап ететін Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісімі (ТРИПС) талаптарына сәйкестендіру қажеттілігімен негізделеді.

Қазақстан Республикасының Патент заңын сегіз тарау құрайды:

- 1— «Жалпы ережелер»;
- 2— «Өнеркәсіптік меншік объектілерінің патентке қабілеттілігінің талаптары»;
- 3— «Авторлар мен патент иеленушілер»;
- 4— «Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға ерекше құқық»;
- 5— «Қорғау құжатын алу тәртібі»;
- 6— «Қорғау құжатының қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру»;
- 7— «Авторлардың, өтініш берушілердің және патент иеленушілердің құқықтарын қорғау»;
- 8— «Қорытынды ережелер».

Қазақстан Республикасы Патент Заңының құрылысы жоғары деп бағалауға болады, себебі бұл актідегі нормативтік материал патенттік құқықтық қатынастардың даму кезектерімен және цивилистика жетістіктерін есепке алу арқылы анықталған.

Қазақстан Республикасы Патент Заңының 1-бабында Заңда қолданылатын негізгі түсініктер мен терминдер мазмұны ашыл-

ған. Осылай, атап айтқанда, өнеркәсіптік меншік объектілеріне өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілер жатқызылған. Аталған объектілердің бір түсінікке жиналуы олардың ұқсастығымен негізделеді. Әрине, олардың арасында айырмашылықтар бар. Осының негізінде өнеркәсіптік меншік объектілері әрқайсысының патентке қабілеттілігі талаптары жеке нормаларда ашылған (ҚР Патент Заңының 6-8 баптары).

1992 жылғы ҚР Патент Заңынан кейін бұл заң патенттік құқықтық қорғаудан рационализаторлық ұсыныстарды алып тастады.

Жаңа Патент Заңымен бірге патент саласын құқықтық реттеуге өзгерістер енгізілді:

— қызметтік өнертабыстар құқықтық режимі біршама өзгертілді,

— патенттік құқық объектілеріне қорғау құжаттарының әрекет ету мерзімі өсті;

— қорғау құжатын алуға өтінімнің тапсырылған күні мен берілген күні айқындалған және бөлінген;

— авторлар мен патент иеленушілердің өнертабыстың жаңашылдығы мен өнертапқыштық деңгейіне әсер етпейтін оның мәнін ашу мерзімдеріне талаптар қатандалған;

— мәні бойынша сараптама жүргізу туралы сұрау салу мерзімі қысқартылды;

— соңынан пайдалану құқығы енгізілді.

38 баптан тұратын Қазақстан Республикасының Патент Заңы кешенді нормативтік құқықтық акт болып табылады, себебі оны халықаралық-құқықтық (37-бапты қараңыз), азаматтық-құқықтық (11–15-баптарды қараңыз), азаматтық-іс жүргізушілік (33-бапты қараңыз), әкімшілік (25–29-баптарды қараңыз), еңбек (8-баптың 2-тармағын қараңыз) сияқты әр түрлі саладағы қатынастар құрал ретінде қолданылады. Аталған актіде патент құқығы объектілеріне әлемдік патенттік-құқықтық тәжірибе шеңберінде таралған талаптар (патентке қабілеттілік талаптары), сонымен қатар, берілетін құқық көлеміне қарай лицензиялық шарттардың көп түрі және қорғау құжатын басқа тұлғаға беру мүмкіндігі қарастырылған (14-бапты қараңыз)¹.

¹ Амангелді А.А. Современное патентное законодательство РК. Алматы, 2002.

§ 6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАТЕНТ ҚАТЫНАСТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ОРГАНДАР

Барлық елде патент ведомствосы деп аталатын патент жүйесін құрайтын аса маңызды мекеме мамандырылған мемлекеттік ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 маусымдағы Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанынан ұлттық патент ведомствосы (Казпатент) құрылды. Егемен Қазақстанның қалыптасуының бүкіл кезеңінде Республиканың басқару аппараты бірқатар құрылымдық қайта құруларды бастан кешірді. Басқару органдары бір-біріне қосылып, бір орталықтан басқарыла бастады. Қазақстан экономикасында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын органдардың бірі саналатын Казпатент те бұдан сырт қалған жоқ. Ол бұрынғы өнеркәсіп және сауда, экономика және сауда, энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құрылымына агенттік болып енді, кейін патент және тауар таңбалары жөніндегі дербес республикалық мемлекеттік кәсіпорынға айналды.

2000 жылғы қыркүйекте ол ҚР Әділет министрлігі құрамына енгізілді. 2001 жылғы наурыздан бастап ҚР Әділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі комитеті, сондай-ақ оған бағынатын Қазақстан патенттік сараптама институты (КИПЭ) құрылды. Сөйтіп, қазір де бұл комитет Қазақстанның ұлттық патент ведомствосы болып табылады, ал оның сараптама жұмысын КИПЭ атқарады¹.

Біздің елімізде интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау саласында арнайы құзыретті бас мемлекеттік орган, өзгеше айтқанда, Қазақстанның патенттік ведомствосы – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Интеллектуалдық меншік құқықтары жөніндегі комитет болып табылады. Ол 2001 жылдың 29 наурызындағы ҚР Президентінің «ҚР құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 536 бұйрығына сәйкес қабылданған ҚР Үкіметінің 2001 жылдың 29 наурызындағы № 411 «ҚР Әділет министрлігінің интеллектуалдық меншік құқықтары жөніндегі комитет сұрақтары» қаулысымен құрылды.

Бұл нормативтік актілер интеллектуалдық меншік саласындағы мемлекеттік басқару құрылысын тамырымен өзгертті.

¹ Т. Қаудыров//Қазақстанның патент жүйесі. Заң. 2001. № 12.

Бұрын әрекет еткен кұзыретті органдар мен ұйымдар – патенттік ведомство қызметін атқарған ҚР Әділет министрлігінің патент және тауар таңбалары жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын мен бұрынғы ҚР Әділет министрлігінің авторлық кұқықтары жөніндегі ведомство орнына біртұтас жаңа интеллектуалдық меншік жөніндегі комитет келді¹.

Аталған комитетпен қатар, бұл саладағы кұқықтық қатынастардың жаңа субъектісі пайда болды. Бұл жоғарыда аталған ҚР Үкіметінің №411 қаулысымен кұрылған бұрынғы қазақстандық патенттік сараптама институты. Бұл ұйымға мына қызметтер жүктелген болатын:

– өнеркәсіптік меншік объектілеріне (өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, тауарлардың шығарылған жерлерінің атаулары) өтінімдер қабылдау, осы өтінімдерге сараптама жүргізу және өтінім берілген өнеркәсіп меншігі объектілерінің қорғау қабілеттігі шарттарына сәйкестігін анықтау;

– селекциялық жетістіктерге өтініштерді және интегралды микротәсімдер топологияларын тіркеуге өтінімдерді қабылдау, осы өтінімдерді бекітілген талаптарға сәйкестігіне сараптама жүргізу;

– тіркелген өнеркәсіп меншік объектілерін, селекциялық жетістіктер мен интегралды микротәсімдер топологиялары реестрін жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізу;

– қорғау кұжаттарына сараптама және өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерін және интегралды микротәсімдер топологияларын қорғау мәселелері бойынша ресми бюллетеньдерді жариялау;

– Патенттік кооперация туралы Шарт пен Еуразиялық патент конвенциясы мен Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне сәйкес қызметтерді жүзеге асырумен байланысты халықаралық өтінімдерге сараптама жүргізу².

ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі № 756 «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интеллектуалдық меншік кұқықтары жөніндегі Комитетінің интеллектуалдық меншік институтының Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіп-

¹ Основы патентного права и патентования в Республике Казахстан: учебное пособие/ Отв.ред. Т.Е. Каудыров. Алматы: Жеті жарғы, 2003. 90-бет.

² ҚР Үкіметінің 29.03.2001 бекітілген. «ҚР Әділет министрлігінің интеллектуалдық меншік кұқықтары жөніндегі комитет сұрақтары туралы» № 411 қаулысы.

орнын кұру» туралы қаулысымен бұрынғы КИПЭ функциялары қысқартылған атауы «РГКП НИИС» жаңа институтына жүктелді.

Яғни, сараптама органдарына РГКП НИИС-ті, ал ғылыми-ақпараттық органдарға – Қазақстандық мемлекеттік ғылыми-техникалық институтты (КазгосИНТИ), Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананы жатқызуға болады.

Патенттік кітапхана патент жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, себебі өнертапқыштар мен өзге субъектілердің шығармашылық қызметі ақпараттық ресурстарсыз мүмкін емес. Патенттік сараптама жүргізу үшін де адамзаттың өнеркәсіптік меншік объектілерінің бәріне қатысты білім саласындағы жетістіктерін есепке алу қажет.

Мемлекетте патенттік кітапхананың болуы Париж конвенциясына қатысу үшін міндетті шарт болып табылады. «Одақтың әрбір мемлекеті өнеркәсіптік меншік істері жөніндегі арнайы қызмет пен қоғамның өнертабысқа патенттермен, пайдалы модельдермен, өнеркәсіптік үлгілермен және тауар таңбаларымен танысу үшін орталық қойма кұруы тиіс»¹.

Біздің елімізде патенттік кітапхана қызметін көпсалалық кітапхана, техникалық және онымен сабақтас ғылымдар саласында мамандырылған әдістемелік-библиографиялық орталығы болып табылатын Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана (РҒТК) табылады.

РҒТК кұрамында 1965 жылдан патенттердің «орталық қоймасы» қызметін тікелей атқарған Республикалық патенттік қор (РПК) әрекет ететін. Қазіргі уақытта РПК-да әлемнің 50 мемлекетінен және үш халықаралық аймақтық патент ұйымдарынан 21 миллион данадан астам кұжат жиналған.

Авторлық кұқық сияқты патент кұқығы мәні бойынша адамның интеллектуалдық, шығармашылық қызметі нәтижесін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бірақ, авторлық кұқыққа қарағанда, патент кұқығы адам шығармашылығының тек ғылыми-техникалық саласына ғана қатысты. Сонымен қатар, ғылыми қызмет өнімдері ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қолдандудың қолданбалы аспектілеріне қатысты болғанда ғана, патенттік кұқық объектісі бола алады.

Интеллектуалдық меншік объектілері арасында өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілер сияқты ин-

¹ Париж конвенциясының 12-бабы.

теллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелері маңызды орын алады. Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, тауар шығарылған жердің атауымен бірге олар «өнеркәсіптік меншік объектілері» жалпы атауымен қамтылады. Бұл Қазақстан Республикасының аумағына да таралатын 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 1-бабымен бекітілді.

Патенттік қатынастар қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін егжей-тегжейлі реттелгенімен ерекшеленеді. Авторлық құқықпен салыстырғанда, объектіні тіркеу мен өнертабыс жасалғаннан кейін алғашқы патент құқықтарын бекіту нысандалуымен ерекшеленеді. Себебі, бірегей болып табылатын әдебиет немесе өнер туындыларына қарағанда, өнертабыс қайталануы мүмкін. Бұл өнеркәсіптік үлгілер үшін маңызды болғанымен, патенттеу объектілері нысанымен емес, үлкен коммерциялық құндылыққа ие мазмұнымен бағалы. Патенттік қатынастардың үлкен коммерциялизациясына өзге тұлғаға толық немесе бөлшектеп берілуі мүмкін патент иеленушінің құқықтары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Патент Заңы Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына енуіне және ұлттық заңнамада Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім «ТРИПС» талаптарының көрініс табу қажеттілігіне, сондай-ақ Азаматтық кодекстің жалпы және ерекше бөлімдерін қабылдаумен байланысты қабылданды. Оның мәтіні Азаматтық кодекс және басқа қазіргі заңнама терминдерімен сәйкестендірілді, алайда патент жүйесінің әретет ету қағидалары өзгермеді.

Патенттік құқықтық қатынастар күрделілігімен ерекшеленеді, құқықтық нормаларды дұрыс қолдану және патенттеуді жеңілдету мақсатында патенттік ведомство нұсқаулық-әдістемелік ақпараттар жариялайды.

1993 жылдың 16 ақпанында қабылданған өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы халықаралық шарттар туралы Қазақстан Республикасының Декларациясына сәйкес Республика аумағында өнеркәсіптік меншік саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін төрт маңызды халықаралық конвенция әрекет етеді, олар:

1. 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы;
2. 1891 жылғы 14 сәуірдегі Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі;

3. 1967 жылғы 14 шілдедегі Бүкіләлемдік интеллектуалдық меншікті қорғау ұйымы конвенциясы;

4. 1970 жылғы 19 маусымда қабылданған Патент кооперациясы туралы келісімшарт.

1995 жылдың 5 қарашасынан бастап еліміздің аумағында 1994 жылдың 9 қыркүйегінде Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық патенттік конвенция әрекет етуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Нормативтік-құқықтық актілер.

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. 1994 жылғы 27 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

4. 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент Заңы.

5. 1992 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент Заңы.

Оқулықтар:

1. *Е.С.Асқаров.* Защита промышленной интеллектуальной собственности в Казахстане. Учебное пособие. Алматы, 2003.

2. *М.М. Богуславский.* Международная охрана промышленной собственности. М., 1967.

3. Основы патентного права и патентования в Республике Казахстан/Отв. ред. Т.Е. Каудыров. Алматы: Жеті жарғы, 2003.

4. *Т.Е. Каудыров.* Право интеллектуальной собственности в Республике Казахстан. Алматы: Жеті жарғы, 1999.

8-т а р а у.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

§ 1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫМДАР

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, экономикада елеулі өзгерістер орын алды. КСРО-ның құлдырауына дейін жоспарлы экономика өзінің жарамсыздығын көрсетті. Нарықтық экономиканың қалыптасу процесінде ТМД мемлекеттерінің әрқайсысында жаңа өндірістер нысаны мен жаңа капиталдық қатынастар дамыды. Халықаралық жеке құқықтағы шетел

элементімен күрделенген еңбек қатынастарын құқықтық реттеу Қазақстан үшін өте маңызды, себебі, Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына шетел азаматтарын жұмысқа тарту кеңінен таралды және Қазақстан Республикасының азаматтары шетелдіктермен инвестицияланған Қазақстан кәсіпорындарындағы жаңа қатынасқа түсті. Кеңес Одағының еңбек құқығында шетел азаматтарының еңбегін реттеу қарастырылмады, сондықтан Қазақстанның еңбек заңнамасы әлі күнге дейін бұл мәселені толығымен қамтымайды. Шетел элементімен күрделенген қатынастарда, бір еңбек қатынасын реттеуде екі немесе одан да көп мемлекеттердің заңдары бәсекелестікке түседі. Сол кезде, қай мемлекеттің заңын қолдануы керек екендігін тандаймыз. Бүгінгі таңдағы доктрина мен тәжірибе бұл жағдайларды коллизиялық нормаларды қолдану арқылы шешеді. Коллизиялық норманы қолданғанда даулы мәселе толық мәнінде шешілмейді, коллизиялық норма тек қолайлы мемлекеттің ұлттық заңнамаларындағы материалдық нормаларға сілтеме жасайды.

Еңбек құқығындағы коллизиялық мәселені шешу үшін дүниежүзілік тәжірибеде келесі байланымдар қолданылады:

1. Құқықты тандау еркіндігі (тарап еріктері — *lex voluntatis*).
2. Жұмыс орнының заңы (*lex loci laboris*).
3. Жұмыс берушінің орналасқан жерінің заңы.
4. Ту елінің заңы (*lex flagi*).
5. Жұмыс берушінің азаматтығы (*lex patrie, lex nationalis*).
6. Жалдау мәмілесін жасап отырған елдің заңы (*lex loci contractus*).
7. Тараптардың болжаулы еркі немесе ниеті.
8. Қай заң бұл құқықтық қатынаспен неғұрлым жақын байланыста (*proper law of the contract*).

Сонымен, жоғарыда аталып кеткен коллизиялық байланымдарды анықтайық.

Lex voluntatis байланымы көптеген мемлекеттерде қолданылады, демек, басым заңды тандау құқығы еңбек шартының тараптарына берілген. Халықаралық жеке құқықта бұл қағиданың мәні ретінде, мемлекеттердің ішкі заңнамаларына немесе халықаралық келісімдердің қатысушыларына өз келісімдері бойынша қатынастарды реттеу үшін бір мемлекеттің заңы қолданылады. Кейбір мемлекеттердің заңнамалары мен сот тәжірибесі *lex voluntatis*-ті қолдануға жасырын түрде шектеулер қояды. Алайда, көптеген мемлекеттердің еңбек қатынастарында бұл қағиданы қолдануға ешбір шектеулер жасалмайды. Мысалға

Ұлыбритания, Германия, Канада, Австрия, Италия, Чехословакия мемлекеттерін келтіруге болады. АҚШ пен Польша мемлекеттері *lex voluntatis*-ті таңдалған заң мен еңбек қатынастарының арасында дара байланыс болған жағдайда қолдануға рұқсат береді. Испания, Албания, Австрия мемлекеттері таңдалған құқықтың нақты көрініс табуын талап етеді. Австрия, Бельгия, Бразилия, Германия мемлекеттерінде таңдау еріктілігі жоқ болған жағдайда қолданылатын заңның императивтік нормаларында көрсетілген қорғаудан жұмысшыны айырса, таңдалған заң қолданылмайды. Ендеше, келесі мәселеге көңіл бөлейік: *lex voluntatis* қағидасы орын алғанда тараптар кез келген мемлекеттің заңын таңдай алады ма, әлде белгілі шектеулер бар ма? Бүгінгі уақытқа дейін әлемдік тәжірибеде тараптарға жат құқықтық жүйені таңдау жағдайы орын алмады. Көбінесе, жұмыс орны елінің заңы, кәсіпорынның орналасқан елінің заңы немесе жұмысшының заңдары қолданылады. Герман заңының 27-бабында «тараптарға мәміленің толығымен немесе оның бір бөлігіне қатысты заңды таңдау еріктілігіне рұқсат берілген». Біздің пікірімізше, бұл шешімді әр тарап өзінің мүддесін көздеп, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолдануы мүмкін. Бұл тек жария болған халықаралық құқықта қолданылуы керек, себебі, тараптар экономикалық жағынан теңдей жағдайға ие. Ал халықаралық жеке құқықта *lex voluntatis*-ті асыра пайдалануы мүмкін.

Кейбір мемлекеттерде *lex voluntatis* емес, *lex loci laboris* қолданылады. Венгрия, Испанияның заң актілерінде *lex loci laboris* — жұмысшыны әдетте, жұмыс орындайтын елінің заңы деп талқыланса, Швейцарияда жұмысшыны еңбек міндеттемелерін орындайтын елдің заңы көрсетіледі. Егер кәсіпорын бір мемлекетте, ал басқару органы екінші мемлекетте орналасса, жұмыс орнының заңы болып, кәсіпорынның орналасқан жері саналады /2;172/. Австрия, Испания, Швейцария, Нидерланд, Бразилия *lex loci laboris*-ті негізгі коллизиялық байланым ретінде алған. Венгрия 1979 жылғы заңында «Егер заңнамамен (шартпен) өзгеше көзделмесе, жұмыс қай мемлекетте орындалса, сол мемлекеттің заңы қолданылады. Осы қағида 1980 жылғы Шарттық міндеттемелерге қолданылатын» делінген құқық туралы Еуропа конвенциясында көрініс тапты.

Жұмысшы бірнеше мемлекеттерде өзінің жұмысын жүзеге асырса және оның әдеттегі жұмыс орнын анықтау мүмкін

болмаса, онда жұмысшының әдеттегі тұрғылықты жері немесе өз қызметін көбінесе жүзеге асыратын жердің заңы қолданылады (Австрияның заңы). Көптеген авторлардың пікірінше *lex loci laboris* қолданылған кезде жұмысшының құқықтарымен мүдделері ескерілмейді немесе шектелуі де мүмкін. Жұмысшы жұмыс берушіге карағанда экономикалық жағынан әлсіз, оған төтеп бере алмайды, *lex loci laboris*-тің бір кемшілігі: жұмыс берушінің жағдайы едәуір ауқымды қорғалған; жұмыс беруші өз басқарушылық саясатын тұрақты жүргізеді; жұмыс беруші бұл байланымды көбінесе асыра пайдаланады. Қорыта келгенде, жұмыс орны мемлекетінің заңын қолданғанда, жұмысшының жағдайын қорғау мәселесі көзделуі тиіс.

Ту елінің заңы. (lex flagi)

Еңбек келісіміне сәйкес, су немесе әуе көлігінде өз қызметін орындаған жұмысшының еңбек қатынастары көлік құралы тіркелген мемлекеттің заңымен реттеледі. Мысалы: РФ КТМ – 57 б. Кеме экипажының мүшелерін жұмысқа қабылдау (соның ішінде шетелдіктерді), олардың құқықтары мен міндеттері, еңбек жағдайы мен ақы төлеу, жұмыстан шығару тәртібі мен негізі Ресей Федерациясының заңнамасымен реттеледі.

Румын заңының 140-бабында егер өзгеше тараптар өзге заңды таңдамаса, теңіз немесе өзен кемесінің ту заңы немесе әуе кемесі тіркелген елінің заңы кеме экипажының жалдау шартын реттейді. Келесі коллизиялық байланымдар: ту заңы – теңіз көлігінде (Италия, Франция, Венгрия), кеменің тіркелген елдің заңы – әуе және су көліктерінде (Албания), тасымалдаушының заңы – теміржол мен автомобиль көліктеріне (Венгрия) қатысты қолданылады. Кейбір мемлекеттерде өзге баламалы байланыс – бірлескен тұрғылықты орнын қолдану тенденциясы байқалуда. Бөлек жағдайларда теңізшімен, шетел компаниясымен жасасқан мәмілені шетелге барған іссапар аналогы деп қарастырады.

Жұмыс берушінің жеке заңы – жеке немесе заңды тұлғаның (*lex personalis, lex societatis*). Егер венгрлік жұмыс берушінің жұмысшылары ұзақ немесе қысқа мерзімді іссапармен шетелде жұмыс істесе, онда құқықтық қатынасқа венгр заңы қолданылады. Жоғарыдағы қағида, егер жұмыс орнын нақты анықтау мүмкін болмағанда немесе жұмыс екі немесе одан да көп мемлекеттерде жүзеге асырылса ғана қолданылады.

Белгілі бір мемлекеттің ұйымы өз жұмыскерін шетелге уақытша жұмысқа жіберсе, онда ұйым орналасқан жердің заңы (*lex loci delegations*) қолданылады.

Жалдау шартын жасасқан мемлекеттің заңы (*lex loci contractus*). Мысалы, АҚШ пен Англия заңнамаларына сәйкес, еңбек қатынастарын реттейтін шарт осы мемлекеттерде жасалса, жергілікті құқық қолданылады делінген.

Ресей ғалымдарының пікірінше, еңбек құқығында эксаумакты қолдану 2 жағдайда рұқсат етіледі: а) арнайы келісімді жасау арқылы б) егер коллизиялық нормалар тікелей шетел заңдарына сілтеме жасаса, онда барлық жағдайларда шетел заңнамасы қолданылады.

Егер олар мемлекеттің жария тәртібіне қайшы келсе, кез келген мемлекет өз аумағында шетел заңдарын қолдануға тыйым салуға құқылы. Кейбір мемлекеттер өздерінің еңбек заңнамаларының эксаумактық әрекет етуін кеңейтуге ұмтылады. Мысалы, АҚШ-тың еңбек жағдайларының әділеттілігі, мүгедектер туралы заңдары. Бұл заңдар тек АҚШ аумағында ғана әрекет етпейді, сонымен қатар шетелде тұратын американдықтар мен америка компанияларына таралады. *Lex loci laboris* кейде әмбебап бола алмайды. Сондықтан Чехияның халықаралық жеке құқығында *lex loci laboris* пен қатар қосымша коллизиялық байланымды жұмыс берушінің кәсіпкерлік қызмет жерінің заңы.

Контрактімен неғұрлым жақын елдің заңы көптеген даулы жағдайлар тараптар өз құқықтық қатынастарын реттейтін құқықты таңдау кезінде келісімге келмеуі нәтижесінде пайда болады. Бұл байланым факторлардың жиынтығы немесе бір басымдылыққа ие факторларды қарастырады. Мысалы, кәсіпорынның орналасқан жері, компанияның басшылығы, шарт тараптарының жалпы азаматтығы, жұмысшының өндірістік нұсқаулықтарды алатын қайнар көзі, жалақы төлеу қайнар көзі мен валюта еңбек шартының типі т.б. «тығыз байланысы осы мемлекеттің еңбек шартын жасасқан жері немесе еңбек қызметін орындап жатқан жер екенін дәлелдейді. Шартта құқықты таңдау жөнінде тараптардың еріктілігі болмаса, онда судья белгілі бір байланыстырушы факторды негізге ала отырып өз таңдауын жасайды. Бұл коллизиялық байланымды англо-американдық құқықтың тәжірибесі мен доктринасы қалыптастырды. Кейбір ғалымдар осы байланым арқылы құқықты қолдану

мәселесі шешіледі деген пікірді ұстанса, ал басқалары оны өз мүддесіне қорғау үшін қолданады деген пікірде. А. Лунцтың пікірінше, англо-американдық соттар бұл байланымға сүйенгенде өз елінің құқығын қолданудағы субъективизмді көрсетеді. Мысалы, Еуропалық құқықта *lex voluntatis*-ті жұмыс беруші асыра пайдаланатын және *lex loci laboris*-ті кемшіліктерін ескере отырып жұмысшыны максимум қорғауға бағытталған байланыстарды қолдануға ұмтылады. Еуропада *lex voluntatis* тек жұмысшыны қорғауға бағытталған. Еуропалық конвенцияның 6-бабы 2-тарауында қолданылатын құқық тандалмаса, а) контракт жұмысшының шартқа сәйкес әдеттегі қызметті орындайтын жерінің заңы; б) егер жұмысшы бірде-бір мемлекетте қызметті орындамаса, онда жалдаушы мемлекеттің кәсіпорының орналасқан елінің заңы қолданылады. Егер контракт мазмұнынан контракт өзге мемлекетпен неғұрлым тығыз байланыста екені анықталса, бұл жағдайда ол өзге мемлекеттің заңымен реттеледі. Сөйтіп, конвенцияны дайындаушылар *lex loci laboris*-ті қолдайды, бірақ ол жалғыз байланым болуын қаламайды. Себебі өзге мемлекет контрактпен неғұрлым жақын байланыста болуы мүмкін. *lex loci laboris* бұл ереже екендігіне күмән жоқ, бірақ неғұрлым жақын байланыс осы ереженің ескертпесі ретінде қолдануда.

Мысалы, осы ескертпе Германияның Еңбек даулары жөніндегі Федералды сотпен қолданылды. Американдық авиакомпания Германияда тұрақты тұратын бірақ шығу тегі американдық ұшқыштарды Германияға жұмысқа алады, кейін дау қай елдің заңы қолдануға келетіндігі жөнінде туындайды. Еңбек даулары жөніндегі Герман соты істің барлық мән жайларын ескеріп, жұмысқа жалдау контракті Нью-Йорк штатымен (бас авиакомпанияның орналасқан жері) неғұрлым жақын байланыста екендігін шешті.

Егер тараптар § 6.2 жазылған құқықтан өзге құқықты тандаса, бұл таңдау заңды болады, бірақ ол қолданылмайды. Егер § 6.2 қолданылатын императивтік заңдарда көрсетілген жұмысшыны берілген қорғау құқығын айыратын болса.

Неғұрлым жақын құқықты қолдану қағидасының негізгі мақсаты:

- 1) *lex voluntatis*-ті асыра пайдаланушылыққа жол бермеу;
- 2) контракті таныс емес құқыққа бағындырудан сақтау.

Бұл теория екі құқық жүйесін қолдануды қарастырады, яғни жұмысшы өз мүддесіне сәйкес келетін нормалардың қолдануын талап етуге құқылы. Кейіннен бұл қағида Еуропалық мемлекеттердің заңнамасына тікелей енгізілді. Мысалы: *Estatuo de los Trabajadores* 1.4. Шетелдегі испан компанияларына жұмысқа жалданатын испан жұмысшылары испан құқығымен берілетін барлық басымдылықтар мен артықшылықтарды талап етуге құқылы.

Субъективтік теория – болжаулы ниет, ерік теориясы. Мәміледе көрсетілген мән-жайлардың жиынтығы қолданылатын құқықты нақтылайды. Тараптардың дауды қарауға тандаған сот қай елдің құқығы бойынша шешуді тікелей анықтайды.

Жұмысшының еңбек құқығы, әрекет қабілеттігінің жеке заңы бойынша анықталады. Әлбетте, тұлғаның әрекет қабілеттілігі Лизарди ісінде сияқты мәміле жасалған жердің заңының пайдасына шешілуі мүмкін. Мысалы, Англия мен АҚШ заңнамасында шетел азаматы өз заңы бойынша әрекетке қабілеттігі жоқ болса да, ол шарт жасасқан жердің заңы бойынша әрекетке қабілетті деп танылса, онда *lex loci contractus* қолданылады.

Еңбек туралы дау пайда болғанда әр мемлекетте әр түрлі коллизиялық формациялар қолданылады. Мысалы, Францияда талапкердің немесе жауапкердің азаматтылығы басымдылық маңызға ие. Германия, Австрия, Швейцария, Нидерландта шешуші басымдылық маңызға жауапкердің тұрғылықты жері ие. Ұлыбританияда *lex voluntatis* шешуші болып табылады, яғни тараптар өздері қай сот елінің заңы қолданылатындығын тандайды. Неғұрлым жақын байланыс теориясында жұмысшы қызметін орындайтын сот елінің заңы істі қарайды.

Алайда, нақты бір мемлекеттің құқығы коллизиялық нормаларды жекелей дифференцияласа да, олар еңбек жағдайларының әр алуандығымен еңбек қатынастарының барлық элементтерін қамти алмайды. Дегенмен де, Қазақстан құқығында халықаралық жеке еңбек қатынастарына қатысты коллизиялық нормалардың жүйесін дайындағанда, осы саладағы шетел тәжірибесін пайдалануымыз қажет. Соңғы жылдарда, әр түрлі мемлекеттердің заң шығарушы органдары нормативтік актілерде еңбек аясында заң қалыптастырушы жағдайларының орын алуын көрсетеді. Дания, Венгрия, Испания, Австрия мемлекеттерінің халықаралық жеке құқық туралы немесе азаматтық кодекс-

тердің сәйкес тарауларында арнайы еңбек коллизиялық нормалары бар. Қазіргі Қазақстан Республикасының заңнамасында және бұрынғы Одақ мемлекеттерінде халықаралық еңбек қатынастарына байланысты коллизиялық нормалар жоқ немесе бірыңғай нормативтік актіде жинақталған коллизиялық нормалар бекітілмеген. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы Заңында» (10.12.99); АҚ-нің (Ерекше бөлімінде) еңбек қатынастарына қатысты коллизиялық нормалар жоқ.

Ескерту ретінде, АҚ-нің 1095-бабында, жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі оның жеке заңымен анықталады. Бұл байланымды заң аналогиясы ретінде жеке тұлғаның еңбекке әрекет қабілеттілігін анықтағанда қолдануымыз мүмкін. Жалған коллизиялық байланымдар әр түрлі нормативтік актілерде бар. Мысалы: «Шетел инвестициялары туралы» Қазақстан Республикасының заңында (27.12.94) келесі 2 коллизиялық байланым қарастырылған: жалпы — тараптар заңды тандайды (*lex voluntatis*) және субсидарлы — (*lex loci laboris*). Тараптар еңбек қатынастарының мазмұнын өздері тандаған заңмен анықтайды немесе Қазақстанның заңнамасына сілтей алады немесе жұмысшының шығу тегіне байланысты мемлекеттің заңына (шетел заңына) жүгіне алатын болған. 2003 жылы 8 қаңтарда Инвестициялар туралы жаңа заң қабылданды. Осы заңға сәйкес 24, 25-баптар алынып тасталынды, яғни *lex voluntatis* және *lex loci laboris* туралы ештеңе айтылмайды, тек Еңбек туралы заңға сілтеме жасалған (10.12.99 3-бап). Осы заңның қолданылу аясы:

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек қатынастарын реттейді.

2. Егер Конституцияда, заңдарда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы Заңның күші Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құрылтайшылары немесе меншік иелері толығынан немесе ішінара шетелдік заңды немесе жеке тұлғалар болып табылатын ұйымдардың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңдары қолданылады.

Демек, осы заң *lex loci laboris*-ті заңды түрде бекітіп отыр. Халықаралық жеке құқықтың қазақстандық доктринасында шартқа ішкі құқықты емес, тараптар шетел құқығын тандаған

болса рұқсат береді. Қазақстан Республикасының еңбек құқығында көрсетілген императивтік нормаларды шетелдіктер сақтай отырып, ішкі заңнамаға қарағанда, жұмысшының жағдайын нашарлатпауға міндетті. Егер мұндай жағдай орын алса, онда шетел заңнамасын қолдануға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасына шетел жұмыс күшін тарту қазіргі уақытта және келешекте өзекті мәселе болып отыр. Сол себептен, Қазақстанның халықаралық жеке құқығында еңбек қатынастарына қатысты ғылыми-теориялық базаны қалыптастырып, дамытуға ат салысуымыз керек. Келешекте, жоғарыдағы аталған ұсыныстар Қазақстан Республикасының шетел азаматтарының еңбек қызметі туралы коллизиялық нормалар бар жетілдірілген нормативтік құқықтық актілерді қабылдауына негіз болады. Осы кезде ғана, шетел азаматтарының заңды құқықтары мен мүдделері жоғары дәрежеде қорғалады, ал бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасында демократия институттарының қалыптасуы мен халықаралық аренада Республика беделінің өсуіне әкеледі.

§ 2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

Социалистік мемлекеттердің нарықтық саясатқа өтуі мен ашық саясатты жүргізгеніне байланысты дүние жүзінде жаңа геоэкономикалық жағдай өзгеріп, ұлттық экономикалардың бір-біріне тәуелділігі нығая түсті. Жаңа экономикалық үлгідегі қатынасқа көшу барысында Қазақстанда еңбек нарығы елеулі өзгерістерге ұшырады.

Еңбек нарығы – нарықтық экономиканың күрделі элементі. Егеменді Қазақстан еңбекті халықаралық реттеудің қатысушысы болып табылады.

Еңбек қатынастарын реттейтін көп жақты конвенциялардың саны көп. Оларды бірнеше топтарға бөліп қарастырамыз.

1-ші топ: Адам құқығы саласындағы жалпы танылған актілер – Адам құқықтары туралы жалпы декларацияның (1948 ж. 10 желтоқсан) 23-бабында: «Әр адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар» делінген.

1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактінің 6-бабында: «Әр адам құндылығы тең еңбегі үшін, нендей бір кемітусіз, тең еңбекақы алуға құқылы. Әр адамға

қауіпсіз және гигиеналық талаптарға сай еңбек жағдайлары қамтамасыз етілуі тиіс» делінген.

2-ші топ: Халықаралық еңбек ұйымы (бұдан әрі ХЕҰ) қабылдаған халықаралық көп жақты конвенциялардан тұрады. Қазақстан Республикасы 1993 жылдан бастап ХЕҰ-ның қатысушысы болды. Осы жылдан біздің республикамыз еңбекпен қамту, еңбекті қорғау, әлеуметтік қорғаудың халықаралық үрдісіне тартылды, өз кезегінде бұл үрдіс Қазақстанның еңбек базасын жетілдірді.

Көп жағдайда конвенциялар адамдардың еңбекке құқығы мен қолайлы еңбек жағдайын іс жүзіне асыруына бағытталған. 1990 жылдың 1 қаңтарында ХЕҰ № 169 Конвенцияны дайындады. 1919 жылғы Версаль бейбітшілік келісіміне сәйкес ХЕҰ құрылды, ол БҰҰ-ның арнайы мамандандырылған мекемесі. Негізгі мақсаты — еңбек жағдайы мен еңбекшілердің өміріне арналған конвенциялар мен ұсыныстарды қабылдауға бағытталады. Ортаазиялық өңірде ХЕҰ өкілдігі Алматыда 1995 жылдың ақпан айында ашылды. ХЕҰ-ның ратификацияланған конвенциялары Қазақстан Республикасында құқықтық реформа жүргізуге және ұлттық заңнаманың негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі, Орталық Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйенсек, халықаралық сахнада еңбек саласында беделді орынға ие болу үшін мемлекет бірлескен мемлекеттер одақтарымен қатынасқа түсуі қажет. Қазақстан Республикасы ХЕҰ-мен келесі бағыттар бойынша әрекеттестікті жүзеге асыруда: шағын қалаларда жұмыспен қамту; өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту; жабылған кәсіпорынның жұмысшыларын әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамтамасыз ету, жеке бизнес пен кәсіп-керлікті ауылдық жерлерде ұйымдастыру; жергілікті мамандардан кеңесші мен сараптамалық көмек беретіндерді, халықаралық-құқықтық актілерді қолдануды дайындау т.б. ХЕҰ еңбек-мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау жөнінде конвенциялар мен ұсыныстар қабылдады. 1958 жылғы еңбек саласындағы кемітушілік туралы конвенция; 1949 жылғы Еңбекші-мигранттар туралы конвенция; 1975 жылғы Көші-қон саласындағы асыра пайдаланушылық пен еңбекші-мигранттарға сотқа жүгінуге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі конвенция; 1970 жылғы Ақы төленетін демалыс жөніндегі әлеуметтік қамтамасыз ету саласында құқықтарды қорғау; Бірлестіктердің еркіндігі мен ұйымдастыру

құқығын қорғау туралы 1948 жылы қабылданған конвенциялар бар.

Еңбекші-мигранттар туралы конвенцияға дәлірек тоқталатын болсақ, онда ХЕҰ-ға мүше мемлекет, заңды түрде мемлекеттің аумағына келген иммигранттарға ешбір нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық белгілер бойынша кемсітпей, өз азаматтары пайдаланатын құқықтарды (жалақы алу, жұмыс уақыты, мерзімнен тыс жұмысқа ақы төлеу т.б.) ұсынуға міндетті. ХЕҰ ұсыныстары мен конвенциялары мигранттарды барлық деңгейде қорғайды. Мигранттар саясатын бақылауды мемлекеттің өкілетті органдары жүргізеді. Иммигранттар жұмыс орнына келгенге дейін кедендік баждардан босатылуы тиіс, сондай-ақ, оларға талапқа сәйкес жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. «Мигранттар жұмыстарын белгіленген уақыттан бұрын тоқтату туралы шығарылған шешімге шағымдануға құқылы және егер олар мемлекеттен шығарылса, әкімшілік немесе заңды процедураларды жүзеге асыру барысында ешбір шығынды өтемейді, ХЕҰ конвенцияларының бірқатары ең төмен жалақы төлеу, еңбек жағдайы, қауіпсіздік техникасы, ынталандыру, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіптік одақтардың құқықтарына, орын ауыстыру еркіндігі және сотқа жүгіну құқығы, денсаулық қорғау және қауіпсіздікке арналған.

Қазақстан ХЕҰ еңбекті қолданудың әр түрлі мәселелері бойынша конвенциялар қабылдады, атап айтқанда – жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы саясат туралы, кейбір салаларда жұмысқа қабылданатын ең төменгі жас мөлшері, ананы қорғау туралы, өндірістік кәсіпорындардағы апта сайынғы демалыс туралы, жұмыс уақытын қырық сағатқа дейін қысқарту туралы т.б. Ратификацияланған конвенцияларға «Өндірістік ортадағы еңбек тазалығы мен қауіпсіздігі» туралы және «Жұмысшыларды жұмыс орындарында шу, вибрация, ауа ластануының нәтижесінен пайда болатын кәсіби тәуекелден қорғау» туралы конвенциялар жатады.

Конвенцияның 4-бабына сәйкес: «ұйымның әр мүшесі ұлттық жағдай мен тәжірибеге сай өндірістік ортада еңбек тазалығы мен еңбек қауіпсіздігі саласында өкілетті ұйымдармен, кәсіпкерлермен және жұмысшылармен бірлесіп, жүйелі түрде келісіммен ұлттық саясатты жүргізеді».

Конвенцияның 4-бабында: «ұлттық заңнамада жұмыс орындарында шу, вибрация, ауа ластануының нәтижесінен туындай-

тын кәсіби тәуекелдің алдын алуға және шектеуге бағытталған шаралар қолданылу тиіс» делінген.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда жоғарыда аталған конвенциялардың тиісті баптары іс жүзіне асырылмай отыр. Сондықтан, 2 Конвенция толығымен іс жүзіне асырылуы үшін қосымша ұлттық нормативтік актілерді төтенше тәртіпте қабылдау керек.

Анығына келсек, конвенция еңбек құқығында ұсыныстық сипаттағы халықаралық шартқа жатады, онда бір елдің ішкі еңбек заңнамасына араласу мақсаты жоқ. Бірақ, егер қандай да бір елдің парламенті конвенцияны бекітсе, ол еңбек туралы ұлттық заңнаманың құрама бөлігі болады.

1990 жылдың желтоқсанында БҰҰ жалпы Ассамблеясы «Жұмысшы-мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау» туралы халықаралық конвенцияны қабылдады. 8-бапқа сәйкес: «Жұмысшы-мигрант және оның отбасы мүшелері кез келген мемлекетті, соның ішінде өзі шыққан мемлекетін қоса, еркін түрде қалдырып кетуге құқылы. Жұмысшы-мигранттың жалдау шарты бойынша, келген мемлекетте уақыты аяқталса, ол өз еліне тапқан жалақысын аударуға және өз жеке мүлкін алып кетуге құқылы».

Мигранттарды қорғау жөніндегі халықаралық нормалар екі жақты шарттарда, БҰҰ, ХЕҰ мен өзге ұйымдардың шеңберінде қабылданған конвенцияларда бар. Екі жақты келісімдер 60-жылдарда жасалына бастады. Жұмыс күшінің тапшылығына шыраған Батыс Еуропа елдері, дәлірек айтқанда Бельгия, Нидерланд, ГФР, Франция, Швейцария, Алжир, Испания, Греция, Португалия, Түркия, Марокка және Туниспен жұмыс күшінің импорты туралы екі жақты келісімдерді жасасты. Бұл шарттарда келесі мәселелер қарастырылған:

— жұмысшыларды шетелге жіберу сұрақтарымен айналысатын мемлекеттің уәкілетті орнының мәртебесі;

— ақпарат алмасу тәртібі мен бос орындар жөнінде хабарландыру;

— заңсыз мигранттар. Мигранттар заңсыз жолмен белгілі бір мемлекетке келсе, онда оны шығару тәртібі;

— кандидаттардың тізімі;

— алдын ала сұрыптап алу;

— медициналық көмек көрсету;

— кіру құжаттары және жұмысқа орналасуға рұқсат;

— жеке еңбек шарты. Қанша тілде еңбек шарты жасалу қажеттілігі;

— баспана. Жұмысшыны жұмыс істеуге келген мемлекет баспанамен қамтамасыз ету мүмкіндігі;

— юрисдикция. Дау туындаған жағдайда қай елдің құқығы қолданылады.

Еңбек көші-қонының маңыздылығын ескеріп, ұлттық заңнамаларды еңбекші-мигранттардың құқықтарын қорғауды жоғары дәрежеге жеткізу үшін ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясы заңды ұсыныстық сипатқа ие акт қабылдады.

Қазақстан Республикасының ТМД шеңберінде жасалған халықаралық келісімдері: ТМД жарғысы (22.01.93)

1. Еңбек, көші-қон және ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің тұрғындарын әлеуметтік қорғау үшін Кеңесші Кеңесті құру туралы келісім (13.11.92).

2. Азаматтық, отбасылық, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясы (22.01.93).

3. Босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларға көмек көрсету туралы келісім (24.12.93).

4. Экономикалық Одақты құру туралы шарт (24.09.93).

5. Еңбек миграциясы мен жұмысшы мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтестік туралы Келісім (15.04.94). Қазақстан осы келісімді ратификациялады (8.09.94).

6. ТМД қатысушы-мемлекеттердің азаматтарының зейнет-ақы мен қамсыздандыру саласында құқықтарының кепілдігі туралы келісім (13.03.92).

7. Көші-қон саласындағы қызметтестік туралы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Республикалары арасындағы Меморандум (8.07.94).

ТМД Жарғысының 4-бабы әлеуметтік және көші-қон саясатына арналған. ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер келесі әлеуметтік және экономикалық бағыттар бойынша қызметтестікті жүзеге асырады: нарықтық қатынастардың негізінде ортақ экономикалық аймақты қалыптастыру және тауарлар, қызметтердің, капиталдардың және жұмыс күшінің еркін орын ауысуы; әлеуметтік саясатты бақылау мен ұйымдастыру; ортақ әлеуметтік бағдарламаларды дайындау.

ТМД Жарғысына қарағанда, экономикалық Одақты құру туралы шарт еңбек қатынастарын нақтырақ реттейді. 5-тарау «Әлеуметтік саясаты Жалпы танылған халықаралық ережелер

ескеріп еңбекті қорғау мен еңбек жағдайлары саласында ортақ саясатты жүргізу, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларына жалпы талаптарды дайындау, еңбек жағдайларына қатысты мемлекеттік бақылау мен сараптама жүргізу; жұмыс күшінің көші-қоны мен әлеуметтік сақтандыру, азаматтарды зейнет-ақымен қамсыздандыру саласында өзара міндеттемелерді реттейтін арнайы келісімдерді жасау.

Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина мен Қазақстан Республикалары үкіметтері арасында жасалған, 1994 жылы 15 сәуірде Мәскеу қаласында қол қойылған еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 8 қыркүйекте №147 қаулысымен бекітті. Келісім экономикалық Одақ құру жөніндегі Шарттың ережелеріне; БҰҰ-ның ХЕҰ шеңберінде жасалған адам құқықтары мен қағидалары саласындағы негізгі аралық құжаттарына сүйенуге; ТМД мемлекеттері арасындағы еңбектік көші-қонның масштабы мен мәндеріне, сондай-ақ, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аталған елдер аумағында еңбекші-мигранттардың еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау саласындағы осы Келісімді жан-жақты дамытуға негізделген.

Осы Келісімге қол қойған мемлекеттердің біреуінің аумағында тұрақты тұратын қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің меншік түрі мен шаруашылық жүргізу нысанына карамастан, басқа бір мемлекеттің аумағында кәсіпорындағы еңбек қызметі мен оларды әлеуметтік қорғау саласындағы Келісімге отырған ТМД елдері арасындағы қарым-қатынастың негізгі бағыттарын реттейді.

Келісім босқындарға және лажсыз қоныс аударушыларға; қысқа мерзімге шыққан еркін кәсіптегі адамдар мен әртістерге; білім алу мақсатында арнайы келген адамдарға қолданылмайды. Қызметкер-мигрант мәртебесін өзі шыққан жақтың аумағында тұрақты тұратын және жұмысқа орналасқан жақта, заңды негізде ақылы қызметпен айналысатын адамдар алады. Түсініктеме ретінде айта кету керек, жұмыс алу ретінде басқа мемлекетке қоныс аударған адамның өзі тұрақты тұратын елі оның шыққан жағы болып есептеледі. Басқа мемлекеттен келген қызметкер-мигранттың аумағында өз еңбек қызметін еңбек

шарты бойынша жүзеге асыратын мемлекет еңбекке орналасу жағы болып табылады.

Еңбек көші-қоны және жұмысшы-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойған ТМД елдеріне Қазақстан Республикасы жұмысқа бармақ ниеті бар адамдарға, егер екі жақты келісімде өзгеше көрсетілмесе, сол еңбекке орналасатын елдің заңында көзделген жұмысқа тарту тәртібі, біліктілікке, жасқа қойылатын және басқа талаптар таралады.

Келісімге қол қойған ТМД елдерінің әрқайсысы жұмысқа орналасатын мемлекеттің тіліне немесе орыс тіліне аударылған, шыққан жақтың аумағында белгіленген тәртіпте күрделендірілген дипломдарды, білімі туралы куәліктерді, атақ, разряд, біліктілік берілгендігі туралы тиісті құжаттарды және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа құжаттарды мойындайды.

Еңбек көші-қоны және жұмысшы-мигранттарды әлеуметтік қорғау туралы Келісімге қол қойған басқа елдерге Қазақстан Республикасынан жұмысқа барған адамдардың жеңілдік негіздегі және мамандық бойынша өтімдерімен қоса, жалпы еңбек өтімін еңбекке орналастырған жақ өзара мойындайды. Сондықтан да, қызметкер-мигрант жұмысқа орналасқан жақтан біржолата кеткенде, жұмыс беруші (жалдаушы) қанша жалақы алып тұрғандығы жайында мәліметі бар анықтама немесе басқадай құжат береді.

Қызметкер-мигранттардың Қазақстан аумағынан Келісімге қол қойған басқа мемлекеттің (субъект орналасатын жақтың) аумағына баруы, онда болуы және ол жерден кетуі күшіндегі заңнамаға және сол мемлекеттермен Қазақстан Республикасы арасында жасалған келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Ал, жұмысқа орналасқан елдің заңдарын бұзған немесе сол елде шетел азаматтарының болуы тәртібі сақталмаған жағдайда жұмысқа орналастырған ел қызметкермен арадағы шарттың мерзімінен бұрын бұзылуын және қызметкер-мигранттардың Қазақстан Республикасына қайтарылуын талап ете алады.

ХЕҰ-дан өзге көші-қонмен айналысатын халықаралық көші-қон жөніндегі ұйымы (ХКҰ) – үкіметаралық ұйым, 76 мемлекет құрды. ХКҰ-ға қосымша 46 мемлекет бақылаушылар ретінде кіреді. ХКҰ-ның ресми өкілдігі Алматыда 1997 жылы ашылды, осы кезден бастап, Қазақстан бақылаушы мәртебесін иеленді.

1998 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасымен ХКҰ арасында ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды, Астанада 1999 жылы ХКҰ-ның тағы бір кеңсесі ашылды. 2002 жылы Сыртқы істер Министрлігінің мемлекеттік хатшысы-министр Қасымжомарт Тоқаев ХКҰ-ның басшысы Б. Маккинлинге 2002 жылғы 15 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының КХҰ-на мүшелігі туралы» Жарлығына сәйкес, дипломатиялық жолдар арқылы Қазақстан Республикасын да осы ұйымға қабылдау туралы өтінішін жіберді.

ХКҰ Қазақстан Республикасының өтінішін 84-ші сессиясында қарастырды. 2002 жылы 2 желтоқсанда Қазақстан КХҰ-ның толық мүшесі болды.

ХКҰ бұл БҰҰ-ның арнайы мекемесі болмағанымен, оның көптеген бөлімдерімен ортақ қызмет атқаруда.

ХКҰ 1951 жылы құрылып, 2001 жылы өзінің 50 жылдығын атап өтті. Үкіметаралық ұйым болған соң, ХКҰ 6 бағытта өз қызметін атқаруда:

1. Босқындарды 3-ші мемлекеттерге қоныс аудару, мигранттарды тасымалдау, оларға көмек көрсету.

2. Жоғары білікті ұлттық кадрларды өз мемлекеттеріне жіберу (олар білім алған соң).

3. Мигранттар үшін медициналық көмекті ұйымдастыру.

4. Көші-қон үрдісін басқару.

5. Көші-қонмен байланысты ақпараттық компанияларды ұйымдастыру.

6. Траффиктің алдын алу.

ХКҰ әр мемлекетке көші-қон саясатын анықтауға, оны дұрыс әрі тиімді қалыптастыру мен дамуына көмектеседі. ХКҰ көші-қонды басқаруды 3 бөлімге бөледі; құрылысы, құжаттарды ресімдеу; бақылаушы-өткізуші пункттерді ұйымдастыру.

1. Құрылысы-миграциялық саясаттың негізгі, заң шығарушы база және онымен байланысты рәсімдеу.

2. Құжаттарды ресімдеу және идентификациялау — паспорт, ұлттық визаны және өзге тұлғаны куәландыратын құжаттарды беру.

3. Бақылаушы-өткізуші пункттер — заңсыз мигранттарды ұстауға ықпал жасайды. Құжаттарды бақылау мен зерттеу автомобиль, теміржол, әуе порттарында, кеме порттарының пункттерінде қатаң түрде жүргізілуі керек.

ХКҰ-ның кейбір жобаларында иммигранттарға тіл курстарын ұйымдастыру қарастырылған. ХКҰ Канадаға жіберілген 93 ауғандық босқынға өз көмегін тигізді. ХКҰ-ның бақылауымен АҚШ-қа тұрақты тұруға кететін эмигранттарды медициналық тексеруден өткізуі Бельгия қаржыландырылған жобаны ХКҰ іс жүзіне асырды, нәтижесінде, осы мемлекетте заңсыз иммигранттар саны күрт төмендеді. ХКҰ адамдардың траффигі туралы ең бірінші рет халықаралық деңгейде қозғаған ұйым. 1997 жылдан бастап, ХКҰ ТМД мемлекеттеріндегі траффикті зерттеуге кірісті. Бұл үрдіс белсенді түрде Украинадан басталды.

Адамдардың траффигі әсіресе, әйелдер мен балалар траффигі – адамдарды мемлекет ішінде немесе шетелге сату, сатып алу, оларды сексуалдық және еңбек жұмыстарына мәжбүрлеуге беру.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы мен ХКҰ көші-қон үрдісін басқару жөніндегі жобалар бойынша бірлесіп, қызмет атқаруда. ХКҰ Қазақстанның миграциялық саясатын зерттеп, Республикамызға арналған күрделі, көп жылғы көші-қондық бағдарламаны ұсынды. Бұл бағдарламада көші-қондық үрдісті жан-жақты, толық дамыту бағыттары көрсетілген. Мысалы: құқықтық институттың базасын дамыту, көші-қондық қызметтің жұмысшыларын оқыту және тәжірибе алмастыруға жіберу, осы қызметтің саясатын дұрыс анықтау т.б.

§ 3. ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КҮШІН ТАРТУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСАТЫ

Еңбек көші-қоны бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Әрбір мемлекет осы үрдісті реттеу және дамыту мақсатында, ең алдымен, өз мемлекетінің көші-қон саясатын анықтайды.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты өз азаматтарымыздың мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабында көші-қон саясатының ең алдымен, өз азаматтарымыздың мүддесін сақтауға табан тіреуі керек екені айтылады¹. Ұлттық еңбек нарығын, біздің азаматтардың экономикасын қорғау жөніндегі пікірлері кейінгі кезде, Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты туралы тұжырымдамасында, аймақтық сая-

¹ Н. Ә. Назарбаев. Сындарлы он жыл. Алматы: Атамұра, 2003. 68-бет.

сат туралы тұжырымдаларында және өзге де нормативтік актілерде көрініс тапты.

Көші-қон саясатының мақсаты — көші-қон процестерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты мына қағидаттарға: көшіп-қонушылардың құқықтарын сақтау мен қорғауға, оларды нәсілдік, ұлттық, тілдік, белгілері, шығу тегі, діни нанымы, сенімі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша кемсітушілікке жол бермеуге, көші-қон процестерін және халықаралық міндеттемелерді реттеу саласында заңдардың ережелерін орындауды қамтамасыз етуге; жергілікті халық пен көшіп-қонушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге негізделеді.

Көші-қон ахуалының қазіргі жағдайына және даму перспективасына талдау жасау; біріншіден, көші-қон проблемаларын шешудегі басымдықтарды; екіншіден, өтпелі кезеңде оларды шешуші негізгі бағыттарын, тетіктерін және көші-қон процестерін реттеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеуді және оны ұзақ мерзімдік перспективаға әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық пен елдің тұрақты дамуы кезеңіне іске асыруды айқындауға мүмкіндік береді. Жөші-қон саясатының неғұрлым елеулі басымдықтары: өтпелі кезеңнің мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасы аумағында көшіп келуді бақылау жүйесін құру және дамыту; эмиграция процестерін азайтуға және тұрақтандыруға, соның ішінде республиканың интеллектуалдық әлеуетінің кетуін болдырмауға жәрдемдесу; ішкі және сыртқы еңбек көші-қонын реттеуді қамтамасыз ету; халықаралық еңбек нарығында қазақстанның өркениетті ықпалдасуын қамтамасыз ету, Қазақстандық эмигранттар арасынан білікті мамандардың қайтып оралуын ынталандыру.

Еңбек көші-қонын реттеу. Орталық және жергілікті атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалануға бақылау жасайды:

1. Отандық еңбек нарығын қорғауды.
2. Бос тұрған жұмыс орындарына қазақстандық азаматтардың алынуына басым құқықты қамтамасыз етуді.
3. Қазақстан Республикасының аумағына келіп жатқан еңбекші көшіп-қонушылар туралы жариялап отыруды, жұмыс

берушілердің шетел қызметкерлерін нысаналы пайдалану, еңбек келісімшарттары талаптарын сақтауын қамти отырып, еңбек көші-қон проблемаларын шешуде өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруы қажет. Заңсыз еңбек көші-қонына қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыру және шетелдік қызметкерлердің жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстаннан уақытылы кетуіне және қолданылып жүрген заңнамаларды бұза отырып жұмысқа қабылданған шетелдіктерді жер аударуды бақылауды ұйымдастыру.

Мемлекет орталық және жергілікті атқарушы органдар арқылы инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамытудағы жауапты өз мойнына алады. Жеке меншік сектордың бәсекелестік қабілеті бар кәсіпорындарына жұмыс күшін тарту, қызметкерлерді алу, оларды көшіру және тұрмыс пен еңбектің қолайсыз жағдайлары ретінде жеңілдіктердің барлық түрлерін беру кәсіпорын есебінен жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық еңбек нарығына Қазақстанның өркениетті ықпалдасуын қамтамасыз ету, эмигранттар арасынан білікті мамандарды қайтып оралуын ынталандыру.

Қазақстан Республикасы өзіне халықаралық шарттар енгізген шектеулер шеңберінде өзінің экономикалық мүдделерін, ішкі еңбек рыногын қоса, қорғау мақсатында сыртқы көші-қонды реттеуді жүзеге асыратын болады.

Шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде Қазақстан Республикасы өзінің геосаяси және экономикалық мүдделерін басшылыққа ала отырып, жоғары білікті, бағалы еңбекші көшіп-қонушыларды және ішкі еңбек нарығында жеткіліксіз болып отырған кәсіптер мен мамандық иелерін бірінші кезекте қабылдауды жүзеге асыратын болады.

Көші-қон саясатының сыртқы саясат саласында міндеттері: ТМД-ға қатысушылардың жанжалдарды болдырмау мен этникалық және діни проблемаларды бейбіт жолмен шешу, көші-қон процестерін реттеу және көшіп-қонушылар шыққан елдермен тиісті ақпараттар алмасу жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттар жасасуы; көші-қон жөніндегі ұлттық заңнамаларының үйлесімін жасау; Қазақстанның еңбеккер көшіп-қонушылардың құқықтары туралы екі жақты және көп жақты келісімге қосылуы. Алайда, тұжырымдама шетелдік жұмыс күшін тартудағы саясатты анықтаса да, іс жүзіне бұл саясаттың мақсаттары жүзеге асуда деп айту қиын.

3.1. Еңбек көші-қонының қазақстандық еңбек нарығының жағдайына және ұлттық заңнамаға әсер етуі

Қазақстан Республикасы Ата заңында көші-қонды реттеудің заңды негіздері бекітілген. 1993 жылғы қабылданған алғашқы Конституцияның 6-бабында: «Қазақстан Республикасы аумағында жүрген және оның азаматы болып табылмайтын адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және мемлекетаралық шарттарында белгіленген барлық құжаттар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ барлық міндеттерді атқарады, бұған Қазақстан Республикасы заңдарында және мемлекетаралық шарттарында кәзделген шектеулер кірмейді» делінген.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері, еңбек көші-қон қатынастарын реттейтін заңнама мен өзге нормативтік құқықтық актілер түбегейлі өзгерістерден өтті. Осы қатынастарды реттейтін негізгі принциптер 1995 жылғы Конституцияның 21-бабында көрініс тапты: «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның, заңда арнайы көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқығы бар».

Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар. Сондай-ақ, Конституцияның 24-бабына сәйкес: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауына құқығы бар». Сондай-ақ, Конституцияның 24-бабында былай делінеді: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауға құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша немесе төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі». Демек, шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан аумағында еркін жүріп-тұруға және белгілі бір еңбек қызметі түрімен айналысуға құқылы дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 2-тарауының 14-бабында: «Республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер тандауға, республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп, заңды тұлғалар

күру, заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу құқығы болады» делінген. Еркін жүріп-тұру нормасы Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Жарлығында бекітілген 16-бапта: «Шетел азаматтары Қазақстан Республикасының шетел азаматтарының болуына рұқсат етілген аумағында еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жер таңдай алады. Жүріп-тұрудағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажет болғанда, Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген органдардың актілерімен белгіленеді» делінген.

Жоғарыда көрсетілгендей, шетелдіктердің еңбек қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заң күші бар Жарлығымен (19.06.95); Еңбек туралы Заңмен (10.12.99); Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңымен (8.10.03); Халықты жұмыспен қамту туралы Заңымен (23.01.01) және де өзге де заңдар мен заңға тәуелді актілермен реттеледі.

«Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заң күші бар Жарлықта дипломатиялық пен консулдық өкілдіктердің басшыларына және қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері қарастырылмаған. Осы заңға сәйкес, шетел азаматтары Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары белгілеген негіз бен тәртіпте Қазақстан Республикасында еңбек қызметімен шұғылдана алады. Шетел азаматтары жекелеген қызмет орындарына тағайындала алмайды немесе еңбек қызметінің белгілі бір түрімен, егер бұл қызмет орындарына тағайындау немесе осындай қызмет түрімен шұғылдану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығына қатысты байланыста болса, шұғылдана алмайды.

Шетел азаматтары еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланады және сол сияқты міндетті кепілдікте болады.

Қазақстан Республикасында жүрген шетел азаматтары Қазақстан Республикасының азаматтарымен ортақ негіздерде демалыс алуға құқылы.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға еңбек қызметінің белгілі бір түрлерімен айналысуға шектеуші жағдайларына жеке-жеке тоқталайық. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 14-бабы: «Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар, олар өзгеше заңдармен, халықаралық шарттармен, сондай-ақ Президентімен көзделмесе мемлекеттік қызметке алынбайды». Нотариат туралы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағында: «Нотариус қызметін тек қана Қазақстан Республикасының азаматы жүзеге асырады» делінген. Дәл осындай талаптар судья лауазымына, прокурорға т.б. қойылған.

ТМД шеңберінде «Инвестициялық қызмет саласындағы ынтымақтастық туралы» келісімде (24.02.93) еңбек қатынастары, соның ішінде жұмысқа қабылдау мен шығару, еңбек режимі мен еңбекақы төлеу жағдайлары, кепілдіктер мен өтемақылар тараптардың инвестициялары бар кәсіпорындарда инвестициялауды жүзеге асыратын мемлекеттің заңының жеріне сәйкес реттеледі деп көрсетілген.

Шетелдіктер өзге мемлекеттердің аумағында саяси құқықтарды пайдаланбайды және белгілі лауазымға ие бола алмайды немесе мемлекеттік қауіпсіздікпен байланысты қызметтің түрлерімен шұғылдана алмайды. Қазақстан Республикасымен Ресей Федерациясының арасындағы шартқа сәйкес, Ресей Федерациясында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Ресей Федерациясы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы шартында тікелей келесі мәселелер көрсетілген, басқа тараптың аумағында тұрақты тұратын басқа тараптың азаматтары келесі құқықтарды пайдалана алмайды:

- а) жоғарғы мемлекеттік лауазымға және биліктің өкілетті органдарына сайлауға және сайлану;
- б) бүкілхалықтық сайлауға қатысу (референдум);
- в) дипломатиялық қызметтегі лауазымдарды, қауіпсіздік органдарындағы және ішкі істер органдарындағы лауазымдарды иемдене алмайды;
- г) орталық атқарушы билік органдарында лауазымдарды, судья лауазымын, прокурор лауазымын иемдене алмайды;

д) облыстық, аудандық, ауылдық әкімшіліктің басшылары мен орынбасарларының лауазымын иемдене алмайды.

Басқа тараптың аумағында тұрақты тұратын басқа тараптың азаматтары «Облыстық, аудандық, ауылдық әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен орынбасарларының лауазымын, сондай-ақ жергілікті атқарушы биліктің құрамына кіретін комитеттерді басқару мен өзге ұйымдарды басқаруды жүзеге асырады, тараптардың келісілген тәртібіне сәйкес» (4 б. 2, 3 т).

Шетелдіктердің міндеттерінің ішінде еңбек қатынастарымен байланысты міндеті салық төлеу. Қазақстан Республикасында заңды түрде бекітілген салықтарды, алымдарды, міндетті төлемдерді төлеу әркімнің міндеті мен борышы болып табылады. Жеке табыс салығын Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар төлейді.

Қазақстан Республикасының «Салықтар және өзге де бюджетке төленетін міндетті төлемдер» туралы Президенттің заң күші бар Жарлығы.

Шетелдік мүшелері бар кәсіпорындарда шетелдіктер жұмысыдан бақылау кеңесінің мүшесіне дейін қызметті иемденеді. Субъектке ақы төлеу, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері әрқайсысымен жеке еңбек шартында шешіледі. Олар жалақыны шетелдік валютада алады және тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді төлеген соң еркін түрде шетелге жалақысын аударады. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын шетелдіктердің еңбек қатынастарында кейбір элементтер, егер тараптар осы қатынасты реттейтін мемлекеттің заңын таңдамаса, онда шетел мемлекетінің заңымен реттелуі мүмкін. Нақты еңбек қатынастары екі жақты мәмілемен реттеледі. Шетелдік қатысушылары бар арнайы экономикалық аумақтағы кәсіпорындар өздері дербес жұмысқа алу, еңбекке ақы төлеу, кепілдіктер мен өтемақылар мәселелерін жоғарыда аталған жағдайларды ескеріп шешеді.

Шетелдіктер еңбек қызметін Қазақстан Республикасы аумағында бастау мақсатында Қазақстан Республикасына кіру үшін алдын ала рұқсатты және шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсат беретін лицензияны алуы қажет. Шетел мемлекетіне кіру тәртібі осы мемлекеттің заңдарымен реттеледі. Көптеген мемлекеттерге шетелдіктердің кіруі жұмысқа тұру жөніндегі рұқсат алуына тәуелді болады.

Осындай келісімдер Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Австрия т.б. мемлекеттерде бар. АҚШ, Австрия, Швеция және бірқатар мемлекеттерде шетелдіктердің кіруіне жыл сайынғы квоталар және арнайы жұмыс іздеп келетіндерге квоталар бекітіледі.

Қазақстан Республикасында шетелдіктердің келу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Президенттің заң күші бар Жарлығында көрініс тапты. 22-бапта: «Егер Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісінде өзгеше тәртіп белгіленген болса, шетел азаматтары қолданыстағы паспорт немесе оны алмастыратын құжаттар бойынша Қазақстан Республикасына келе алады» делінген. Қазақстан Республикасына келу шетел азаматтарына мына жағдайларда:

а) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақыратын болса;

в) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни дұшпандықты өршітетін болса;

г) егер ол террористік әрекеті үшін сотталған болса немесе сот оны аса қауіпті рецидивист деп таныған болса;

д) егер ол Қазақстан Республикасы аумағынан бұрын қуылған болса;

е) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы заңдарды, республикалық, кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын оның бұзу фактілері анықталған болса;

ж) егер келу туралы өтініш жасалған кезде ол өзі жайында жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды тапсырмаған болса, рұқсат етілмеуі мүмкін.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңның 5-бабына сәйкес шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында еңбек және кәсіби қызметін жүзеге асыру тәртібі және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталады және уәкілетті органдармен олардың жергілікті қызметінің рұқсаты мен бақылауы арқылы іске асады. Еңбек көші-қонын реттеуде артықшылық ішкі, ұлттық еңбек нарығын қорғауға бағытталған. Бірақ, Қазақстан Республикасының аума-

ғына заңды түрде келген еңбекші-мигранттарды еңбек нарығындағы жағдайға байланыстырып шығаруға тыйым салынған.

ТМД-ға мүше-мемлекеттер азаматтарының еңбек қызметі Қазақстан Республикасы аумағында осы Заңға және мемлекеттер жасасқан екі жақты немесе көп жақты шарттармен реттеледі (8-бап). Демек, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің азаматтары үшін неғұрлым оңайлатылған режим бекітілген.

Әскери қызметтегі тұлғалардан басқа Қазақстан Республикасы азаматтары шетел мемлекетінде еңбек қызметін жүзеге асыруға құқығы бар. Бұл мәселе мәні бойынша «Еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы» Келісімді (15.04.94) іске асыру болып табылады.

ТМД мемлекеттері қабылдайтын келісімдерге қоса аймақтық келісімдерді қабылдайды. Мысалы: Қазақстан Республикасы, Қырғызстан мен Өзбекстан Республикалары арасында Бірыңғай экономикалық аймақты жасау туралы шартының 3-бабында: «тараптар бірыңғай экономикалық аймақты қалыптастыру барысында жұмыс күші мен капиталдың еркін орын ауыстыруына қажетті құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайды жасайды» делінген.

Тараптардың әрқайсысы дипломдарды, білімі туралы куәліктерді, атак, разряд, біліктілік берілгендігі туралы тиісті құжаттарды және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін қажетті және шыққан Тараптың аумағында белгіленген тәртіпте еңбекке орналасатын тараптың өзге де құжаттарын ресімдеусіз мойындайды және бірыңғай экономикалық аймақта азаматтарға визасыз режимді қамтамасыз етеді.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңның 34-бабына сәйкес көші-қон үрдістерімен басқарылатын уәкілетті орган (Көші-қон агенттігі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен өзге шетелдік мемлекеттердің үкіметтері және еңбек көші-қонымен айналысатын құрылымдық бөлімшелерімен келісімдер жасауға құқылы.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың іске асыратын еңбек қызметінің кейбір түрлері «Көші-қон туралы» Заңдағы еңбек көші-қонына сәйкес келмейді. Бұл қызмет түрлеріне төмендегілер кіреді:

— Қазақстан Республикасы аумағындағы әскери қызмет бөлімшелеріндегі қызмет;

- дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың құрамындағы қызмет;
- Қазақстан Республикасына оқу барысымен немесе өндірістік тәжірибесімен келгендер;
- мемлекетаралық шарттарға, сондай-ақ, Қазақстандық және шетел ұйымдарының арасында жасалған еңбек қызметі туралы контрактілеріндегі еңбек қызметтері;
- Қазақстан Республикасында ресми түрде тіркелген діни бірлестіктердегі кәсіби қызметі;
- Қазақстан Республикасында аккредиттелген бұқаралық құралдары, радио және теледидар өкілдері;
- Қазақстан Республикасына келетін қайырымдылық және ізгілік көмек көрсету;
- шетелдік ұйымдарға тиесілі теңіз және өзен кемелері, әуе, теміржол және автомобиль көлігі экипаждарының мүшелері қызметтері.

Жоғарыда аталған түрлерден басқа Қазақстан Республикасының Үкіметі еңбек көші-қоны болып табылмайтын өзге де еңбек қызметі түрлерін бекіте алады.

Бүгінгі күнгі ұлттық еңбек нарығына келесі тенденциялар тән: жұмыспен қамтылған халық санының қысқаруы; жұмыссыздар санының азаймауы (2001 жылдың 1 сәуіріндегі статистикалық мәліметтер бойынша жалпы халық санынан жұмыссыздар саны 12,7% жетті); күннен күнге сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің нығаюы; жасырын жұмыссыздықтың көбеюі. Осының барлығы халықтың эмиграциясына әкеліп соғады. 2001 жылдың 1 қазанындағы бүкіл халық санағының мәліметтеріне сәйкес, халық саны 14810 мың адам, ал 1991 жылғы санақ бойынша 16793 мың адам, яғни халық саны 10 жыл ішінде 2 млн. адамға немесе 11,3% төмендеді. Адамдардың саны көбінесе, солтүстік және орталық облыстарда: Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар мен Қарағандыда қысқарды. Қазақстан Республикасында 2000 жылғы ресми мәліметтерге сүйенсек, орташа жалақы 90,6 АҚШ долларын құрайды. Дегенмен, біздің отанымыздан 75 000 эмигрант Ресейге қоныс аударды. Жоғарыда аталған фактілердің көші-қон саясатына теріс тұсы — мемлекетіміздің еңбек әлеуетінің сапалық құрамы нашарлайды. Республикадан жоғары білікті мамандар кетуде. Бірақ, соңғы жылдары Моңғолиямен 35%, Иранмен 8%, Түркиямен 2% көші-қонның оң сальдосы байқалуда.

Көші-қон туралы Заңда (13.12.1997) шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағында еңбек қызметі қарастырылған. Иммигрант — Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұруға келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ болып табылатын жеке тұлға. Қазақстан Республикасына еңбек көші-қоны бойынша, бірақ азаматтықты ауыстыруды мақсат тұтпай келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, егер мемлекеттік келісімдермен басқадай тәртіп қарастырылмаған болса, Қазақстаннан тысқары жерде тұрақты қонысы болуға тиіс.

1990 жылдардан бастап, Қазақстан Республикасында реэмиграция үрдісі қарқынды түрде дамыды. Мысалға 1991—2000 жылдар аралығында Республикамызға 183 мың адам келді.

3.2. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартудағы көкейкесті мәселелер

ТМД шеңберінде еңбек көші-қоны жұмысшы еңбек күшін импорттаушы мемлекеттің экономикалық даму деңгейіне байланысты. Бұл аспектіде Ресей ТМД мемлекеттері ішінен ең тартымды, ал Орта Азиялық мемлекеттерден Қазақстан деп есептеледі.

Мысалы: Ресейге, әсіресе еңбекші-иммигранттар негізінен Украинадан келеді. Украиндық карбованецтің Ресейлік рубльге қарағанда курсы әлдеқайда төмен, сондықтан да, украиндық еңбекші-иммигранттарға жалақыны Ресейден алып, ал кейін оны өз Отанында жұмсау тиімді болады. Дәл осындай жағдай Қазақстанда байқалуда. Бізге, әсіресе Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанның еңбекші-иммигранттары жұмыс істеуге келеді. Импорттаушы мемлекеттің кәсіпорындарына бұл тиімді: біріншіден, арзан жұмыс күшін пайдаланады, екіншіден, еңбек жағдайларының қауіпсіздік пен гигиеналық мәселелеріне еңбекші-иммигранттар жоғарғы талаптар қоймайды. Үшіншіден, жергілікті қызметкерлер жалақының төменгі мөлшеріне келіспейтінін біліп жұмыс беруші өзіне арзан, еңбекші жұмысшылар штатын қалыптастырады.

Рұқсат берудің тәртібі. Жұмыс беруші рұқсат алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) жекелеген кәсіптер мен біліктіліктер бойынша тартылатын шетелдік жұмыс күшінің санын, санатын көрсете отырып, мемлекеттік немесе орыс тілінде рұқсат беруге өтінішті;

2) орталық атқарушы орган бекітетін басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына (БА), жұмысшылар жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (БТБА) сәйкес, әр лауазым үшін белгіленген біліктік талаптарын;

3) шетел тілін және халықаралық стандартты білу, шетелдегі жұмыс тәжірибесі қажеттілігінің негіздемесін;

4) өтініш берген күннен бастап, 1 айдан аспайтын мерзімде уәкілетті органның өңірлік дерекқорынан бос лауазымдар жөніндегі ұсыныстардың болуы туралы анықтаманы;

5) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарын көрсете отырып, уәкілетті органға өтініш бергенге дейін, кемінде 1 ай бұрын және 3 айдан кешіктірмей жарияланған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бос орындар туралы хабарландырулар бар республикалық және жергілікті мерзімді басылымдардың түпнұсқаларын;

6) орталық атқарушы органының Web-сайты арқылы еңбек нарығының республикалық дерекқоры бойынша іздестірудің нәтижелерін;

7) бұрын берілген рұқсаттардың ерекше шарттарының орындалуы туралы ақпаратты (бар болса);

8) жұмыс берушінің бос орынға қазақстандық азаматтарды алудан уәждеделген бас тартуын;

9) тартылатын шетелдік жұмыс күші санының негіздемесін ұсынады.

Уәкілетті орган:

1. Жұмыс беруші ұсынған құжаттарды, олар ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарап, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның ұсынымдары бойынша рұқсат беру (бермеу) туралы шешім қабылдайды.

Комиссия туралы ережені уәкілетті орган орталық атқарушы органмен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді. Комиссияның құрамына орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасының Көші-қон және демографиялық жөніндегі агенттігі аумақтың органдарының өкілдері енгізіледі.

2. Жұмыс беруші мен орталық атқарушы органды шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

Рұқсаттың нысанын орталық атқарушы орган бекітеді. Жұмыс беруші уәкілетті органды рұқсат беру туралы жазбаша

хабарландырылған күннен бастап, бір ай ішінде рұқсат алуы керек.

Рұқсат уәкілетті орган әкелінетін шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін растаған сәттен бастап қолданылады.

Уәкілетті орган берген рұқсат тиісті облыстың, Астана мен Алматы қаласының аумағында ғана қолданылады және оны басқа жұмыс берушілерге беруге болмайды.

Жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін бірнеше облыстарда және (немесе) Астана және (немесе) Алматы қалаларында пайдалануы қажет болған жағдайда, жұмыс берушінің тұрғылықты жеріндегі уәкілетті орган орталық атқарушы органның келісімі бойынша екі және одан да көп облыстарда, сондай-ақ Астана және (немесе) Алматы қалаларында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат бере алады.

Рұқсат мынадай жағдайларда:

1) осы ережеде көзделген құжаттар толық және тиесілі ресімделмесе;

2) бұрын берілген рұқсаттың ерекше шарттары орындалмаса;

3) бөлінген квотадан асып кетсе берілмейді.

Жұмыс беруші уәкілетті органның шешімімен келіспеген кезде қабылданған шешімнің негізділігі мәніне орталық атқарушы органға өтінішпен бара алады.

Орталық атқарушы орган жұмыс берушінің өтінішін қарайда, уәкілетті органнан сұратып алған қажетті материалдарды зерделейді және нәтижелері бойынша қорытындыны тиісті уәкілетті органға қарауға жібереді, бұл туралы жұмыс берушіге хабардар етеді.

Жұмыс беруші төменгі жалақыны белгілеуі, жұмыс берушінің бос орынға қазақстандық азаматтарды алудан уәждеделген бас тартуын қамтамасыз етеді. Демек, жұмыс беруші тек жеке басының экономикалық мүддесін басты орынға қоюға жоғарыда аталған мәселе жол береді.

Осы ережеге № 55 қаулымен (20.01.03) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. № 322 (27.03.04) қаулыдағы қосымшада бұл ереженің бірнеше баптарын өзгертті. Тоқталып кететін болсақ, № 55 қаулыға сәйкес 3-тараудың 13-тармағы орталық атқарушы орган рұқсат беру кезінде жұмыс берушіге рұқсат беру категориясына сәйкес арнайы шарттарды орындауды жүктейтін болған:

1) 1-санат үшін — орташа арнаулы және жоғарғы білімі бар қазақстандық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

2) 2-санат үшін — бұдан әрі шетелдік жұмыс күшін алмастыру үшін қазақстандық азаматтарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

3) 3-санат үшін — шетелдік жұмыс күшін алмастыру үшін қазақстандық мамандарды дайындау, Қазақстан азаматтарына қосымша жұмыс орындарын құру.

Ал № 322 қаулыға сәйкес 4-тарау рұқсат беру шарттарының 13-тармағы уәкілетті орган рұқсат беру кезінде жұмыс берушімен келісім бойынша оған мынадай ерекше шарттардың кез келгенін орындалуын жүктейді:

1. Қазақстандық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру.

2. Бұдан әрі шетелдік жұмыс күшін алмастыру үшін қазақстандық азаматтарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

3. Қолда бар жұмыс орындарын сақтау.

4. Қазақстандық азаматтар үшін қосымша жұмыс орындарын құру.

Біздің пікірімізше, соңғы өзгерістер жұмыс берушіге рұқсатты алу үшін бұрынғы ережеге қарағанда, неғұрлым оңай шарттарды қояды, яғни, біріншіден, жұмыс берушінің келісімі керек, екіншіден келісімін берсе 4 шарттың ішінен өзіне ең қолайлысын тандауға құқық берілген. Әрине, кез келген жұмыс беруші осындай шарттардың өзіне міндеттеліп жүктелуіне келіспейді. Мүмкін, заң шығарушы органдар бұл өзгерісті заңсыз шетел жұмыс күшін тартпауы мақсатында енгізген шығар. Жұмыс берушінің өзі құқылы жай рұқсатты немесе ауыртпалығы бар рұқсатты алу, ал оларға міндеттер мен шарттарды жүктемеу келешекте Қазақстан Республикасында заңды шетел жұмыс күші болатындығына әкеліп соғады.

4-тараудың 21-бабында шетел жұмыс күшін тартуға рұқсатты беру 3 санатқа бөлінген.

1) 1-ші санат — ұйымның басшы құрамын тартуға;

2) 2-ші санат — құжаттарды белгіленген тәртіппен расталған жоғары және кәсіптік орта білімі бар мамандарды тартуға;

3) 3-ші санат — білікті жұмыс күшін тартуға.

Ал № 322 қосымшада 4-ші санат түрі көрсетілген — еңбекші-мигранттардың еңбек көші-қоны және оларды әлеуметтік

қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге сәйкес маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар.

1990 жылдардан бастап, бұрынғы Кеңес республикаларынан реэмиграция үрдісі белсенді түрде дамыды және Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болғандардың (репатрианттардың) оралуы байқалды. 1991—2000 жылдар арасында 183 мың адам Қазақстанға келді. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демографиялық агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы бекітетін квотасына сәйкес тұлғаны иммигрант деп тану немесе танымау туралы шешімді қабылдайды. Сонымен қатар соңғы жылдарда Қазақстан Республикасының аумағында шетел жұмыс күшін тартудың тәртібі әлі күнге дейін даулы және көкейкесті мәселе. Бұл мәселенің өзектілігі: 1. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатымен және Орта, Шығыс Азия мемлекеттерінен заңсыз қоныс аударушылардың үлкен ағымынан туындады.

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы саясаты ірі өнеркәсіптің, пайдалы қазбаларды табу, қайта өндіру және тасымалдау саласының; жабдықтарды өндіру, кен орындарды (газ және мұнай) игеру, машина құрылысы, білім беру, құрылыс салаларының дамуына бағытталған. Ірі өнеркәсіптік кешендерді салу үшін мемлекетімізде, жергілікті кәсіпкерлер де материалдық, техникалық ресурстармен жеткілікті дәрежеде қамтылмаған, сондықтан да өндірістік жүйені жоғары деңгейде қалыптастыру үшін шетел капиталын тартуға біз мүдделіміз.

Тәуелсіздігін алған соң, Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тартудың тәртібіне байланысты бірнеше нормативтік актілер қабылданды. Алайда, заңнама жиі өзгерістерге ұшыраған соң шетел жұмыс күшін тартудың тәртібінде рұқсатты алу процедурасына қойылатын талаптар қатаң болды. Осы қатынастарды негізінен «Халықтың көші-қоны туралы» Заң (13.12.97), «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заң (23.01.01.) және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңын іске асыру шаралары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы реттейді.

2000 жылдан бастап, шетел жұмыс күшін тарту үшін квота белгіленді. Заң шығарушылардың квота енгізуі біздің пікірімізше бұл қатынастар шеңберіндегі ақаулықтарды жойды. Квотаны енгізу туралы мәселеге мемлекеттің еңбек, халықты жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау органдары өздерінің бірнеше жобаларын ұсынды. Осы органдардан басқа қазақстан-

дық кәсіпкерлер мен шетел инвесторларының өкілдері жобаларға өз түсініктемелерін және ұсыныстарын білдірді. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің №836 қаулысымен (19.06.01) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат берудің шарттары мен тәртібі бекітілді.

Квота белгілеу тәртібі

Уәкілетті органдар жыл сайын бірінші қазанға дейінгі мерзімде жұмыс берушілер өтініштерінің негізінде орталық атқарушы органға жұмыс берушінің алдағы жылға арналған шетелдік жұмыс күшін тарту негіздемесін орталық атқарушы орган белгілеген нысан бойынша ұсынады.

Мүдделі орталық атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу жөніндегі ұсыныстарын орталық атқарушы органға енгізе алады.

Орталық атқарушы орган уәкілетті органдар мен мүдделі орталық атқарушы органдар ұсыныстарының негізінде жыл сайын бірінші желтоқсанға дейін алдағы жылға арналған квота белгілеу туралы нормативтік құқықтық келісімнің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізеді.

Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстан Республикасы халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігі тартылатын шетел еңбек күшіне жалпы квота береді, ал оның арнайы есебін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Сондай-ақ оларға тартылатын шетел жұмыс күшінің қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру жүктелген. Демек, әрбір жергілікті атқарушы орган нақты сол аумақтың еңбек нарығына қажетті мамандарды тартуға ұсынады. Бірақ, іс жүзінде еңбек нарығына қажетті сирек кездесетін мамандық иелері аздық етеді. Дүние жүзіндегі техникалық прогрестің әсерінен жаңа технологиялар шығарылуда. Жаңа технологияларды біздің өндіріске енгізу әрдайым жұмыстың тез, әрі сапалы орындалуына әкеледі. Нарықтық экономикаға көшкен Республикадағы ірі кәсіпкерлерді аталмыш мәселе қызықтырады. Олар өз бизнестерін қарқынды дамыту үшін және нарықта ұсынысқа ие болу үшін осы технологияларды жетік білетін мамандарды ішкі еңбек нарығында іздеуге күш салады. Бірақ, ондай маманды біздің нарығымызда табуға мүмкін емес деп айта аламыз. Сондықтан да, жұмыс берушілер сырттан маман тартуға мәжбүр болады. Тәжірибеде

уәкілетті органның лауазымды адамдары жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартудың нысаналығына байланысты көптеген күрделі талаптар қойған. Өз кезегінде жұмыс беруші бұл жағдайдан шығу үшін пара беруге жүгінген.

Соңғы өзгертулерде жоғарыда аталған мәселелер шешімін тапты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 322 қаулысына 3 тарау енгізілді. «Квота бөлу» орталық атқарушы органы Қазақстан Республикасының Үкіметі квота белгілеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 15 күн ішінде осы облыстардағы, Астана және Алматы қалаларының арасында еңбек нарығындағы ахуалды және өндірісті дамыту және инвестициялау жобаларын, оның ішінде шетелдік капиталды қарастыра отырып іске асыру, сондай-ақ прогресивті шетелдік технологияларды енгізу үшін тиісті облыс, Астана мен Алматы қалалары экономикасының жұмыс күшіне қажеттілігін ескере отырып, республиканың экономикалық белсенді халқынан пайыздық қатынаста бөледі.

Орталық атқарушы орган бекітілген квотаны облыстарда, Астана мен Алматы қалаларының арасында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота шегінде қайта бөлуді жүзеге асыра алады. Атап өтсек, квота бөлу тарауында тек орталық атқарушы орган шешеді деп көрсетілген. Біздің пікірімізше, «уәкілетті органдардың ұсынысымен» деген толықтыру қажет.

Ереженің күші:

- 1) шетелдік заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының немесе өкілдіктерінің 1-ші басшы болып қызмет істейтін;
- 2) мерзімі бір күнтізбелік жыл ішінде жиынтығы 45 күнтізбелік күннен аспайтын іссапарда жүрген;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметімен ақшалай баламасы 50 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция сомасына келісімшарттар жасасқан ұйымдардың 1-ші басшылары және Қазақстан Республикасының қызметтің басым түрлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыратын әрі инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісімшарт жасасқан заңды тұлғаларының 1-ші басшылары болып қызмет істейтін;
- 4) банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының 1-ші басшылары болып жұмыс істейтін;
- 5) дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген консулдық мекемелердің қызметкерлері болып табылатын;

6) қайырымдылық және ізгілік көмек көрсету мақсатымен келетін;

7) Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері болып табылатын;

8) шетелдік ұйымдарға тиесілі теңіз және өзен кемелері, әуе, теміржол және автомобиль көлігі экипаждарының мүшелері болып табылатын;

9) әртістер мен спортшылар болып қызмет істейтін;

10) жеке кәсіпкерлер болып табылатын;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;

12) босқын мәртебесін немесе Қазақстан Республикасының аумағында саяси баспана алған шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.

Рұқсатты алған соң, жұмыс беруші тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін растауға кіріседі. Жұмыс беруші рұқсаты болған кезде шетелдік қызметкерлермен Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес, еңбек шарттарын жасасады. Жұмыс беруші рұқсат алған күннен бастап, 3 айдан кешіктірмей тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін қалыптастырады және оларды уәкілетті органға ұсынады. Сондай-ақ, жұмыс беруші тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін: тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жылын, азаматтығын, тұрақты тұратын елін, баратын елін, мамандығы мен білімін Қазақстан Республикасында қолданылатын орталық атқарушы орган бекітетін жұмысшылар жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына және 01-99 «Кәсіптер сыныптаушы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптаушысына сәйкес кәсіптер мен лауазымдарының атауларын көрсете отырып, бес дана жасайды. Тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізіміне:

1) білімі туралы құжаттарының нотариалды расталған аудармалары;

2) медициналық анықтамалары;

3) қызметкердің еңбек қызметін жұмыс беруші растайтын құжаттар;

4) жасалған еңбек шартының көшірмесі;

5) рұқсаттың мерзімі аяқталғанда шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан тысқары шығуына кепілдік беретін құжаттар қоса беріледі.

Уәкілетті орган құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін қарағаннан кейін, олар берілген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде жұмыс беруші берген тізімдерді растайды. Шетелдік қызметкерлермен еңбек шарты рұқсаттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін бұзылған жағдайда, жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшінің өзгертілген, уәкілетті орган растаған тізімі негізінде сол санат пен біліктілік бойынша тарта алады.

Уәкілетті орган тізімдер расталған күннен бастап, оларды 5 жұмыс күні ішінде орталық атқарушы органның, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдарына ұсынады.

Тізімдерді растау мынадай жағдайларда жүзеге асырылмайды:

1) құжаттарды сәйкес толық және тиесілі ұсынбағанда;
2) тартылатын шетелдік жұмыс күші талап етілетін санат пен біліктілікке сәйкес болмауы;

3) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (13.12.97.) 22-бабында көзделген негіздер бойынша;

4) тартылатын шетелдік жұмыс күші үшін визалық колдау жұмыс берушіде уәкілетті орган растаған тізімдер қоса берілген рұқсат болған кезде жүзеге асырылады;

5) жұмыс беруші рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанда шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан тысқары шығуын қамтамасыз етеді.

Аталмыш ережеде жұмыс берушіге рұқсат қандай мерзімге берілетіндігі көрсетілмеген. Бірақ рұқсат мерзімін ұзарту және рұқсатты тоқтата тұру және қайтарып алу мәселелері жеке-жеке қарастырылып реттелген. Біздің ұсынысымыз ережеге әрбір санатқа сәйкес рұқсат мерзімін немесе өзгеше тәртіппен рұқсат мерзімін бекітіп, енгізу қажет сияқты.

Рұқсат мерзімін ұзартуды уәкілетті орган жұмыс берушінің өтініші бойынша тиісті облыс, Астана мен Алматы қалалары үшін бөлінген квота шегінде жүзеге асырады. Рұқсаттың мерзімін ұзарту 1-ші санат үшін екі рет, екінші санат үшін бір рет жүзеге асырылады. Үшінші және төртінші санаттар үшін рұқсаттың мерзімін ұзарту жүзеге асырылмайды.

Рұқсаттың мерзімін ұзарту үшін жұмыс беруші рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 20 күн бұрын уәкілетті органға мынадай құжаттарды: өтінішті, рұқсаттың түпнұсқасын, уәкілетті орган растаған шетелдік жұмыс күшінің тізімдерін, бұрын берілген рұқсаттың ерекше шарттарының орындалуы туралы ақпаратты, рұқсаттың мерзімін ұзарту негіздемесін жібереді.

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар негізінде құжаттар берілген күннен бастап, 10 жұмыс күні ішінде рұқсаттың мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды және жұмыс беруші мен орталық атқарушы органды қабылдаған шешім туралы 5 жұмыс күні ішінде бас тартқан жағдайда себебін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

Рұқсаттың мерзімін ұзарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылмайды:

- 1) егер құжаттар толық және тиесілі ресімделмесе;
- 2) бұрын берілген рұқсаттың ерекше шарттары орындалмаса;
- 3) бөлінген квотадан асып кетсе.

Уәкілетті орган міндетті түрде себебін көрсете отырып, рұқсаттың қолданылуын 3 айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға немесе рұқсатты қайтарып алуға құқылы.

Рұқсатты уәкілетті органдар тоқтата тұрады: жұмыс беруші рұқсат берудің ерекше шарттарын орындамаған; шетелдік жұмыс күші рұқсатта көзделген саннан артық тартылған; тартылатын жұмыс күші тізімдерінде көрсетілмеген шетелдік жұмысшылар мен мамандар тартылған жағдайларда жүргізіледі.

Тоқтатыла тұрған рұқсаттың қолданылуы уәкілетті органның шешімі бойынша анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін қалпына келтіріледі, бұл туралы жұмыс берушіге қалпына келтіру туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады.

Уәкілетті орган рұқсатты қайтарып алуды уәкілетті орган рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаған, сондай-ақ үш ай ішінде тартылатын шетелдік жұмыс күшінің тізімдері немесе белгіленген есеп беру ұсынылмаған жағдайда жүргізеді.

Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер кейіннен заңсыз еңбекші-иммигранттарға айналып кетпеуі үшін және жұмыс беруші өзіне жүктелінген арнайы міндеттерді толық, уақытында орындау мақсатында жұмыс беруші рұқсатты алған-

нан кейін уәкілетті органға ай сайын шетелдік жұмыс күшін тарту туралы және Ереженің 13-тармағына сәйкес ерекше шарттардың орындалуы туралы ақпарат ұсынады. Уәкілетті орган орталық атқарушы органға ай сайын шетелдік жұмыс күшін тарту, жұмыс берушінің рұқсаттың ерекше шарттарын орындауы жөнінде орталық атқарушы орган белгілейтін нысан бойынша есеп ұсынуы қажет. Біздің пікірімізше, бақылаудың тәртібін қатаң қойған өте пайдалы, себебі қатаң бақылау бар жерде біріншіден, тәртіп, екіншіден, міндеттер жетік дәрежеде орындалады. Сондай-ақ, Ереже шарттарының орындалуын бақылауды орталық атқарушы орган мен аумақтық органдары, уәкілетті орган өз құзыреті шегінде жүзеге асырады. Орталық атқарушы орган бөлінген квотаның өңірлер бойынша сақталуын бақылайды. Уәкілетті орган мен орталық атқарушы органның аумақтық органы жұмыс берушінің рұқсат берудің ерекше шарттарын орындауын және жұмыспен қамту туралы заңнаманың орындалуын бақылайды.

Осы Ережеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктейді. Жұмыс берушіге тәртіптік, азаматтық және қылмыстық жауапкершіліктер қолданылады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 396-бабы (30.01.01) Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалану ережелерін бұзуға арналған.

Қазақстан Республикасы аумағына уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз немесе оны алдау жолымен алып өз бетімен келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды (жасырын иммигранттарды) жұмыс берушінің жұмысқа қабылдауы, сондай-ақ лауазымды адамдардың жасырын иммигранттарға қатысты нотариалдық немесе қандай да бір өзге де заңдық (құқық туғызушылық) іс-әрекеттер жасауы — азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің 10-нан 20-ға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға — 20-25-ке дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға 300-500-ге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалану ережелерін бұзуы Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, айлық есептік көрсеткіштің 20-25 дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Көшіп келу ережелерін бұзу

Көшіп келушінің көшіп келушілерді бақылау бекеті жанындағы уақытша ұстау орнында тұрудан, көшіп келушілерді уақытша орналастыру орталығынан, уақытша болу үшін көші-қон қызметінің аумақтық органы белгілеген орында тұрудан жалтаруы, сол сияқты оның Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәртебесін анықтау кезінде сонда тұру ережелерін бұзуы, ескерту жасау немесе Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып немесе онсыз айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 32-бабы талап қоюшының тандауы бойынша соттың соттауына жатқызу. Жалақыны, зейнетақыны және жәрдемақыны өндіріп алу туралы талаптар, сондай-ақ заңсыз соттаудан, қылмыстық жауапқа заңсыз тартудан, бұлтартпау шараларын заңсыз қолданудан не әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан азаматқа келтірілген зиянды өтеуге байланысты еңбек, зейнеткерлік және тұрғын үй құқықтарын қалпына келтіру туралы талаптар талап қоюшының тұратын жері бойынша қойылуы мүмкін. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға дау айту жөніндегі талаптар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша да қойылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзу

1. Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды жұмыс берушінің жұмысқа бірнеше рет қабылдауы, 500-700 АЕК-ке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның 5—7 айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табыс мөлшерінде айыппұл салуға не 100—200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға жазаланады.

2. Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасында шетел жұмыс күшін пайдалану ережелерін бірнеше рет бұзуы 700—900 АЕК-ке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның 7 айдан 7 жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде айыппұл салуға не 140 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға жазаланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (16.07.97) 148-бап Еңбек туралы заңдарды бұзу

1. Қызметкерді жеке пиғылмен жұмыстан заңсыз босату, соттың жұмыста қайта қалпына келтіру туралы шешімін орындамау, сол сияқты азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келуіне әкеп соққан еңбек туралы заңдарды өзге де бұзу — 100—200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның 1 айдан 2-айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не 5 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

2. Басқару қызметін атқарушы адамның ақша қаражатын өзге мақсаттарға пайдаланумен байланысты жалақының толық көлемінде және белгіленген мерзімде тәленуін бірнеше рет кідіртуі 300—700 АЕК-ке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның 3—7 айға дейінгі кезеңдегі жалақысы мөлшерінде айыппұл салынады немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

152-бап. Еңбекті қорғау ережелерін бұзу мәселелеріне арналған. Демек, Қазақстан Республикасы заңнамасы жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы қатынастарды жан-жақты реттейді және қорғайды. Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы заңы (22.12.93) мен Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңдарының нормалары жұмысшының құқықтарын қорғайды.

Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы Заңы» Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек қатынастарын реттейді. 3-бапта: «Егер Конституцияда, заңдарда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы заңның күші Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады» делінген, яғни жұмыс беруші мемлекеттің заңы келген еңбекші-иммигранттарға таралады.

Мысалы, «Шетел инвестициялары туралы» Заңда (27.12.94) Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін шетел азаматтарының еңбек қатынастары 24—25-баптарымен реттелген.

24-бап. Еңбек қатынастары

Шетел қатысатын кәсіпорындарда жұмысқа жалдау мен босату, еңбек пен демалыс режимі мәселелерін, еңбекке ақы төлеу, кепілдіктер беру мен өтемақы төлеу ережелерін қоса алғанда, өндірістік және еңбек қатынастары ұжымдық шартпен (келісіммен) де, жеке еңбек шарттарымен де реттеледі.

Ұжымдық шарт (келісім) пен еңбек шарттарының ережелерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ережелермен салыстырғанда осы кәсіпорын қызметкерлерінің жағдайын нашарлатпауы керек.

Шетел қатысатын кәсіпорындағы кәсіптік одақтардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдары негізінде жүзеге асырылады. Демек, *lex voluntatis* коллизиялық байланым орын алады.

25-бап. Шетелдік қызметкерлерді тарту

Шетел қатысатын кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілерінің, оның әкімшілігінің, бақылау кеңесі мүшелерінің құрамына шетелдік азаматтар кіре алады.

Шетел қатысатын кәсіпорындарының шетелдік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, оларға демалыс беру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері олардың әрқайсысымен жасалатын жеке еңбек шарттарында шешілуге тиіс. Осы қызметкерлер өздерінің шетелдік валютамен алатын жалақысын тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін шет мемлекеттерге аудара алады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын тұрғылықты жері жоқ шетелдік қызметкерлермен еңбек қатынастарына, егер еңбек шартын (келісімшартын) жасаушы тараптар оны жасасқан кезде немесе бұдан былайғы келісім негізінде еңбек қатынастарының жекелеген элементтерін реттеп отыратын елдің заңдарын тандап алмаған болса, Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

Қазақстан Республикасының еңбек заңдарының императивтік қалыптары қолданылатын мәселелерге шетелдік заңдар қолданылмайды, яғни жалпы *lex voluntatis* байланымын қолданбағанда, *lex loci laboris* қосымша байланым ретінде іске қосылады. Соңғы өзгерістерді қарастырсақ, заңның атауы өзгертілді «Инвестициялар туралы» Заңда (8.01.03) 4, 25-баптар жойылды және шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері ұлттық заңнамаға сәйкес реттеледі.

Шетел жұмыс күшін Қазақстанда тартқанда ерекше кәсіпорындарда білікті мамандардың жетіспеушілігі мәселесін шешуге ұмтылады. Бұл салаларға машина құрылысы, білім беру, құрылыс салу жатады. Құрылыс салуда әрбір шетел компаниясы немесе ұлттық компаниялар білікті шетел мамандарының санын құрылыс мердігерлікке тартады. 1990 жылдардан бастап

Қазақстанның ірі қалаларында құрылыс салу басталды. Құрылысшылар көбінесе Түркия мен Үндістаннан тартылды, ал отанымыздың құрылысшылары бұл жұмыстарға алынбады. Енді соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел мердігерлері орындайтын жұмысы бар келісімшарттарды жасасқанда жұмысшылардың 70%-дан кем емесі қазақстандықтардан алынуы тиіс деп отыр. Әлбетте, іс жүзінде шетелдіктер келісімшарттарын орындағысы келмей, жергілікті жұмысшылардың біліктілігінің төменгі дәрежеде екендігін себеп тұтып, өз жұмысшыларын тартады. Лицензияланған жұмыс күші жоғары жалақы алатын жұмысшылар санатына жатады. Мысалы: 1996 жылы Еңбек министрлігі 5,5 мың адамға 467 лицензия берді, оның ішінде 4,2 мың – шетел мемлекеттерінен, 1,3 мың – ТМД мемлекеттерінен. Шетелдік жұмыс күшінің көп бөлігі Үндістан, Түркия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Болгариядан келді. Негізгі тобы құрылыста, мұнай-газ өнеркәсіптерінде жұмыс істеді. Импорттаушы мемлекеттердің ішінен Түркия, Қытай бірінші орында тұр.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензиялар берудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы № 862 қаулысымен бекітілген. Занды және жеке тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін осындай қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы болуы тиіс. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия беруді Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (Алматы қаласы бойынша – Алматы қаласының органы) жүргізеді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке арналған лицензия:

1) қызмет ауқымы бойынша – қолдану мерзімі шектеусіз берілетін бас лицензия болып табылады;

2) аумақтық сала бойынша – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі берген шетелдік жұмыс күшін әкелуге арналған лицензияға сәйкес Қазақстан Республикасы шетелдік азаматтардың келуіне ашық, барлық аумағында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде (Алматы қаласынан басқа) қол-

данылады. Алматы қаласының атқарушы органы берген лицензия Алматы қаласының аумағында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қолданылады. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар керек:

1) белгіленген үлгідегі өтініш;

2) лицензиаттың қызметтің лицензиялайтын түрімен айналысу құқығына арналған біліктілік талаптарына сай екендігін растайтын құжаттар;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым енгізілгенін растайтын құжат ұсыну қажет. Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, лицензияны Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары сияқты шарттармен алады.

Заңды тұлғалардың өтініші бойынша шешім бір ай мерзімнен, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өтініш берілген күннен бастап 10 күндік мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

Лицензия, егер:

1) қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға аталған субъекті үшін заң актілерімен тыйым салынса;

2) лицензиялар туралы заңдарына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса;

3) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші белгіленген біліктілік талаптарына сай жауап бермесе;

5) өтініш берушіге қатысты соттың оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салынатын шешімі болса берілмейді.

Лицензия беруден бас тарту туралы шешім лицензия беру үшін белгіленетін мерзімде өтініш иесіне жазбаша түрде жіберіледі.

Лицензия иеліктен шығарылмайтын, яғни лицензия басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайтын болып табылады.

Лицензияны кері қайтарып алу

1) лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаған;

2) сот лицензиатқа қызметтің оның жүзеге асыруға лицензия бар түрімен айналысуға тыйым салған;

3) ол бойынша лицензиар лицензияның қолданылуын уақытша тоқтатқан себептері жойылмаған жағдайларда сот тәртібімен жүргізіледі.

Лицензиат тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға құқылы. Лицензияның қолданылуы анықталған жайсыздықтар жойылғаннан кейін лицензиардың шешімі бойынша жаңартылады, ол туралы, лицензиарға жазбаша түрде хабарланады.

Лицензия кері қайтарылып алынған немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайларда кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына арналған алым қайтарылуға жатпайды.

Лицензиаттың лицензияның тоқтатыла тұруына және кері қайтарылуына байланысты барлық мәселелер бойынша лицензиардан жазбаша түрде растау алуға құқығы бар. Сондай-ақ лицензиат лицензияның берілуі, кері қайтарылып алынуы, қолданылуының тоқтатыла тұруы және жаңартылуы туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ақпарат береді.

Лицензияны жоғалтып алған жағдайда, көшірме лицензия белгілеген шарттарға сәйкес беріледі.

Лицензиялық нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның аумақтық органдарына жүктеледі. Лицензия алмастан шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін шетелге шығаруға байланысты қызметке тыйым салынады. Лицензиялық нормалар мен осы тәртіпті бұзу — Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеліп соғады.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызметте лицензия алуға үміткер заңды тұлғаға (өтініш берушіге) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

Өтініш берушінің штатында жоғары және арнайы заңгерлік білімі бар кем дегенде бір маманның болуы, үй-жайы, компьютерлері және еңбек биржасымен, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық жабдықтары болуы.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты қызметте лицензия алуға үміткер жеке тұлғаға (бұдан әрі — өтініш беруші) мынадай біліктілік талаптары қойылады:

Халықты жұмыспен қамту саласында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендігі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және кәсіптік қызметін жүзеге асыруының тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы № 862 қаулысымен бекітілген.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (шетелдік азаматтар) жұмыс берушімен жасалған келісімшарттың (еңбек шартының) негізінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек және кәсіптік қызметті жүзеге асыра алады.

Шетелдік азаматтар, егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы лауазымға тағайындалуы немесе қызметтің осы түрімен айналысуы Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігіне байланысты болса, жекелеген лауазымдарға тағайындалады немесе еңбек қызметтің жекелеген түрімен айналыса алмайды. Шетелдік азаматтардың еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты құқығы болады және сондай жауаптылықта болады.

Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеуінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс беруші мен шетелдік азамат арасында жасалған келісімшарттың тараптарымен айқындалады.

Келісімшарт (еңбек шарты) міндетті түрде жұмыс беруші мен қызметкерлер туралы деректерді, келісімшарттың нысаны туралы шартты, еңбекақы төлеудің, жұмыс және демалыс уақытының, өмірі мен денсаулығын сақтандырудың, жұмыстағы жазатайым оқиғалардан сақтандырудың шарттарын, тараптардың міндеттемелерді орындауы мен жауаптылығын, еңбек дауларын шешудің тәсілдері туралы, қызметкерді тұрақты тұратын жеріне жұмыс берушінің есебінен қайтару туралы, келісімшартты қолданудың және оны бұзудың мерзімдері туралы негізгі шарттарды қамтуға тиіс. Келісімшарттың өзге шарттарын тараптар айқындайды.

Жұмыс берушілер орталық атқарушы органнан белгіленген квоталар шегінде берілетін шетелдік азаматтарды тартуға рұқсат алуға міндетті.

Орталық атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы шешім қабылдаған кезде мемлекеттің ішкі еңбек нарығын қорғау жөніндегі мүдделерін басшылыққа алады.

Егер:

1) бұл адамдар ресми дипломатиялық, консулдық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың құрамына кіретін болса;

2) бұл адамдар арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын болса;

3) бұл адамдар Қазақстан Республикасында ресми тіркелген бірлестіктердің діни қайраткерлері болатын болса;

4) бұл адамдар шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері болып табылатын болса және Қазақстан Республикасында тіркелген болса;

5) бұл адамдар Қазақстан Республикасында тұруына ықтияр хаты болса шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат талап етілмейді. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат (еңбек шартының) қолданылу мерзіміне беріледі.

Жұмыс берушілер өздері орналасқан жері бойынша уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тарту үшін қажетті құжаттармен қоса орталық атқарушы органның атына өтініш беруі тиіс.

Өтінішке тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жылын, шыққан елін, мамандығы мен білімін, Қазақстан Республикасында қолданылатын қызметтердің, мамандықтардың және жұмыстардың бірыңғай тарифтік анықтамалығына сәйкес шақырылатын қызметтері көрсетіле отырып, жұмыс берушілердің қолы мен мөрі бар 5 данада әкелінетін, жұмыс күшінің тізімі, жұмыс берушінің жалданушы қызметкерлермен еңбек шартының көшірмесі, халықаралық үлгідегі медициналық анықтама — ВИЧ-ке тексеру анықтама қоса беріледі.

Шетелдік жұмыс күші, тартылған жері бойынша уәкілетті органдар ұсынылған құжаттар негізінде, 2 аптадан аспайтын мерзім ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты берудің мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды шығарады және оны осы ұсынылған құжаттармен бірге орталық атқарушы органға жолдайды.

Орталық атқарушы орган жұмыс берушілердің шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтінішін 2 аптадан аспайтын мерзімде, ал шағын субъектілер үшін 10 күннің ішінде қарайды. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімі лицензиар шешім қабылдаған күннен бастап есептеледі.

Жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру:

1) талап етілетін құжаттарды ұсынбаған;

2) құжаттардың ресімделуінің осы тәртіптің шарттарына сәйкес келмеуі жағдайында жүзеге асырылады.

Орталық атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаттар туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне, Шекара әскерлерінің қолбасшылығына хабарлайды.

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда немесе келісімдерде жұмыс күшін ауыстырудың өзгеше ережелері белгіленген жағдайда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. *Сапиев Б.* Вопросы миграции трудовых ресурсов в Казахстане// Труд в Казахстане. 2004. № 12.

2. *Чукмантова Л. Д.* Коллизионные нормы в трудовых отношениях в международном частном праве. Актуальные проблемы современного гражданского права. Алматы, 2002. 2 том.

3. *Сарсембаев М.А.* Международное частное право. Алматы: Данекер, 1998.

4. Международное трудовое право. Алматы: Данекер, 2000.

5. *Жарасбаева Г.М.* К вопросу о миграции населения//Фемида № 2. 2003

6. *Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жыл. Алматы: Атамұра, 2003.

7. «Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы (19.06.95).

8. *Раисов У.* Регулирование международной миграции рабочей силы в условиях глобального рынка труда// Саясат. 2003. № 11.

9. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат берудің шарттары мен тәртібі туралы Үкімет № 862 қаулысы 19.06.01 (17.02.04 өзгерістер).

10. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (30.01.01).

11. Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензиялар берудің тәртібі туралы № 862 қаулы (25.06.95).

12. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік еңбек және кәсіптік қызметін жүзеге асыруының тәртібі туралы Үкімет № 862 қаулысы (25.06.99).

13. International Migration and Developing countries in R Appleyard (ed) The impact of international Migration and Developing Countries, Paris: Organization for Economic Cooperation and Development 1989.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ

§ 1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ БІР ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

Халықаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық шарттарды орындау барысында тараптардың арасында даулар пайда болады. Бұл даулар көбінесе шартта көрсетілген міндеттерді орындамауға байланысты туындайды.

Сыртқы сауда тәжірибесі көрсеткендей бұл даулардың көпшілігі тараптардың өзара келісімдері арқылы шешіледі. Егерде даулар тараптардың өзара келісімдері арқылы шешілмесе, онда дау үшінші немесе арбитраж соттың қарауына беріледі.

Халықаралық сыртқы саудада пайда болатын даулар екі түрге бөлінеді. Ол бірнеше мемлекет арасында пайда болатын даулар, яғни үкіметаралық экономикалық келісімдер орындалмағаннан туындайтын даулар. Бұл даулар келіссөздер арқылы немесе үшінші мемлекеттің делдалдық қатысуымен шешіледі. Сондай-ақ аралық немесе халықаралық соттарда шешіледі. Екінші шаруашылық жүргізетін субъектілердің арасындағы туындайтын даулар. Олар аралық соттарда егер келісімге ескертпе болған жағдайда қаралады. Ал егер ескертпе болмаған жағдайда немесе екі тарап келіскен жағдайда дауларды жалпы соттарда яғни мемлекеттік соттарда, жауапкердің немесе мүліктің тұрған жері бойынша, сондай-ақ басқа соттылығы бойынша қарастырады.

Бұл жерде тағы бір айтатын жәйт – ол халықаралық арбитраж және мемлекеттік арбитраж – әр түрлі ұғымды анықтайды. Халықаралық коммерциялық арбитраж – ол халықаралық сыртқы саудада келіссөздерден туындайтын дауларды қарайды. Ал мемлекеттік арбитраж ол мемлекеттің ішіндегі субъектілердің арасындағы дауларды қарайтын сот. Халықаралық коммерциялық арбитраж дегеніміз – ол түрлі мемлекеттерден шыққан тараптардың немесе шетелдік элементі бар тараптардың арасындағы дауды тараптардың өздері тағайындаған бейтарап арбитражлардың немесе арбитраждың шешу тәсілі. Оның шешімі міндетті күшіне ие болады.

Халықаралық коммерциялық арбитраждың жалпы мемлекеттік соттан айырмашылығы.

1. Халықаралық коммерциялық арбитражды тараптар өздері тағайындайды.

2. Халықаралық коммерциялық арбитражда дау жабық түрде жүргізіледі, ал мемлекеттік сотта дау ашық және жабық түрде де жүргізіледі.

3. Халықаралық коммерциялық арбитражда даулар қысқа мерзімде шешіледі, ал мемлекеттік сотта көптеген процедура-лардан өту керек.

4. Халықаралық коммерциялық арбитраж дауды өздерінің жеке ережелерімен және тараптардың келіскен материалдық құқықтарымен шешеді, ал мемлекеттік сот өз елінің материал-дық құқығына жүгінеді.

Арбитраждың тағы бір ерекшелігі оған шағым талап қоюға болмайды. Арбитраждың шешімі міндетті күшке ие және соңғы шешім болып табылады, оған шағым жасалмайды. Дауды шешу үшін үшінші сотқа беру кезінде арбитраждық келісім керек. Арбитраждық келісім — тараптардың арасында нақты құқықтық қатынасқа байланысты өзара туындаған немесе туындауы мүмкін белгілі бір немесе барлық дауды оның шарттың немесе керісінше сипатына қарамастан арбитражға беру туралы келісім. Арбитраж туралы шарттар қойылған келісім арбитраждық еске-ру деп аталады. Ескеруде тараптар дау туындаған кезде қан-дай арбитражға жүгінетінін және қандай тәртіппен қарайтынын көрсетеді. Арбитраждық келісімнің ерекшелігі ол тараптар үшін міндетті және сол көрсеткен арбитражға ғана жүгінеді. Халық-аралық сыртқы сауда тәжірибесінде арбитраждық келісімінің заңды күші туралы сұрақтар туындайды. Мысалы: Францияда сотқа қарсылық білдіре алатын, сотта істі қысқартуға келісім беретін арбитраждық келісімдер танылады. Сондай-ақ шетел арбитражының шешімін орындау үшін оның орындалуы тиісті жердің азаматтық сот өкілінің үкімі қажет.

Жалпы, арбитраждық келісім өзіндік автономиялық заңды күші бар келісім. Яғни, бұл дегеніміз арбитраждық келісімінің растығы жасалған шарттың растауына байланысты емес.

1958 жылғы «Шетел арбитражының шешімін тану және орындау туралы» Нью-Йорк конвенциясы және 1961 жылғы «Сыртқы сауда арбитражы туралы» Еуропалық конвенцияға сәйкес арбитраждық келісім жазбаша жасалған ескерту, сон-дай-ақ, тараптардың арасында хат, телеграмма арқылы жасал-ған келісім болып табылады.

§ 2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН МАҢЫЗДЫ АКТІЛЕРДІҢ МАЗМҰНЫ

Халықаралық тәжірибеде коммерциялық арбитраждың екі түрі бар: 1) уақытша ad hoc; 2) тұрақты (институционалды).

Ad hoc – шарттан туындаған дауды шешу үшін арнайы құрылған арбитраж.

Тұрақты – белгілі бір арбитраждық мекемемен байланысты, яғни тұрақты жұмыс істейтін арбитраж.

Тұрақты арбитраж өзінің ережесімен жұмыс жасайды және өзінің тәртібі мен процедуралары бар. Оның ерекшелігі, ол өзін құрған органның іс жүргізу тәртібін қолданады. Қазіргі кездегі белгілі тұрақты арбитраждар: Лондондағы төрелік сот, Париждегі халықаралық сауда палатасының халықаралық коммерциялық арбитраж соты, Стокгольмдегі сауда палатасының арбитраж институты. Ал Қазақстан Республикасында сыртқы саудалық дауды шешетін Жоғарғы Сотының шаруашылық істері жөніндегі коллегия және ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес 1993 жылғы 5 қазанда құрылған ҚР Сауда өндірістік палатасы құрамындағы Арбитраж комиссиясы құрылған. Алайда, заманның өзгеруіне байланысты, 2004 жылғы 28 желтоқсанда «Халықаралық коммерциялық арбитраж» туралы Заң қабылданды, осыған сәйкес Халықаралық коммерциялық арбитраж соты құрылды, бірақ бұл сот әлі жұмысын бастаған жоқ.

Уақытша арбитраждық сот нақты істерді қарау үшін тараптардың өздері құратын сот. Тараптар істі шешудің тәртібін де өздері тандайды. Жалпы уақытша арбитраждың қызмет жасайтын үш регламенті белгіленген:

1. 1986 жылы қабылданған Еуропаға арналған БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссияның арбитраждық ережесі;
2. 1966 жылы қабылданған Азия мен Африкаға арналған ЭКАДВ БҰҰ-ның экономикалық комиссиясының халықаралық коммерциялық арбитражының ережесі;
3. 1976 жылы қабылданған халықаралық сауда құқығына байланысты БҰҰ комиссиясының арбитраждық регламенті ЮНСИТРАЛ.

Уақытша арбитраждық сот нақты дауды шешкен соң өз жұмысын тоқтатады.

§ 3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ШЕТЕЛ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІН ТАНУ МЕН ОРЫНДАУ

Арбитражға жүгіну туралы тараптардың арасында жасалған шартта істі қараудың тәртібі, арбитраждық келісімнің міндеттілігі және оған шағым жасалуға жатпайтындығы көрсетіледі. Бірақ, осыған қарамастан халықаралық сауда тәжірибесінде арбитраждық келісімді орындамау жағдайлары кездеседі. Осыған байланысты 1923 жылы Арбитраждық келісім туралы Хаттама және 1927 жылы Арбитраждық келісімді мәжбүрлеп орындату туралы Женева конвенциясы қабылданды. Қазіргі таңда бұл Хаттама мен Конвенцияның заңды күші жоқ. Олардың орнына 1958 жылы 10 маусымда Нью-Йоркте шетел арбитраж шешімдерін тану және орындау туралы Конвенция қабылданды. Бұл конвенцияның маңыздылығы, шетел арбитраж шешімдерін орындамауының кепілі болды. Айтылып кеткендей бұл конвенция жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады. Конвенция белгілі бір мемлекетте ішкі шешім болып табылмайтын арбитраждық шешімдерге де қолданылады, демек конвенция тек аумақтық емес сонымен қатар, ұлттық критерий бойынша да қолданылады. Конвенцияның үшінші бөлімінде осы Конвенцияға қосылған мемлекеттер арбитраждық шешімді міндетті түрде таниды және өз аумағындағы іс жүргізу заңдары сәйкес болу керек делінген.

Ал Конвенцияның бесінші бөлімінде қандай жағдайларда шешімнің орындалуына қарсылық білдіретіндігі көрсетілген:

1) шешім шығарған жердің заңы бойынша тараптың біреуі әрекетке қабілетсіз болса және шешімнің заңсыз болуы;

2) арбитраждық талқылау туралы мүдделі тұлғаларға хабарламауы;

3) арбитраждық келісімдегі шартқа қатысты емес немесе арбитраждық ескертуге сәйкес келмейтін дауларға байланысты шығарылған шешімдері;

4) арбитраждың орналасқан жерінің заңы бойынша арбитраж органының немесе арбитраж іс жүргізуінің тараптардың келісімімен сәйкес келмеуі;

5) тараптар үшін шешім түпкілікті болып табылмауы;

6) шешім мәжбүрлі түрде орындалатын жердің заңы даудың объектісі арбитраждың іс жүргізу объектісіне жатпауы;

7) (шешімді тану және орындау сол мемлекеттің көпшілік құқығына қайшы келуі.

Осы Конвенцияға қосылған мемлекеттер арбитраждық шешімді тану мен орындауға байланысты басқа екі жақты және көп жақты конвенцияларды қолдана алады.

1961 жылы 21 сәуірде Сыртқы сауда арбитражы туралы Еуропалық конвенция қабылданды. Конвенцияның 6-бабында тараптардың уақытша және тұрақты арбитраждарға жүгіну құқығы көрсетілген. Сондай-ақ, конвенция уақытша арбитражды құрудың тәртібін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы 1995 жылы 4 қазанда 1958 жылғы «Шетел арбитражының шешімін тану және орындау туралы» Нью-Йорк конвенциясына және 1961 жылғы «Сыртқы сауда арбитражы туралы» Еуропалық конвенцияға қосылды. Қазіргі таңда ҚР шетел сотының және арбитраждық шешімдері тану мен орындалуын қамтамасыз ететін өзіндік жүйе құруда. 1992 жылы 2 наурызда Киев қаласында ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші рет шаруашылық қызметке байланысты дауларды қараудың тәртібі туралы көп жақты келісімге отырды. ҚР Жоғарғы Соты бұл келісімді 1992 жылы 2 шілдеде бекітті. Бұл келісімге байланысты осы келісімге отырған мемлекеттің шаруашылықпен айналысатын субъектілері сотқа, арбитраждық сотқа, үшінші сотқа немесе басқа да органдарға жүгіне алады және арбитраж шешімдерін таниды және орындайды.

Екінші көп жақты келісім ТМД мемлекеттері қатысқан 1993 жылы 22 қаңтарда қабылданған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынасқа байланысты құқықтық көмек көрсету туралы Конвенция. ҚР Жоғарғы Соты бұл конвенцияны 1993 жылы 31 наурызда бекітті.

Бұл келісімге байланысты конвенцияға қатысқан мемлекеттердің азаматтары екінші мемлекеттің аумағында болса немесе заңды тұлға сол мемлекеттің аумағында құрылса, онда сол мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары ие құқықтар мен міндеттерді атқарады; азаматтық істер бойынша сот шешімдерін тану мен орындау кезінде бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді; сот шешімдерін орындау сол мемлекеттің іс жүргізу заңымен реттеледі. Шетел арбитражының шешімдерін тану мен орындауға байланысты шаруашылық қызметтің өсуіне байланысты 1992 жылы 27 наурызда Қазақстан Республикасы мен Ресейдің арасында екі жақты келісім жасалды. Шаруашылық субъектілерінің арасындағы дауды қараудың тәртібін мемлекетаралық келісімге сәйкес шешеді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

1-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

§ 1. Халықаралық жеке құқық түсінігі және атауы	4
§ 2. Халықаралық жеке құқықтың мазмұны мен мәні	8
§ 3. Халықаралық жеке құқықтың құқық саласы ретіндегі мәні	13
§ 4. Халықаралық жеке құқықтың құқық жүйесінде алатын орны	14

2-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕ

§ 1. Коллизиялық ереженің түсінігі және маңызы	16
§ 2. Коллизиялық ереженің құрылымы және оның түрлері	18

3-т а р а у. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

§ 1. Жеке тұлғаның жеке заңы	23
§ 2. Жеке тұлғаның құқық қабілетілігі және әрекет қабілеттілігі	27

4-т а р а у. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘМІЛЕНІҢ КОЛЛИЗИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

§ 1. Сыртқы экономикалық мәміленің жалпы сипаттамасы және оның түрлері	32
§ 2. Сыртқы экономикалық мәміленің коллизиялық ережелері және оларды жою шаралары	35
§ 3. Англия, Германия, АҚШ және Франция құқығындағы сыртқы экономикалық мәміленің коллизиялық ережелері	39

5-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ

§ 1. Халықаралық тасымалдау шарты, түрлері, нысаны	44
1.1. Теңіз тасымалдауы	47
1.2. Халықаралық әуе тасымалдауы	49
1.3. Теміржол тасымалдауы	50
1.4. Автокөлік тасымалдауы	50
§ 2. Жүкті тасымалдау шарты бойынша жауапкершілік	51
§ 3. Жолаушыны және теңдеме жүкті тасымалдау	51
3.1. Жолаушыны және теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша жауапкершілік	52

6-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ

§ 1. Отбасы құқығы саласындағы коллизиялық сұрақтар	53
§ 2. Некеге отыру және некені тоқтату	57
§ 3. Ерлі-зайыптылар арасындағы және ата-ана мен бала арасындағы құқықтық қатынастар	63
§ 4. Халықаралық жеке құқықтағы бала асырап алу, қамқоршылық пен қорғаншылық институттары	72

7-т а р а у. ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ ТАУАР ТАҢБАЛАРЫН ҚОРҒАУ

§ 1. Патент құқығының түсінігі мен мазмұны	75
§ 2. Патент берілетін интеллектуалдық меншіктің негізгі объектілері	81
§ 3. Қазақстан Республикасының аумағында интеллектуалдық меншік бойынша әрекет ететін халықаралық конвенциялар	95
§ 4. Патент жүйесін қалыптастыратын халықаралық құқық органдары ...	101
§ 5. Қазақстан Республикасында патент қатынастарын реттейтін ұлттық заңнама	106
§ 6. Қазақстан Республикасында патент қатынастарын жүзеге асыратын органдар	110

8-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

§ 1. Халықаралық жеке құқықтағы еңбек қатынастарындағы коллизиялық байланымдар	114
§ 2. Халықаралық еңбек құқығы мен Қазақстан Республикасының еңбек құқығы	122
§ 3. Шетелдік жұмыс күшін тартудағы мемлекеттің саясаты	130
3.1. Еңбек көші-қонының қазақстандық еңбек нарығының жағдайына және ұлттық заңнамаға әсер етуі	133
3.2. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартудағы көкейкесті мәселелер	140

9-т а р а у. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ

§ 1. Халықаралық коммерциялық арбитраж — халықаралық дауларды шешудің бір жолы ретінде	160
§ 2. Халықаралық коммерциялық арбитраждың қызметін реттейтін маңызды актілердің мазмұны	162
§ 3. Қазақстан Республикасының аумағында шетел коммерциялық арбитражының шешімдерін тану мен орындау	163

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ:

АК – Азаматтық кодекс

АҚЖК – Азаматтық іс жүргізу кодексі

АХАЖ – Азаматтық хал актілерін жазатын бөлім

АҚШ – Америка Құрама Штаты

ГГУ – Герман азаматтық ережелері

Инкотермс – шетелдік коммерциялық терминдер

МКАС – Мәскеу коммерциялық арбитраж соты

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттердің достастығы

ЮНИДРУА – Жеке құқықты унификациялау жөніндегі халықаралық институт

ЮНСИТРАЛ – Халықаралық сауда құқығы жөніндегі БҰҰ-ның комиссиясы

Оқу құралы

Ләззат Бегімжанқызы Нысанбекова

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

Негізгі институттар

(қазақ тілінде)

Редакторы *Б. Хайдаров*

Көркемдеуші-техн. редакторы *И. Таранунец*

Компьютерде беттеген *Ж. Құрманғалиева*

Басуға 24.01.06 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₃₂. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс». Шартты баспа табағы 8,8. Шартты бояулы беттаңбасы 9,2. Есептік баспа табағы 9,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №183

«Жеті жарғы» ЖШС. 050013. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10-үй.

Тапсырыс берушінің дайын диапозитивінен басылды.

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС. 050016. Алматы қаласы, Д.Қонаев көшесі, 15/1.